

Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 446 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 3 тамызда № 15430 болып тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-34) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз жеткізгіште және электрондық нысандағы көшірмесін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді басылымдарда ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.В. Ильинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мырзахметов

2017 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрі

_____ Е. Сағадиев

2017 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

_____ Қ. Бозымбаев

2017 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2017 жылғы 26 маусымдағы
№ 446 бұйрығымен бекітілген

Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) өрт сөндіруді ұйымдастыру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу мәселелерін реттейді.

2. Өртке қарсы қызмет жеке құрамының негізгі міндеті өртте адамдарды, жеке және заңды тұлғалардың мүліктерін құтқару және өртті жою болып табылады.

3. Негізгі тапсырманы орындау үшін бөлімшелердің жеке құрамы мына құралдарды пайдаланады:

өрт сөндіру және авариялық-құтқару автомобильдері, оның ішінде өрт сөндіру мақсаттарына бейімделген автомобильдер;

өрт сөндіру жабдықтары;

құралдар – саймандар (механикаландырылған және механикаландырылмаған);

байланыс және жарықтандыру құралдары;

тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдары (бұдан әрі – ТОЖКҚ);

өрт сөндіргіш заттар;

ғимараттар мен құрылыстарды өртке қарсы қорғау жүйелері;

өртке қарсы сумен жабдықтау көздері (табиғи және жасанды су айдындары, ішкі және сыртқы су құбыры);

зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге арналған құралдар мен жабдықтар.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) авариялық-құтқару жұмыстары – адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды іздеу, төтенше жағдайлар аймағында қалған халыққа медициналық және психологиялық көмек көрсету, төтенше жағдайлар аймағында және әскери іс-қимылдары кезінде қоршаған ортаны қорғау, оқшаулау, басу немесе оларға тән қауіпті факторлардың әсерін мүмкіндігінше ең төмен деңгейге жеткізу бойынша іс-қимылдар;

2) арнайы жұмыстар – арнайы техникалық құралдарды және (немесе) тәсілдерді пайдалана отырып, міндеттерді орындауды қамтамасыз етуге бағытталған жеке құрамның іс-қимылы;

3) бағыттаушы арқан – тыныс алуға (түтіндеген) жарамсыз ортада жұмыстарды жүргізу орнынан таза ауаға шығатын жерге дейін, ал қажет болған кезде кері қарай газ түтіннен қорғаушылардың жүру жолдарын белгілеуге арналған құрылғы;

4) бөлімшенің тактикалық мүмкіндіктері – белгілі уақыт ішінде міндетті тиімді орындайтын, техникалық құралдармен жабдықталған жеке құрамның мүмкіндігі;

5) бөлімшелердің шығу ауданы – шығу кестесінде бөлімшенің өрт сөндіруге шақыру бойынша бірінші кезектегі бағыты көрсетілген аумақ;

6) газ-түтіннен қорғаушы – тиісті оқытудан өткен және тыныс алуға жарамсыз ортада өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша іс-қимылдарды жүргізуге рұқсат етілген өртке қарсы қызмет қызметкері;

7) газ-түтіннен қорғау қызметі буыны – қойылған міндеттері мен тыныс алуға жарамсыз ортада өрт сөндіру мен авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу бойынша іс-қимылдарды жүргізу үшін бірыңғай басшылығы біріктірілген, өрт болған орында қалыптасқан газ-түтіннен қорғаушылар тобы;

7-1) дамыған өрт-белгіленген кеңістік (тік, көлденең, конструкциялар жазықтығы) шегінде барлық жанғыш беттердің өртке толық қатысу кезеңі);

8) жану орнына су беру – өртті жойғаннан кейін жанған конструкциялар мен материалдарды бақылау түрінде бөлшектеу (тексеру) процесіне жалғасатын жану орнын салқындату бойынша іс-қимылдар;

9) жеңқұбыр бөгеуі - жеңқұбыр желісін биіктікте бекітуге арналған құрылғы;

10) жеңқұбыр желісі – өзара аралары қосылған қысымды өрт жеңқұбырлары;

11) жеңқұбыр көпірі - өрт жеңқұбырының үстінен жол көлігі өткен кезде оны бүлінуден қорғауға арналған құрылғы;

12) жиналу және бөлімшеге оралу – өртке қарсы қызмет күштері мен құралдарының өрт орнынан тұрақты орналасу орындарына оралуы бойынша жеке құрамның іс-қимылы;

13) икемді байлам (тіркеуші-арқан) - газ түтіннен қорғаушылардың газ түтіннен қорғау қызметі (бұдан әрі - ГТҚК) буынының құрамында олардың тыныс алуға жарамсыз ортада болған барлық кезеңінде арасын қосуға арналған құрылғы;

14) көбік шашу – бір уақытта бірнеше көбік оқпандарын қолданумен жану аймағына көбікті үздіксіз беру;

15) күштер мен құралдарды өрістету – шығу (өрт) орынға келген өрт сөндіру автомобильдерін өрт сөндіру бойынша міндеттерін орындауға әзірлікке келтіру бойынша жеке құрамның іс-қимылы;

16) күштер мен құралдарды тарту жоспары – аудан деңгейінде өртті сөндіруге тартылатын күштер мен құралдардың құрамын айқындайтын құжат;

17) қарауыл – негізгі және арнайы өрт сөндіру автомобильдерінің бөлімшелерінен (бөлімшеден) тұратын өртке қарсы қызметтің негізгі тактикалық бөлімшесі міндеттерді өзінің тактикалық мүмкіндіктеріне сәйкес дербес шешуге қабілетті;

18) қысымды өрт жеңкұбыры – артық қысымды өртсөндіргіш заттарды тасымалдауға арналған қысымды жеңкұбыр;

18-1) қарауылдау-өртті қарауылдауға өртті жою (оқшаулау) сатысында анықталмаған жасырын ошақтардан өрттің қайта басталуын болдырмау мақсатында өрт шарпыған алаңды үздіксіз немесе мерзімді қарап – тексеруден тұратын жұмыстар жатады;

19) лафетті аралас өрт оқпаны – тұтас немесе тұтас және шашыраңқы су ағыны алауының бұрышы өзгеруімен, сондай-ақ өрт сөндіру кезінде төмен еселіктегі ауа-механикалық көбік ағынын қалыптастыруға арналған өрт оқпаны;

20) оқпаншының орны – өрт сөндіру бойынша міндеттерді орындау кезінде оқпаншының орналасқан орындары;

21) орташа еселіктегі көбік генераторы (көбік генераторы) – орта еселіктегі ауа-механикалық көбікті көбіктендіргіштің су ерітіндісінен алуға және оны өрт ошағына беруге арналған құрылғы;

22) орын – өртте адамдардың мен мүлікті құтқару, өртсөндіргіш заттарды беру, арнайы жұмыстарды орындау бойынша іс-қимылдарды тікелей жүргізуді жүзеге асыратын өртке қарсы қызмет күштері мен құралдарының орналасу орындары;

23) өрт – адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян, жеке және заңды тұлғаларға, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне материалдық шығын келтіретін бақылаусыз жану;

24) өртте адамдарды құтқару – өрттің қауіпті факторларының (немесе осы әсер етудің тікелей қаупі туындаған кезде) аймағынан өрт сөндірушілердің ілесіп жүруімен, оның ішінде құтқару құралдарын қолданумен, адамдарды алып шығу не шығару процесі;

25) өртте адамдарды эвакуациялау – өрттің қауіпті факторларының әсер ету қаупі бар үй-жайлардан адамдарды сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа дербес қозғалу процесі;

26) өрттегі жағдайды бағалау – өртті барлау, алынған мәліметтерді жинақтау және талдау нәтижелерінің негізінде қалыптасқан қорытынды;

27) өрттегі жедел штаб – өртте күштер мен құралдарды басқару үшін өрт сөндіру басшысы құрған уақытша орган;

- 28) өртті жою – жану тоқтатылған және оның өздігінен жану жағдайы жойылған өртті сөндіру сатысы (кезеңі);
- 29) өрт кезінде эвакуациялау жоспары – эвакуациялау және эвакуациялық шығу жолдары көрсетілген, адамдардың жүріс-тұрыс қағидалары, сондай-ақ өрт шыққан объектідегі қызмет көрсетуші персоналдардың іс-қимылдарының тәртібі мен жүйелілігі белгіленген құжат;
- 30) өрттегі күштер мен құралдар – өртке қарсы қызметтің жеке құрамы мен жұмысшылары, өрт сөндіру автомобильдері, байланыс және басқару құралдары, өрт сөндіргіш құралдары мен жарақтануындағы өзге де техникалық құралдар;
- 31) өртте күштер мен құралдарды басқару – жағдайды бағалау негізінде өртті сөндіру бойынша іс-қимылдарды ойдағыдай жүргізу мақсатында жүзеге асырылатын өрт сөндіру жетекшісінің (өрттегі жедел штаб) қызметі;
- 32) өрттің қауіпті факторы – жарақатқа, улануға немесе адам өліміне, сондай-ақ материалдық құндылықтардың жойылуына (зақымдалуына) әкеліп соқтыратын өрт факторы;
- 33) өртке қарсы сумен жабдықтау – су тартуға және тасымалдауға, оның қорын сақтауға және оларды өрт сөндіруге пайдалануға арналған инженерлік-техникалық құрылыстардың жиынтығы.
- 34) өрт нөмірі (рангі) – өртті сөндіруге тартылған гарнизонның күштері мен құралдарының қажетті құрамының шығу кестесін айқындайтын өрт күрделілігінің шартты белгісі;
- 35) өртті оқшаулау – адамдарға (жануарларға) қауіп төндірмейтін немесе жойылған, өрттің жайылуы тоқтатылған және қолда бар күштер мен құралдардың көмегімен оны жою үшін жағдай жасалған өртті сөндіру сатысы (кезеңі);
- 36) өрт оқпаны – өртсөндіргіш ағынды қалыптастыру және бағыттауға арналған қысымды жеңқұбыр желісінің ұшына орнатылатын құрылғы;
- 37) өрттің өршуі – уақыт пен кеңістіктегі өрт параметрлерінің өзгеруі;
- 38) өрт сөндіру автомобилі – шақыру орнына (өртке) өрт сөндіру есептобын, өрт-техникалық жарақты, өрт сөндіргіш құралдарды жеткізуге және оларды өрт ошағына беруге арналған автомобиль;
- 39) өртсөндіргіш зат – жануды тоқтатуға мүмкіндік беретін физикалық-химиялық қасиеттері бар зат;
- 40) өртті сөндіру – өртті жоюға, адамдарды, жеке және заңды тұлғалардың мүліктерін құтқаруға бағытталған іс-қимылдар;
- 41) өрт сөндіруші бөлімшесі – өртке қарсы қызметтің құрылымдық бірлігі;
- 42) өрт сөндіру есептобы (бөлімше) – олардың арасында бөлінген міндеттермен өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын қамтамасыз етуге арналған өрт сөндіру көлік құралындағы жеке құрам;

43) өрт сөндіру жоспары – өршіген өртті сөндіруді ұйымдастыру жағдайын болжайтын және негізгі мәселелерін айқындайтын жедел құжат;

44) өрт-техникалық жарақтар (өрт сөндіру жарақтары) – мақсатына сәйкес нақты өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өрт сөндіру жабдықтарынан, қолмен өрт сөндіру және авариялық-құтқару құралдарынан, өрт сөндіру құтқару құрылғыларынан, шағын механизация құралдарынан, сондай-ақ жеке қорғану құралдарынан және басқа техникалық құрылғылардан тұратын жиынтық;

45) өрттегі тыл – орындарда өртті сөндіру бойынша іс-қимылдарды жүргізуді қамтамасыз ететін күштер мен құралдар;

46) өрт учаскесі – қойылған тапсырмамен және бірыңғай басшылықпен біріктірілген күштер мен құралдардың шоғырландырылған аумақтың бөлігі;

47) өрттегі шешуші бағыт – адамдарға қауіп, жарылыс қатері төнген, өрт ең қарқынды таралған және жеке құрамның осы бағыттағы іс-қимылы өртті ойдағыдай сөндіруді қамтамасыз ететін өрт учаскесіндегі бағыт;

47-1) өрт мотоциклі – медициналық жиынтықпен, авариялық-құтқару құралдарымен, өртті сөндіруге, авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге арналған жабдықтармен арнайы жарақтандырылған мотоцикл;

47-2) өрттің дамуын тежеу – уақыт пен кеңістікте параметрлердің одан әрі өзгеруін болдырмау мақсатында өрт ошағына өрт сөндіргіш құралдармен әсер ету;

48) сорғыш өрт жеңқұбыры – өрт сорғысының көмегімен су көзінен суды іріктеуге арналған қатты конструкциялы сорғыш жеңқұбыр;

49) төтенше жағдайларды жою кезіндегі кезек күттірмейтін жұмыстар – авариялық-құтқару жұмыстарын жан-жақты қамтамасыз ету, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдайлар жасау жөніндегі қызмет;

50) шығу кестесі – астанада, республикалық маңызы бар қалаларда, облыс орталықтарында және облыстық маңызы бар қалаларда өртті сөндіруге тартылатын күштер мен құралдардың құрамын айқындайтын құжат;

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Өртті сөндіру бойынша іс-қимылдар

1-параграф. Өрт туындаған және оны сөндіру кезіндегі бөлімшенің іс-қимыл кезеңдері

5. Өртті сөндіру бойынша іс-қимылдар өрт туралы хабар алу сәтінен басталады және бөлімшенің тұрақты орналасу орнына оралуы, кезекші қарауылды және автомобильдерге әзірлікке келтіру уақытында аяқталды деп саналады және оған:

шақыруларды қабылдау және өңдеу;

шақыру орнына (өрт) шығу және бару;
өртті барлау;
адамдар мен мүлікті құтқару, эвакуациялау;
күштер мен құралдарды өрістету;
жануды оқшаулау және жою;

төтенше жағдайларды жою кезінде арнайы, авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды (бұдан әрі – кезек күттірмейтін жұмыстар) орындау;
бөлімшеге жинау және келу.

6. Өрттерді сөндіру бойынша іс-әрекеттер өрт сөндіру тактикасына, өрт сөндіру кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қағидалардың талаптарына сәйкес орындалады және жоғары психологиялық және дене жүктемесі, кәсіби тәуекел, сөндіруге қатысушылардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайларда жүргізілуі мүмкін. Қойылған міндеттердің орындалуы осы Қағидаларға-Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген есептеу табеліне сәйкес орындалады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Барлау, құтқару, адамдарды және мүлікті эвакуациялау, күштер мен құралдарды өрістету, жануды жою және арнайы, авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды орындау іс-қимылдары бір уақытта жүргізілуі мүмкін.

2-параграф. Шақыруларды қабылдау және өңдеу

8. Шақыруларды қабылдауды және өңдеуді белгіленген тәртіппен күштер мен құралдарды жедел басқару орталығының (бұдан әрі – КҚЖБО), байланыс пунктінің өртке қарсы қызмет бөлімінің (бұдан әрі – ББП) кезекші диспетчері (радиотелефонист) жүзеге асырады және оған мыналар кіреді:

ақпаратты қабылдау және тіркеу;

алынған ақпаратты бағалау және шығу кестесінде (күштер мен құралдарды жұмылдыру жоспарында) көзделген күштер мен құралдарды шақыру орнына жіберу туралы шешім қабылдау;

"дабыл" сигналын беру немесе өрт сөндіру бөлімін (бекетін), құтқару бөлімшесін радиостанция бойынша не басқа да қолда бар байланыс құралдары бойынша шығару;

қарауылды басқаратын лауазымды адамға немесе кезекші ауысым (бұдан әрі – қарауыл бастығына (аға инженер), осы Қағидаларға-Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өртке ӨСБ (МӨСБ) кезекші қарауылының шығуына жолдама тапсыру (беру), сондай-ақ өрт сөндіру жедел жоспары мен карточкаларын, болған жағдайда беру;

лауазымды адамдарды шақыру (өрт) объектісі туралы қолда бар ақпаратпен қамтамасыз ету.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Өтініш жасаушыдан өрт туралы ақпаратты қабылдау кезінде кезекші диспетчер мүмкіндігінше:

шақыру объектінің мекенжайын немесе оның орналасқан жері туралы өзге де мәліметтерді;

адамның өмірі мен денсаулығына қауіптің барын және сипаттамасын;

объектінің ерекшелігін;

өтініш жасаушының тегін, атын, әкесінің атын және телефон нөмірін;

өтініш жасаушының уақытын;

бөлімшенің міндеттерді орындауға әсер ететін өзге де мәліметтерді анықтайды және тіркейді.

10. Шақыру орнының (өрттің) мекенжайы немесе өзге де мәліметтерді анықтағаннан және шығу жөнінде шешім қабылдағаннан кейін "Дабыл" белгісі беріледі.

11. Шақыруды өңдеу екі минуттан аспауы және шақыру орнына (өртке) шығуды және баруды кідіртпеуі тиіс.

12. Қолдағы байланыс арналары арқылы диспетчер тез арада қосымша (нақты) ақпаратты лауазымды тұлғаға, оның ішінде шақыру орнына (өртке) барған тұлғаларға жеткізеді.

13. Автоматтандырылған жүйелерді пайдалана отырып, шақыруларды өңдеу кезінде лауазымды тұлғалармен регламенттелетін кезекші диспетчердің өзге іс-қимылдары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

3-параграф. Шақыру орнына (өртке) шығу және бару

14. Шығу және баруға "Дабыл" белгісінен кейін жеке құрамның жиналуы және шақыру орнына (өртке) өрт сөндіру автомобильдерімен және өзге көлік құралдарымен жеткізу кіреді.

15. Жолға шыққан кезде өрттің жойылғаны немесе оның болмауы туралы мәліметті алған жағдайда аға бастықтың, кезекші өрт сөндіру қызметі (бұдан әрі – ӨСКҚ) қызметкерінің, күштер мен құралдарды жедел басқару орталығының (бұдан әрі – КҚЖБО) кезекші диспетчерінің оралу туралы өкімі болған жағдайлардан басқа өрт сөндіру бөлімшесі шақыру орнына (өртке) келуі керек.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Бас өрт сөндіру автомобилінің жүру жолында мәжбүрлі тоқтаған кезде, одан кейінгі автомобильдер тоқтайды және одан әрі жүру қарауыл бастығының (аға

инженердің) нұсқауы бойынша ғана жалғасады. Екінші немесе одан кейінгі өрт сөндіру автомобильдері мәжбүрлі тоқтаған кезде қалғандары тоқтаусыз шақыру (өрт) орнына қарай жүруді жалғастырады. Жүруді тоқтатқан өрт сөндіру автомобиліндегі аға бастық болған оқиға туралы дереу кезекші диспетчерге хабарлайды.

Қарауыл бөлімшесінің шақыру (өрт) орнына өз бетінше барған және өрт сөндіру автомобилін мәжбүрлі тоқтатқан кезде қарауыл бастығы (аға инженер), бөлімше командирі болған оқиға туралы кезекші диспетчерге хабарлайды және жеке құрамды және өрт-техникалық жарақты (бұдан әрі-ӨТЖ) шақыру (өрт) орнына жеткізу жөнінде шаралар қабылдайды, ақауды жою үшін өрт автомобилін басқарған лауазымдық тұлға жүзеге асырады.

Өрт мотоциклдерін шақыру орнына (өртке) бару кезінде және өрт мотоциклінің ақаулығына байланысты мәжбүрлі тоқтаған кезде өрт сөндіруші-құтқарушы-мотоциклші болған оқиға туралы гарнизон диспетчеріне баяндайды. Екінші өрт мотоциклі тоқтамай, шақыру (өрт) орнына қарай жүруді жалғастырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Өртке барар жолда басқа өртті байқаған жағдайда бөлімшені басқаратын басшы оны сөндіруге күштер мен құралдардың бір бөлігін бөледі (жағдайға байланысты) және тез арада КҚЖБО-ға (ББП) осы өрт, қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Жол-көлік оқиғасы кезінде аға бастық (ол болмаған жағдайда -жүргізуші) қозғалысты тоқтатады және әрі қарай жол қозғалысы қағидаларын басшылыққа алады.

19. Бару жолында бөлімшенің аға бастығы КҚЖБО-мен (ББП) үздіксіз байланыста болады. Өрт сөндіру автокөлігінің тоқтап қалуының барлық жағдайлары туралы КҚЖБО-ға (ББП) хабарланады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Өрт сөндіру қызметі бөлімшесі шақыру орнына (өртке) теміржол, су немесе әуе көліктерімен барған жағдайда өрт сөндіру бөлімшесін басқарушы аға бастық:

өрт сөндіру автомобильдерінің сақталуын;

өрт сөндіру автомобильдерінің орнықты бекітілуін;

жеке құрамның орналасуын, тамақтануын және демалысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

4-параграф. Өртті барлау

21. Барлау жағдайды бағалау және өртті сөндіру бойынша шешім қабылдау үшін өрт туралы ақпаратты жинау мақсатында жүргізілетін іс-шаралардың жиынтығын құрайды.

22. Өртті барлау өрт туралы хабарлама түскен сәттен бастап және оны толықтай жойғанға дейін үздіксіз жүргізіледі.

23. Барлау мәліметтерін алудың негізгі тәсілдері: техникалық құралдардың көрсеткіші, бақылау (байқау), білетін адамдарды сұрастыру және құжаттарды зерделеу.

24. Барлау жүргізгенде:

адамдарға қауіптің болуы және сипаттамасы, олардың орналасқан жері, құтқару (қорғау) жолдары, тәсілдері мен құралдары, сондай-ақ мүліктерді қорғау (эвакуациялау) қажеттілігі;

қуатта тұрған электр қондырғыларының болуын және оларды ажыратудың мүмкіндігі мен мақсаттылығы;

өрттің қауіпті факторларының (бұдан әрі – ӨҚФ), оның ішінде берілген объектідегі өндірістің технологиясы мен ұйымдастырылуының ерекшеліктеріне байланысты болуы және екінші рет қайталану мүмкіндігі;

жанудың орны мен көлемін, сондай-ақ оттың таралу жолдары;

өрт объектілерінде құрылыс құрылымдарының күйі мен жағдайы, оларды бұзу және бөлшектеу орындары;

ұйымның (объектінің) өрттен қорғау жүйелері мен құралдарының болуы және оларды пайдалану мүмкіндігі;

таяу жердегі су көздерінің орналасқан орнын және оларды пайдалану мүмкіндіктері ;

өрт сөндіру үшін күштер мен құралдарды енгізу жолдарының мүмкіндігі және шешуші бағытты (бұдан әрі – шешуші бағыт) анықтау үшін басқа да керекті мәліметтер ;

өрт сөндіруге жұмылдырылатын күштер мен құралдардың жеткіліктігі анықталады.

25. Барлау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт орын алған объектінің лауазымды тұлғалары ұсынған құжаттар мен мәліметтерді пайдалану қажет.

26. Барлауды өрт сөндіру жетекшісі (бұдан әрі – ӨСЖ) және оның тапсырмасы бойынша басқа адамдар басқарады.

Барлауды әрбір командир және өрт сөндіруге қатысушы өзінің жұмыс учаскесінде жүргізеді, шақыру орнынан алғашқы ақпаратты ӨСЖ келгенге дейін, өрт сөндіруші-құтқарушы-мотоциклшілер береді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Барлау тобының құрамына:

егер өртке бір бөлімше келсе, ӨСБ және байланысшы;

егер өртке екі және одан да көп бөлімше келсе, ӨСБ, бір бөлімшенің командирі және байланысшысы кіреді.

Барлау тобының саны мен құрамы өрттегі жедел жағдайға байланысты ӨСБ өзгертуі мүмкін.

28. Әртүрлі бағыттарда барлау жүргізу қажет болған жағдайда бірнеше барлау топтары құрылады. Әрбір топты бөлімше командирі лауазымынан кіші болмайтын тұлға басқарады және құрамы екі адамнан кем болмайды.

29. Жанып жатқан үй-жайларда қалған адамдар туралы мәлімет болған жағдайда зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында барлау құрамын күшейту қажет.

30. Барлау бірнеше бағытта мынадай жағдайда жүргізіледі:

егер жанып жатқан және түтінге оранған бөлмелерде адамдар қалса және олардың тұрған орындары белгісіз болған жағдай туралы мәлімет болғанда;

егер өрттің сыртқы белгілері болмағанда және келген өрт сөндіру бөлімшені ешкім қарсы алмағанда;

адамдар жаппай жиналатын ғимараттардағы өрт кезінде;

биік ғимараттардағы өрт кезінде;

өрттің ауқымы көлемді болғанда;

жанудың бірнеше ошағы болғанда жүргізіледі.

31. Біруақытта бірнеше бағытта барлауды ұйымдастыру кезінде ӨСБ:

жапсарлас, жоғары және төмен орналасқан бөлмелерде біруақытта барлау жүргізуді ұйымдастырады;

барлау топтарының санын, олардың құрамын және іс-қимыл аймағын анықтайды;

барлау топтарының командирлерін тағайындайды және оларға міндеттер қояды;

ақпаратты беру тәртібін белгілейді;

аса күрделі және жауапты учаскеде барлауды өзі жүргізеді;

ӨТЖ түрлерін, сондай-ақ әрбір барлау топтарының жеке құрамына қауіпсіздік шараларын анықтайды және көрсетеді.

32. Барлау жүргізетін жеке құрамға:

Қолда бар техникалық құралдарды, құжаттамаларды, ғимараттардың құрылымдық ерекшеліктері мен жобаларын, өндірістің технологиялық процесі мен жабдықтарын білетін адамдардан мәліметтерін пайдалануы;

мүмкіндігінше барлауды жүргізудің ең қысқа жолдарын пайдаланыңыз;

адамдарға тікелей қауіп төнген жағдайда оларды құтқару жұмыстарын жүргізу;

зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

барлаумен бір мезгілде барлық қолжетімді құралдармен от пен түтіннің таралуын шектеу, оны сөндіру және мүлікті қорғау жөнінде шаралар қабылдау;

от пен түтіннің ықтимал таралу жолдарында орналасқан үй-жайларды ашу және тексеру;

қауіпсіздік техникасының талаптарын және ТОЖҚҚ-да жұмыс істеу қағидаларын сақтау;

ӨСЖ (өртте жедел штабқа) барлау нәтижелерін және оның барысында алынған ақпаратты уақтылы баяндау.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Жану белгілері болған кезде барлауды жүргізу үшін жеңқұбыр желілері пайдаланылады.

34. Барлау жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында:

өзімен бірге құтқару және өзін-өзі құтқару құралдары, конструкцияларды ашу және бөлшектеу үшін қажетті құрал, жарықтандыру аспаптары, байланыс құралдары, ТОЖҚҚ, икемді байлам, бағыттаушы арқан, сөндіру құралдары, құтқару қалпақшасы, қозғалмайтын жай-күй сигнализаторы болуы қажет.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Барлау жүргізу кезінде қажетіне қарай және жағдайға байланысты басқа да жауынгерлік тапсырмалар орындалуы мүмкін.

5-параграф. Адамдар мен мүлікті құтқару, эвакуациялау

36. Құтқару жұмыстары:

1) адамдарға от, жоғары температура, жарылу немесе конструкцияның құлау қаупі немесе үй-жайдың іші түтінге немесе зиянды газға толғанда;

2) адамдар өздігімен қауіпті аймақтан шыға алмаса немесе үрейленген жағдайда болғанда;

3) эвакуациялау жолдары бойынша оттың және түтіннің таралу қаупі болғанда;

4) адам өмірі мен денсаулығына қауіпті от сөндіргіш заттар мен құрамаларды қолданылатын жағдайда ұйымдастырылады және жүргізіледі.

37. Жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен әдістерді қолдана отырып, өртте адамдарды құтқару және қажетінше үрейді болдырмау шараларын іске асыру керек.

38. Өртте адамдарды құтқару өртті сөндіру үшін күштер мен құралдарды өрістетумен біруақытта жүргізіледі.

39. Егер от адамдарға тікелей қауіп төндірсе және құтқару жолдары кесілсе немесе от бөгейтін болса, адамдарды қауіпсіз құтқару жағдайын қамтамасыз ету үшін өрт оқпанын беру қажет.

40. Егер адамдарды құтқару және өртті сөндіру жөніндегі жұмыстарды біруақытта жүргізу үшін күштер мен құралдар жеткіліксіз болса, адамдарды құтқару үшін өртке қарсы қызметі бөлімшелерінің жеке құрамы толық пайдаланылады және қосымша күштер мен құралдар шақырылады.

41. Адамдарды құтқару үшін:

қысқа және қауіпсіз жолдар;

негізгі кіру және шығу есіктері;

қосымша шығатын есіктер;

терезе ойықтары, балкондар, лоджия мен галериялар;

егер олар арқылы ғимараттан шығуға немесе оның қауіпсіз бөлігіне көшуге болса аражабындағы люктер;

өрт сөндірушілер жасаған қалқа, шатыр арқалығы және қабырға тесіктері пайдаланылады.

Бұл ретте мынадай құтқару құралдары:

стационарлық және өрт сөндіру қол сатылары;

автосатылар, автокөтергіштер, құтқару жабдықтары мен құрылғылары;

зембілдер;

құтқару арқандары;

үрлемелі және амортизаторлық құрылғылар, ТОЖҚҚ, ұшу аппараттары пайдаланылады.

42. Адамдарды құтқарудың негізгі тәсілдері:

өртке қарсы қызметінің қызметкері көрсеткен қауіпсіз бағытқа адамдардың өздігімен шығуы;

құтқару жолдарын түтін басқанда немесе қауіпті аймақтан өздігінен шығу мүмкіндігіне жағдайы мен жас шамасы мүмкіндік бермегенде өрт сөндірушілердің көмегімен құтқарылатындарды басқа орынға шығару;

өздігінен жүріп-тұруға мүмкіндігі жоқ адамдарды алып шығу;

құтқару жолдары от, түтін немесе үйіндімен бөліп тасталған және құтқарудың басқа тәсілдері мүмкін болмаған кезде құтқарылатындарды стационарлық және өрт сөндіру қол сатыларымен, автосатылармен және өрт сөндіру автокөтергіштерімен, техникалық құтқару құралдарының көмегімен түсіру болып табылады.

43. Адамдарды құтқару тәсілдері мен тәртібін, өрттегі жағдайға байланысты және көмекті қажет ететін адамдардың жағдайына қарай ӨСБ анықтайды.

44. Құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде:

ішкі хабарландыру жүйесін және басқа құралдарды пайдалана отырып, үрейленуді болдырмау шараларын қолдану;

әкімшілік, қызмет көрсетуші персоналдарды, ерікті өртке қарсы қызмет құрылымдарының мүшелерін жұмылдыру;

жедел медициналық көмекті шақыру. Олар келгенге дейін зардап шеккендерге өрт орнындағы өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жеке құрамы күшімен алғашқы көмек көрсету;

құтқарылғандарды уақытша орналастыру орындарын қарастыру қажет.

45. Егер адамдар бар орындар туралы мәліметтер болса және құтқарушылар оларды сол жерден таба алмаса, адамдар болуы мүмкін барлық түтіндеген және жанған бөлмелерді ұқыпты қарап, тексеру қажет.

Адамдарды іздестіру құтқаруды қажет ететіндердің жоқ екендігі анықталғаннан кейін тоқтатылады.

46. Өрт кезінде мүліктерді құтқару жауынгерлік тапсырмалардың маңыздылығы мен жеделдігіне байланысты ӨСБ нұсқауы бойынша іске асырылады.

6-параграф. Күштер мен құралдарды өрістету

47. Күштер мен құралдарды өрістету адамдарды құтқару мен эвакуациялаудың қалыпты барысын бұзбауы тиіс.

48. Күштер мен құралдарды өрістету мынадай кезеңдерден тұрады:

өрістетуге дайындық;

алдын ала өрістету;

толық өрістету.

49. Өрістетуге дайындық бөлімшенің өртке келіп, барлау жұмыстарымен біруақытта жүргізіледі және оған:

сорғыш өрт жеңқұбырын жалғаумен және сорғыға су тартумен, өрт сөндіру автомобилін су көзіне орналастыру;

ӨТЖ-ны бекіткен орындарынан алу;

жергілікті жағдайға байланысты басқа да дайындық шараларын жүргізу.

50. Автоцистернаны өрістетуге әзірлеу (оны су көзіне орнатпастан):

сорғыны жұмыс жағдайына келтіруден;

өрт оқпаны бар жеңқұбыр жолдарын сорғының қысым түтікшесіне жалғастырудан тұрады.

51. Бөлімшені алдын ала өрітету егер магистралдық жеңқұбыр желілерінің бағытын сыртқы белгілері бойынша анықтау мүмкін болса немесе келген өрт сөндіру бөлмшелерін қарсы алуға бөлінген адам көрсетсе, онда шақыру орнына келген жағдайда жүргізіледі.

Алдын ала өрістетуге:

Осы Қағидалардың 54-тармағында көзделген жұмыстарды орындау;

магистралдық жеңқұбыр желілерін жүргізу және тарам қондырғаларын орнату, тарамдарына өрт сөндіру үшін қажет қысымды өрт жеңқұбырларын, өрт оқпандарын, сатыларды, басқа да қажетті ӨТЖ жеткізу.

52. Шақыру орнында (өртте) күштер мен құралдарды толық өрістету ӨСБ нұсқауымен, сондай-ақ өрт сөндіргіш заттарды беру қажеттігі айқын болғанда жүргізіледі.

Толық өрістету:

осы Қағидалардың 55-тармағында көзделген іс-қимылдарды орындайды;

жұмыс жеңқұбыр жолдары салынатын оқпаншылардың орындарын анықтайды;

магистралдық және жұмыс (қайта жабу өрт оқпандары болғанда) жеңқұбыр жолдарын өрт сөндіргіш заттармен толтырады.

53. Жеңқұбыр жолдарын салу және өрт ошағына кіру үшін барлық кіру жолдарын, стационарлық сатыларды пайдалану қажет;

эвакуациялаудың негізгі жолдарын бос ұстау (эвакуациялау аяқталғанға дейін);

оқпаншылар орындарына қысқа, ең қолайлы жолды таңдау, егер жолдар бөгелген жағдайда командир кедергілерді алудың шараларын іске асырады (конструкцияларды ашу, бөлшектеу) немесе өрт сөндіру сатысының, иінді автокөтергіштің және тағы сол сияқтының көмегімен орындарға басқа жолдармен шығуды қамтамасыз етеді;

жеңқұбыр жолдарын сақтауды және зақымданудан қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде жеңқұбыр көпірін құру мен жеңқұбыр ұстағыштарын пайдалану арқылы;

жүру жолынан тыс жерге жеңқұбыр тарамдарын қондыру;

өрт сөндіру іс-қимылдарының шешуші бағытына пайдалану үшін өрт сөндіру жеңқұбырларының қорын құру.

Жеңқұбыр автомобилін пайдалана отырып, жеңқұбыр желілерін төсеуді оны пайдалану бойынша нұсқауыққа сәйкес жүргізу қажет.

54. Өрт орнына бірінші келген өрт автоцистернасынан күштер мен құралдарды өрістету шешуші бағытқа бірінші өрт оқпанын беру арқылы жүзеге асырылады.

Басқа өрт сөндіру автомобильдерінің, соның ішінде арнайы күштері мен құралдарын өрістету оларды пайдалану нұсқаулығына және оның ұсынымдарына сәйкес ӨСБ нұсқауы бойынша жүргізіледі.

55. Күштер мен құралдарды өрістету кезінде оқпаншылар өз орындарына қысқа және ең қауіпсіз жолмен шығады.

Егер жолдарда бөгет болса, командир кедергілерді алудың (конструкцияларды ашу, бөлшектеу) шараларын қолданады немесе өрт сатыларының, иінді автокөтергіштердің және тағы сол сияқтының көмегімен басқа жолдар арқылы шепке шығуды қамтамасыз етеді.

56. Күштер мен құралдарды өрістету кезінде өрт сөндіру автомобильдері мен ӨТЖ мынадай етіп орналастырылады:

келетін күштер мен құралдарды орналастыруға кедергі жасаманыз;

қажетті учаскелерде күштер мен құралдардың жылдам шоғырлануын қамтамасыз ету;

жеңкұбыр сызықтарының сақталуын қамтамасыз ету өрт болған жерге жақын көше қозғалысына кедергі келтірмеу;

өрт сөндіру автомобильдері мен ӨТЖ-ның өрттің қауіпті факторларымен зақымдануына жол бермеу;

резервтік автомобильдердің тұрақ орнын және кедергісіз өтуін қамтамасыз ету.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Өртті сөндіру іс-қимылдарын қамтамасыз ету үшін өрттегі жағдайға байланысты қол сатылары, автосатылар мен автокөтергіштер қолданылады.

58. Өрт сөндіру сатылары өрт өршіген жағдайда от бөліп тастамайтындай немесе жану аймағында қалмайтындай болып орнатылады.

59. Өрт сөндіру сатыларын жалын лаулаған терезеге қарсы орнату өрт оқпандарын берумен біруақытта жүргізіледі.

60. Өрт сөндіру сатыларын жаңа орынға орнату онымен көтерілген жеке құрам хабарланғаннан кейін және оған қайтар немесе басқа орынға өту жолы көрсетілгеннен кейін жүргізіледі.

61. Күштер мен құралдарды өрістету кезінде және келесі жауынгерлік іс-қимылда өрт сөндіруге қатысушылардың қауіпсіздігін, келген өрт сөндіру автомобилінің маневр жасау мүмкіндігін, резервтегі автомобильдерді орналастыруды қамтамасыз ету үшін өрт орнына өзге адамдардың кіруін, сондай-ақ оның төңірегіндегі аумақта көлік қозғалысына шектеу немесе тыйым салу бойынша шаралар қолданылады. Ішкі істер органдарының бөлімшелері келгенге дейін бұл іс-әрекеттерді жеке құрам ӨСБ нұсқауы бойынша орындалады.

7-параграф. Жануды жою

62. Өрттегі жануды тоқтатудың негізгі тәсілдері:

өрт сөндіргіш заттармен жану аймағын салқындату немесе жанғыш материалдарды араластыру;

жанғыш материалдарды немесе тотықтырғышты (ауаны) өрт сөндіргіш заттармен араластыру;

жанғыш материалдарды жану аймағынан немесе тотықтырғышты өрт сөндіргіш заттармен және (немесе) басқа құралдармен оқшаулау;

өрт сөндіргіш заттармен жану реакциясын химиялық тежеу болып табылады.

Жануды тоқтатуға жоғарыда көрсетілген тәсілдерді қосып қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

63. Берілетін өрт – сөндіргішті таңдау заттың физика-химиялық қасиеттеріне қарай анықталады, жанғыш, алға қойған мақсаттарға қолданылатын тәсілімен жануды

тоқтату және басқа жағдаймен айқындалады, олар осы Қағидаларға-Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

64. Өртті сөндіру бойынша міндетті орындау үшін берілетін қажетті өрт сөндіргіш заттардың мөлшері мен тұтынуына өрттің өршуі мен оны сөндіруді ұйымдастырудың ерекшелігіне, өртке қарсы қызмет бөлімдерінің тактикалық мүмкіндіктеріне, қолданылатын өрт сөндіру автомобильдерінің тактика-техникалық сипаттамасына негізделген және қолданыстағы нормативтермен және ұсыныстармен белгіленген оны берудің талап ететін қарқынын есепке ала отырып, сондай-ақ өртті сөндірудің практикалық тәжірибесі негізінде айқындалады.

65. Егер міндетті ойдағыдай орындау үшін өрт сөндіргіш заттар жеткіліксіз болса, онда оны өрт орнына жеткізу ұйымдастырылады, оның ішінде су айдау арқылы, өрт сөндіру автомобильдерімен және өрт сөндіруге бейімделген техникамен тасу, өрт сөндіргіш заттарды тасымалдаудың басқа да тәсілі мен амалы пайдаланылады.

66. Өрт сөндіру екі кезеңнен тұрады:

жануды оқшаулау;

жануды жою.

67. Шешуші бағыт:

ӨҚФ-ның адам өміріне қауіп төндіргенде және өрт оқпанын енгізбейінше адамдарды құтқару мүмкін болмағанда күштер мен құралдарды құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету үшін шоғырландару;

жарылу қаупі туындағанда бөлімше іс-қимылы жарылысты болдырмауды қамтамасыз ететін жерлерге күштер мен құралдар шоғырландыру мен енгізу;

жану объектінің бір бөлігін қамтыған және ол оның басқа бөліктеріне немесе көрші құрылысқа тарағанда оттың одан әрі тарауы айрықша зиян келтіруі мүмкін учаскелерге күштер мен құралдарды шоғырландыру және енгізу;

жану оқшау тұрған ғимаратты (құрылысты) қамтыған және оттың көрші объектілерге таралу қаупі жоқ кезде негізгі күштер мен құралдарды ең қарқынды жанып жатқан жерлерге шоғырландыру мен енгізу;

жану айтарлықтай құндылығы жоқ ғимаратты қамтып, жақын тұрған объектіге қауіп төндергенде – негізгі күштер мен құралдарды жанбаған ғимарат (құрылыс) жағынан шоғырландыру мен енгізу принциптерімен айқындалады.

68. Өртті оқшаулауға күштер мен құралдар жетіспеген жағдайда жауынгерлік тапсырманы қысқа уақытта орындау үшін қосымша өртке қарсы қызметтің күштері мен құралдарын, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы құрылымдарды, ерікті өртке қарсы құралымдарды, халықты, әскери бөлімдерді және ішкі істер органдары бөлімдерін шақыру қажет.

Бұл жағдайда қосымша күштер мен құралдар келгенше бірінші өрт сөндіру бөлімдері өрттің өршуін тоқтатуға шаралар қолдануға тиісті.

69. Өртті сөндірумен біруақытта көбікті немесе шашыранды ағысты беру арқылы үй-жайлардан түтін мен газды шығару, жоғары температураны төмендету бойынша шаралар қабылдау қажет.

70. Тыныс алуға жарамсыз ортада өртті сөндіру кезінде ТОЖҚҚ жүргізіледі, түтінсорғыштар мен жарықтандыру құралдары қолданылады.

71. Қарауыл (бөлімше) өрт кезінде жауынгерлік учаскеден тек ӨСБ немесе учаске бастығының (бұдан әрі – УБ) рұқсатымен, сондай-ақ жеке құрамға қауіп төнген жағдайда ӨСБ, жедел штаб бастығымен (бұдан әрі – ЖББ) немесе УБ байланысу мүмкін болмаса, ол жерден ӨСБ, ШБ, УБ ол туралы кейін хабарлап, өздігімен кете алады.

72. Өртті сөндіру үшін тиімді өрт сөндіргіш заттарды (су, көбік, ұнтақ, ерітінді суларды, температуралық-белсендірілген суларды және т.б) қолдану және өрт сөндіру стационарлық қондырғыларды, ішкі өртке қарсы су қорларын іске қосу қажет.

73. Бірінші автоцистерна өрт орнына жақын орналастырылып, өрт оқпаны шешуші бағытта беріледі, келесі өрт сөндіру автоцистерналар (автосорғылар) жақын су көздеріне орнатылып, өрт орнына магистралдық желілер салынады.

Өрт сөндіру автоцистернасындағы су таусылғаннан кейін өрт оқпаны су көзіне орнатылып, өрт сөндіру автокөлігінен тартылған магистралдық желінің тарамына жалғанады.

74. Өршіген өртті сөндіруге көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандары (өнімділігі 7л/сек және одан көп) беріледі.

75. Ғимараттар конструкцияларындағы қуыстар мен желдеткіш арналардағы жану кезінде көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандары және көбік оқпандары беріледі, ғимараттың жанғыш конструкциясын ашу ұйымдастырылады.

76. Жанған жерлерге су төгу үшін аз мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандары беріледі, ішкі өрт сөндіру крандары қолданылады.

77. Құю арқылы су беру кезінде қажетті өрт сөндіру автомобильдерінің саны, жеңқұбыр желілерін тартудың тәсілдері мен жолдары айқындалады.

78. Жеңқұбыр желілерін тарту үшін бірінші кезекте жеңқұбыр өрт сөндіру автомобильдері және катушкалары қолданылады.

79. Тым барынша қуатты сорғышы бар өрт сөндіру автомобилі су көзіне орнатылады да одан өрт орнына магистралдық жеңқұбыр желілері тартылады, ал қуатты аз сорғысы бар өрт сөндіру автомобилі өрт орнына жақын орналастырылып, одан біруақытта су көзіне және өрт орнына жеңқұбыр желілері тартылады.

80. Жанып жатқан жайды көбікпен толтыру кезінде ӨСБ:

көбікпен толтырылатын бөлменің көлемін;

көбіктің ағуына кедергі келтіретін ұстағышты орнатудың орнын;

қажетті көбіктендіргіштің, көбік оқпандарының санын және оларды орнату орындарын;

белгіленген бағытта көбіктің қозғалысына жағдай жасайтын өрт сөндіру түтін сорғыштардың орналасқан орындарын айқындауы қажет.

81. Бөлмеге көбік беру кезінде:

көбік оқпандарын жану деңгейінен төмен орнату;

түтін сорғыштарды және басқа желдеткіш агрегаттарды көбік оқпандары орналасқан жерден қарама-қарсы жаққа орналастыру және жану өнімдерінен қашық жерде жұмыс істеу;

үй-жайды көбікпен толтырғаннан кейін жағдайды анықтауға және қалған жану ошақтарын жою үшін газ-түтіннен қорғаушылардың буынын (бөлімшесін) дер кезінде жіберу қажет.

82. Судың шамадан тыс төгілуін болдырмау үшін:

өрт оқпаны жапқыштарын, бүріккіш оқпандарды, сондай-ақ басқа да өрт сөндіргіш заттардың шығынын реттейтін әмбебап оқпандарды қолдану;

әуе-механикалық, соның ішінде компрессионды көбікті, ұнтақ, ерітінді суды, температуралық-белсендірілген суды қолдану;

өрт оқпандарының жұмыстарын уақтылы тоқтату немесе оларды сыртқа шығару қажет.

83. Адамдар мен жануарларға қатер төнбегенде өрттің өршуі шектелгенде және оны жоюды қолда бар күштермен және құралдармен жоюды қамтамасыз ету мүмкіндігі болғанда өрт оқшауланды деп есептелінеді.

84. Жану тоқтағанда және қайта жануды болдырмау шаралары қолданылғанда өрт оқшауланды деп есептелінеді.

85. Жанудың қайта дамуын болдырмау шаралары жануды жойған орынды қадағалау кезінде жүргізіледі және жанған конструкциялар мен материалдарды бақылаулық талдау, сондай-ақ қажет болған жағдайда, өртті жою ошағын салқындату мақсатында жанған орынға су құю бойынша жұмыстарды қамтиды.

8-параграф. Арнайы жұмыстарды орындау

86. Арнайы жұмыстарға мыналар жатады:

өрт байланысын ұйымдастыру;

шақыру (өрт) орнын жарықтандыру;

конструкцияларды үйінділерді ашу және бөлшектеу;

биіктікке көтерілу (түсу);

қорғау іс-шараларын орындау;

зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

техникалық құралдардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Өрттегі байланыс (бұдан әрі – байланыс) бөлімшелерді басқаруды, олардың іс-қимыл жасауын және ақпарат алысуды қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылады.

88. Басқару байланысы ӨСБ мен жедел өрт сөндіру, өрттегі тыл бастығы (бұдан әрі – ТБ), УБ, қажет болған жағдайда, өрт сөндіру және авариялық-құтқару автомобильдері арасында орнатылады. Өрт сөндіру бөлімшелерінің жұмысын басқаруды және олардан өрттегі жағдай туралы мәлімет алуды қамтамасыз етеді.

89. Өзара іс-қимыл байланысы УБ арасында орнатылады және өрттегі учаскелер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

90. Басқару және өзара іс-қимыл байланысы үшін радиостанциялар, телефон аппараттары, сөйлесу қондырғылары, мегафондар, дауыс зорайтқыш қондырғылар, байланыс және басқа да техникалық құралдар пайдаланылады.

91. Ақпарат байланысы ӨСБ, өрт сөндіру жедел штабы, КҚЖБО (ӨСБ) арасында радиостанция және телефон арқылы орнатылады.

Бұл байланыс өрттегі және бару жолындағы КҚЖБО (БКДҚ) немесе ББП және бөлімшелер арасында өрттегі жағдай және оны сөндіру барысы, қосымша күштер мен құралдарды шақыру туралы өзара ақпараттарды, сондай-ақ ӨСБ талаптарын су өткізу, газ авариялық, энергетикалық, медициналық және өзге қызметтерге жеткізуді қамтамасыз етуі қажет.

92. Өртте радиобайланыс құралдарын пайдаланған кезде ӨСБ барлық абонеттердің радиоалмасу қағидаларын сақтауын қамтамасыз етеді.

93. Өрттегі байланыс радиостанциямен, телефонмен, дауыс зорайтқыш қондырғылармен, сөйлесу және басқа да қондырғылармен, сондай-ақ байланысшылармен қамтамасыз етіледі.

94. Көруге мүмкіншілік болмаған кезде, оның ішінде қатты түтіндеген жағдайда ӨСБ нұсқауы бойынша шақыру орнын (өрттегі) жарықтандыру жүзеге асырылады.

Шақыру орнын (өрт) жарықтандыру үшін негізгі және арнайы өрт сөндіру автомобильдеріндегі жарық беру жабдықтарын, сондай-ақ осы мақсатқа арналған басқа штаттық құралдарын қолданады. Шақыру орнына (өрт) ӨСБ нұсқауы бойынша шаруашылық объектілерінің жарық беру құралдары қосымша қолданылады.

95. Өртте жарықтандыру құралдарын орнату мынадай қағидаларды басшылыққа ала отырып жүргізу қажет:

бірінші кезекте адамдарды эвакуациялау жолдары жарықтандырылады;

жарылыс қаупі бар үй-жайларға сырттан терезе арқылы жарықтандырылады, бұл бөлмелерге прожекторларды алып кіру, оларда жану жағдайы болғанда ғана рұқсат етіледі;

қатты түтіндеген, көлемі үлкен үй-жайларға қуатты прожекторлар қойылады, жекелеген жағдайларда олар осы үй-жайларда жұмыс істеушілер үшін бағдар ретінде орнатылады;

прожекторлар, жалғастырушы муфталар, штепсельдік ажыратқыштар, жалғастырушы қорапшалар және басқа кабельдерді қосушы құралдар оларға сү тимейтін, сондай-ақ құлайтын құрылымдардан зақымдану қаупі жоқ жерлерге орналастырылады.

96. Ғимараттың (құрылыстың) конструкцияларын ашу және бөлшектеу:

адамдарды құтқару үшін қажетті жағдай жасау;

материалдық құндылықтарды құтқару;

жанудың жасырын ошақтарын анықтау;

жану аймағына өрт сөндіргіш заттарды беру және барынша тиімді пайдалану;

өрттің таралуын шектеу үшін өртке қарсы ажырату орнын дайындау;

түтін мен газды жою;

құлау қаупін болдырмау;

өрт оқпанын беру үшін өрт ошағына немесе ғимараттың ішіне кіру мақсатында жүргізіледі.

97. Ғимараттардың конструкцияларын ашу және бөлшектеу ӨТЖ-ны қолдана отырып, белгіленген жұмыстарды толық орындау үшін қажетті шеңберде жүргізіледі.

98. Жанудың жасырын ошақтарын анықтау, түтінді шығару және өрт сөндіргіш заттарды қолдану үшін өрт сөндіру құралдары ашылатын орынға шоғырланып іс-қимылға әзір болғаннан кейін конструкциялар ашылады.

99. Өрттің таралуына тосқауыл қою мақсатымен өртке қарсы ажырату орнын құру жөніндегі жұмыстар от ажырату орнына жеткенге дейін аяқталуы керек.

100. Ғимараттың конструкцияларын ашу және бөлшектеу кезінде конструкцияның көтеру қабілеттілігін бәсеңдетпеу және олардың құлауына жол бермеу, жылу жүретін және газ жүретін магистральдарды, сондай-ақ электр жүйелері мен электр қондырғыларын зақымдамау үшін қажетті барлық шараларды қолдану қажет.

101. Конструкцияларды жоғарыдан лақтырған кезде олардың түсетін орнын тексеру және қоршау қажет.

102. Түтінмен күресу үшін объектілердің түтінге қарсы қорғану жүйелерін, түтін жойғыш және түтін сорғыш өрт сөндіру автомобильдері, желдеткіштер мен брезенттік бөгеттерді қолдану қажет.

103. Ғимараттардан (құрылыстардан) эвакуациялау жолдары мен құралдарын, сондай-ақ осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген техникалық құтқару құралдарын қолдана отырып, жоғарыға көтерілу (түсу) жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда осы мақсатта өзге, соның ішінде қарапайым құралдарды қолдануға жол беріледі.

104. Жеке құрамды жоғарыға көтеру үшін қолданылған техникалық құтқару құралдарының орнын өзгерту жеке құрамды ескерткеннен кейін ғана жүргізіледі.

105. Белгіленген тәртіпте қорғану іс-шараларын орындау кезінде жабдықтар, механизмдер, технологиялық аппараттар, электр, желдеткіш және аэрациялық қондырғылар, жылу, газбен жабдықтау, кәріз жүйелері, объект ішіндегі көлік және басқа да өрт орнындағы жоғары қауіп-қатер көздері ажыратылуы (қосылуы), бұғатталуы, ал қажет болған жағдайда демонтаждалуы мүмкін.

106. Жоғары кернеуде тұрған электр қондырғыларын ажыратуды стандарттық ажыратуды (тоқсыздандыруды) объектінің немесе елді-мекеннің энергия қызметтерінің мамандары дербес немесе ӨСБ нұсқауы бойынша жүргізеді.

107. 380 Вольт және одан жоғары кернеудегі электр желілері мен қондырғыларды энергия кәсіпорындарының (ұйымдар) кезекші персоналы өкілдері ажыратады, кернеуі 380 Вольттан жоғары электр қондырғыларында өрттерді сөндіру осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес белгіленген тәртіппен жазбаша рұқсатты ресімдей отырып, оларды ажырату және жерге қосу жөніндегі операцияларды орындағаннан кейін ғана кіріседі.

Желіні тоқтан ажырату мүмкіндігі болмаған жағдайларда фазалық кернеуі 220 Вольттан жоғары емес электр сымдарын кесу арқылы ажыратуға жол беріледі. Ажыратуды электр сымдары мен ток өткізетін элементтер болған жағдайда жеке құрам ӨСБ нұсқауы бойынша жүргізеді:

өртті сөндіруге қатысушылар үшін қауіпті;

жана өрт ошақтарының пайда болу қаупін тудыр;

өртті сөндіру бойынша іс-қимылдарды жүргізуге кедергі келтіреді.

Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

108. Ажырату техника қауіпсіздігі қағидаларының талаптарын сақтап және технологиялық процестің ерекшелігін есепке ала отырып жүргізіледі.

Бұл ретте, ӨСБ электр энергиясының ажырау орнына қауіпсіздік бекетін орналастырады немесе ерекше жағдайларда жеке құрам жетіспеу кезінде "Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істеуде!" деген тыйым салу белгісін орнатуды қамтамасыз етеді.

109. Техникалық құралдардың жұмыс істеуін қалпына келтіру – өрт орнында орындалатын уақытша жөндеу жұмыстары және өрт сөндіру автомобильдеріне, жабдықтарына, ӨТЖ, байланыс және басқару құралдарына техникалық қызмет көрсету бойынша кезек күттірмейтін жұмыстар болып табылады. Көрсетілген жұмыстарды өрттегі тыл ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

9-параграф. Жиналу және бөлімшеге қайту

110. Күштер мен құралдардың жиналуы өрт жойылғаннан кейін немесе ӨСБ нұсқауы бойынша өрттегі жұмыстардың көлемі қысқарғаннан соң жүргізіледі.

111. Өрт орнында күштер мен құралдарды жинау:
жеке құрамның болуын тексеруді;
тізімдемеге сәйкес жабдықтар мен ӨТЖ жиынтығын жинау және тексеруді;
өрт сөндіру автомобильдерінде жабдықтар мен ӨТЖ орналастыру және бекітуді;
пайдаланылатын сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін қауіпсіз күйге келтіру жөнінде шаралар қабылдауды көздейді.

Өрт орнында күштер мен құралдарды жинауды аяқтау және олардың әзірлігі туралы бөлімшелерге оралуға қарауыл бастығы (аға инженер), өрт сөндіруші-құтқарушы-мотоциклші немесе бөлімше командирі ӨСБ-ге және (немесе) гарнизон диспетчеріне баяндайды.

Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

112. Тұрақты орналасу орнына оралу диспетчермен байланыс ұстау кезінде оңтайлы бағдар бойынша жүргізіледі. Бұл жағдайда өрт сөндіру автоцистерналарын сумен толтыру қажет.

113. Тұрақты орналасу орнына келгеннен соң күштер мен құралдарды 10 минуттан аспайтын уақыт аралығында әзірлікке келтіру бойынша шаралар қолданылады. Қарауылдың шығуға даярлығы КҚЖБО (БП) хабарланады.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Өртте жауынгерлік іс-қимылды жүргізу кезінде күштер мен құралдарды басқару

1-параграф. Басқару негіздері

114. Өрттегі жауынгерлік іс-қимылдарды басқару:
жағдайды бағалауды және осы Қағидаларға талаптарына сәйкес өрттегі жауынгерлік іс-қимылдарды басқарудың штаттық емес құрылымын құруды;
қойылған міндеттерді орындау кезінде жедел лауазымды тұлғалардың құзыретін және олардың жеке жауапкершілігін белгілеуді;
өртті сөндірудегі іс-қимылдарды жоспарлауды, оның ішінде қажетті күштер мен құралдарды айқындауды, өрттегі іс-қимылдарды ұйымдастыру бойынша шешім қабылдауды;
өртті сөндіруге қатысушылардың алдына міндет қоюды, бақылауды және өрттегі жағдайды өзгеруіне қажетті ден қоюды қамтамасыз етуді;

өрттегі жағдайдың өзгеруін есепке ала отырып, белгіленген тәртіпте қажетті ақпараттың тіркелуін жүзеге асыруды;

өртті сөндіру бойынша іс-қимылдардың тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-шараларды өткізуді көздейді.

115. Өрт сөндірудегі тікелей басшылықты өрт сөндіруге келген өртке қарсы қызмет гарнизонының аға лауазымды тұлғасы ӨСБ атқарады. ӨСБ дара басшылық принципінде, өрт сөндірудегі жауынгерлік тапсырманы орындауға қатысушы жеке құрамды және де өрт сөндіруге қатыстырылған күштерді басқарады.

ӨСБ нұсқауын өрт сөндіруге қатысушылардың барлығы орындаулары қажет.

ӨСБ өрт кезіндегі іс-қимылына араласуға немесе оның нұсқауын өзгертуге ешкімнің құқығы жоқ.

116. ӨСБ:

өртке қарсы қызметтің бір бөлімшесі жұмыс істеген кезде – бөлімшені басқаратын аға бастық;

бірнеше бөлімшелер жұмыс істеген кезде – өрт шыққан ауданның (объектінің) өрт сөндіру бөлімі бөлімшелерін басқаратын аға бастық немесе гарнизонда белгіленген тәртіпке сәйкес өртті сөндіруге басшылық жасауға рұқсат берілген адам болып табылады.

117. Өртке келген өртке қарсы қызметі гарнизонының аға лауазымды тұлғасы:

жағдайды бағалауға және өртті сөндіруді ұйымдастырудың дұрыстығын айқындауы

;

қосымша күштер мен құралдарды шақыру қажеттілігін анықтауы;

қажет болған жағдайда өртті басқаруды өзіне алуы қажет.

118. Аға лауазымды тұлға өрт сөндіруді басшылыққа алу бойынша өзінің қабылдаған шешімі туралы жариялайды және ШБ, ТБ және УБ хабарлайды.

119. Аға лауазымды тұлғаның өртте өрт сөндіру басшысына немесе оны аттап өтіп бұйрық беруі өрт сөндірудің басшылығын өзіне алған сәті болып саналады.

120. Өртке келген аға лауазымды тұлға басшылықты өз қолына алған-алмағанына қарамастан өрт сөндірудің нәтижесі үшін жауапты.

121. ӨСБ болатын өртке қарсы қызмет гарнизонының лауазымды тұлғалары, өте жоғарғы нөмірлі (рангімен) өрттің туындауына шақыру, төтенше жағдайға кідіртпеуге әсер тигізу жөнінде хабарлама алғанда және ӨСБ міндетін орындау мүмкін болмаған басқа жағдайларда, өртті сөндіруге қатысушылардың арасынан басқа лауазымды тұлғаны ӨСБ етіп тағайындап, өрт орнын тастап кете алады, бұл ақпарат шұғыл түрде кезекші диспетчерге, өртті сөндіруге қатысушыларға хабарланады. Бұл ретте шешімнің салдарынан жауапкершілік, оны қабылдаған лауазымды тұлғаға жүктеледі.

122. Өрттегі жағдайға байланысты ӨСБ жедел штаб, жауынгерлік учаскелер мен секторлар құруына болады.

123. Өртте екі және одан көп бөлімше жұмыс атқарғанда, өрт болған шығу ауданында орналасқан өрт сөндіру бөлімінің орта және кіші басшы құрамынан ТБ тағайындалады.

124. Өрттегі жағдай кенеттен өзгерсе және ӨСБ уақтылы бұйрық алуға мүмкіндік болмаған жағдайда бөлім басшылары (командирлері) бастамашылық көрсетіп, өздігінше іс-қимыл жасаулары керек. ӨСБ тарапынан нұсқаудың болмауы, командирдің ешқандай іс-қимыл жасамауын ақтай алмайды.

2-параграф. Өрттегі жедел штаб

125. Жедел штаб барлық ірі және күрделі өрттерде:

Өрттің жоғарғы нөмірі бойынша (рангі) күштер мен құралдарды жұмылдыру кезінде;

өрт орнында үш және одан жоғары жауынгерлік учаскелер ұйымдастыру кезінде;

мекеме әкімшілігімен өртті сөндіру кезіндегі іс-қимылдарды әбден талдап, келісу қажеттілігі кезінде;

ӨСБ шешімі бойынша жағдайға байланысты құрылады.

126. Жедел штабтың жұмысын оның бастығы басқарады және ол ӨСБ орынбасары болып табылады. Жедел штабтың құрамына ШБ орынбасары, ТБ, техника қауіпсіздігіне жауапты қызметкер және ӨСБ қарауы бойынша басқа да тұлғалар кіруі мүмкін.

Жедел штабтың жұмысы ӨСБ өкімдері мен нұсқауы негізінде іске асырылады.

127. Жедел штабтың негізгі міндеттері:

өрттегі жағдай туралы деректерді жинау, өңдеу және талдау, ӨСБ мен гарнизонның кезекші диспетчеріне қажетті ақпаратты беру;

күштер мен құралдарға қажеттілікті анықтау, ӨСЖ үшін тиісті ұсыныстар дайындау;

қойылған міндеттердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

өртті сөндіру бойынша іс-қимылдарды дайындауды ұйымдастыру және жүргізуді қамтамасыз ету;

өрттегі күштер мен құралдарды есепке алу, оларды учаскелерде (секторларда) орналастыру, осы Қағидаларға-Қағидаларға 5, 6, 7 -қосымшаларға сәйкес өкімдер мен ақпараттарды есепке алу журналын жүргізу;

өртте күштер мен құралдар резервін құру;

ГТКҚ жұмысын және өрттегі байланысты қамтамасыз ету;

өртте жеке құрамның еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету;

қажет болса, өрт болған жерді жарықтандыру;

қаланың (елді мекеннің, объектінің) басқа қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;

ұзақ өрт кезінде (үш сағаттан астам) тамақтану мен демалуды, төмен температурада жеке құрамды жылыту және жылу соққысынан қорғауды ұйымдастыру;

өртте жұмыс істейтін бөлімшелерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

өртті сөндіруге қатысатын күштер мен құралдардың әзірлігін қолдау жөніндегі шараларды іске асыру болып табылады.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Жедел штаб ӨСБ анықтаған жерге орналастырылады және штабтық столмен, басқа да техникалық құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Жедел штаб орналасатын жер: күндіз "ШТАБ" жазуы бар қызыл жалаумен, түнде – қызыл фонарьмен немесе басқа да қызыл түсті жарық көрсеткішпен белгіленеді.

129. ӨСБ өртте жұмыс істеген кезде жедел штабтың құрамына кіретін және байланысшылардың осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жеңқұбырлық таңғыштары болуы қажет.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жеке құрамның өрт дулығаларында айырым белгілері көрсетіледі.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

131. Жедел штабтың құжаттамасын жүргізу, өрт сипаттамаларын дайындау кезінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға және жол берілетін терминдердің қықартуларына сәйкес шартты белгілер қолданылады.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Өрттегі учаскелер

132. ӨСБ шешіміне сәйкес өрттегі учаскелер жауынгерлік іс-қимылдарын жүргізу орны (өрт периметрі, қабаттары, басқыш алаңдары, өртке қарсы тосқауыл және т.с.с.) немесе іс-қимыл түрлері (құтқару, жануды жою және т.с.с) бойынша құрылады.

133. Өртте бес және одан көп учаскелер құрылған кезде, бірнеше учаскелерді біріктіретін сектор ұйымдастырылуы мүмкін. Учаскедегі іс-қимылды оның бастығы, ал секторда – сектор бастығы басқарады. Учаске және сектор бастығын ӨСБ тағайындайды.

4-параграф. Өрт сөндіру басшысы

134. ӨСБ:

барлау жүргізуі және өрттегі жағдайды бағалауы;
қолдағы бар күштер мен құралдарды қолдана отырып, адамдарды құтқаруды жедел ұйымдастырып, оны жеке басқаруы, үрейді болдырмауы;

осы Қағидаларға 11-қосымшасына сәйкес шешуші бағытты, күштер мен құралдардың қажетті санын, өрттегі іс-қимылдардың тәсілдері мен әдістерін айқындауы;

бөлімшелерге тапсырма беруі, олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыруы және қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуі;

өрттегі жағдайдың өзгеруін үнемі бақылауы және тиісті шешім қабылдауы;

өрт болған жерге келген кезде, оның сырт көріністері бойынша ҚҚЖБО (ББП) ақпарат беруі;

шешім қабылдағаннан және бұйрық берілгеннен кейін диспетчерге тікелей өзі немесе жедел өрт сөндіру штабы арқылы өрт сөндіру объектісінің мекенжайы, оның жедел-тактикалық сипаттамасы, не жанып жатқандығы (немесе жанғандығы), өрттің ауданы, адамдардың өміріне қатердің болуы мен өрттің өршу қаупі туралы, іс-қимылға қандай күштер мен құралдар енгізілгендігі, қосымша күштер мен құралдардың қажеттілігін хабарлауы;

бұдан әрі ҚҚЖБО (ББП) тұрақты байланыс ұстап, қабылдаған шешімдер және өрттегі жағдайдың ахуалы туралы мерзім мерзіммен хабарлауы;

қосымша күштер мен құралдарды біруақытта шақыру және олардың кездесуін ұйымдастыруы;

өртке аға лауазымды тұлға келген соң жағдайды, өрт сөндіру жөнінде қабылданған шешімдер туралы, өрт орнында қандай күштер мен құралдардың барын, іс-қимылға енгізгендігін, қосымша шақырылған туралы баяндауы;

жағдайға байланысты өрттегі жедел штабты ұйымдастыруы және олардың орналасу орнын айқындауы;

жедел өрт сөндіру штабына өрттегі жағдай, жұмылдырылған күштер мен құралдар, олардың орналасуы және бұрын қабылданған шешімдер туралы хабарлама беруі;

өздерінің орналасқан орны туралы жедел штабты хабардар етуі және оларды барлық қабылданған шешімдер туралы хабарлауы;

тікелей немесе жедел өрт сөндіру штабы арқылы өрттегі жауынгерлік іс-қимылдармен қамтамасыз етуі;

еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігінің қағидалары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі, өрт сөндіруге қатысушыларға олардың өмірі мен денсаулығына қауіп туындағандығы туралы ақпарат жеткізуі;

аға басшы құрам арасынан техника қауіпсіздігінің сақталуына жауапты тұлғаны тағайындауы;

қажетіне қарай алғашқы көмек пунктін ұйымдастыруы;

күштер мен құралдардың резервін құруы, жұмыс істеушілердің демалуына, жылынуына және құрғақ киім ауыстырып киюіне мүмкіндік беріп мерзім бойынша оларды ауыстыруы;

өртке әртүрлі бағыттан күштер мен құралдар келген жағдайда, тыл бастығына жүріп тұру және байланыс құралдары бар көмекшілерді бөлуі;

өрт сөндіру барысында жұмыстың қарқынын тоқтатпай су қорын тауысқан өрт сөндіру автоцистерналарына су құю мүмкіндігін пайдалануы;

қажет болған жағдайда өртті сөндіруге тартылған қызметтермен (қоғамдық тәртіп сақтау, энергетикалық, су құбырының, газдың, медицинаның және т.б.) өзара іс-қимыл ұйымдастыруы, объектідегі инженер-техник қызметкерлерімен тұрақты байланыс ұстауы және объектінің нұсқамалары мен нұсқауларын ескере отырып, өрт сөндірудің тәсілі мен құралдары туралы шешім қабылдауы;

осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес өрт туралы актіні толтыруы не оны толтыруды өрт орын алған шығу ауданындағы (объектідегі) өрт сөндіру бөлімін басқаратын аға бастыққа тапсыруы;

оның шыққан негізгі орнын, артық бұзылудан сақтауы, өртке себеп болған заттарды анықтап сақтауы, шара қабылдауы, сондай-ақ өрт туралы акт жасауға қажетті мәліметтер жинауы, бұл үшін сынақ зертханасының анықтама қызметкерлерін қатыстыруы;

өрттің жойылғанына өзінің көзін жеткізуі, сөндірілген өрт орнына бақылаудың қажеттілігі және ұзақтығын анықтауы (оның ішінде жану орнынан су құюы);

эвакуациялауы, төгілген судан қорғау және құқық қорғау органдары қызметкерлері келгенге дейін эвакуацияланған материалдық құндылықтарды күзету шараларын қабылдауы қажет.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Өртті сөндіру үшін қажетті қосымша күштер мен құралдарды айқындау кезінде , ӨСБ:

шақырылған күштер мен құралдар іс-қимылға енгізілгенше өрттің таралу көлемін; оқпандарды беру үшін қажетті күштер мен құралдардың санын, адамдарды құтқару, ғимараттың конструкцияларын ашу және бөлшектеу және мүліктерді эвакуациялау бойынша жұмыстың аумағын;

арнайы қызметтерді жұмылдыру қажеттілігін;

суды өрт сөндіру автоцистерналарымен, су шашатын машинамен жеткізудің немесе суды айдау арқылы беруді ұйымдастырудың қажеттілігін ескеру керек.

136. Өртте күштер мен құралдарды орналастыруда өзгерістер енгізілген жағдайда, ӨСБ қайта толтыру туралы шешім қабылдап, оны бөлім басшыларына жеткізіп, қайта топтасуды, кімге, қайда және қалай жүргізу керектігін көрсету керек.

137. Бұйрықтар қысқа, дәл және анық болулары керек. Бұйрықтардың мазмұнына сәйкес ӨСБ оны орындаушыларға жеке өзі, жедел штаб немесе байланысшылар арқылы, сондай-ақ техникалық байланыс құралдарының көмегімен береді.

138. ӨСБ өртті сөндіру жөнінде қабылдаған шаралардың орындалуының дұрыстығын белгілеуі және әрбір учаскеде өртті сөндіруге күштер мен құралдардың қажеттілігін анықтауы қажет.

139. ӨСБ:

өртте лауазымды тұлғаларды тағайындайды және оларды міндеттерін орындаудан босатады;

кәсіпорын әкімшілігінен және тіршілікті қамтамасыз ету қызметтерінен өрт сөндіруді ұйымдастыруға қажетті ақпарат алады;

жедел штаб, учаскелер мен секторларды құру, қосымша күштер мен құралдарды жұмылдыру, сондай-ақ олардың орналасу орнын өзгерту бойынша шешім қабылдайды;

өрт орнынан өртке қарсы қызметінің өрт сөндіру бөлімінің, жұмылдырылған күштер мен құралдардың кету тәртібін айқындайды.

5-параграф. Жедел штаб бастығы

140. Штаб бастығы ӨСБ-ге бағынады және оның орынбасары болып табылады, ӨСБ шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді, жедел штабты басқарады. Жедел штабтың бастығына тікелей бағынышты болып штабтың лауазымды тұлғалары кіреді.

141. ШБ өртті сөндіру кезінде өртті сөндіру бойынша іс-қимылдың бастан аяғына дейін штаб орналасқан жерде болуы керек.

142. Ірі өрттерді сөндіру кезінде ШБ ӨСБ келісімімен осы Қағидалардың талаптарына сәйкес штаб міндеттерін орындау үшін өзара міндеттерін бөле отырып, өзіне орынбасарлар тағайындай алады.

143. ШБ осы Қағидалардың 137-тармағында көзделген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ете отырып, штабтың жұмысын басқаруы керек, оның ішінде:

ӨСБ қабылдаған шешімге сәйкес күштер мен құралдарды орналастыруы;

өртте үздіксіз барлауды ұйымдастыру және жауынгерлік учаске бастықтарынан мәліметтер ала отырып өрттегі жағдайды зерттеуі;

қосымша күштер мен құралдарды шақыруы, ӨСБ бұйрықтарын бөлімше басшыларына жеткізуі;

өрттегі байланысты ұйымдастыру;

ӨСБ барлау нәтижесін және өртті сөндірудің жүргізілуі мен жағдайын баяндауы;

кідіртпейтін жағдайларда, кейіннен ӨСБ баяндау арқылы өздігінше шешім қабылдауды жүзеге асыруы;

ӨСБ және штаб бұйрықтарының орындалуын бақылауы;

келген бөлімшелерден резерв құруы;

қаланың (объектінің) арнайы қызметтерін шақыруы, олармен өзара іс-әрекетті ұйымдастыруы;

КҚЖБО (ББП) өрт туралы мәліметтерді беруі;

белгіленген тәртіпте ішкі істер органының өрт сынақ зертханасымен және жедел тергеу тобымен өзара іс-қимыл ұйымдастыра отырып, өрттің туындау себебі мен оған кінәлі тұлғалар туралы мәлімет жинауды қамтамасыз етуі;

тыл бастығы мен байланысшыларды қатыстыра отырып, жедел штабтың құжатынтарын жүргізуі;

өртте ұзақ уақыт жұмыс істеу кезінде жеке құрамды тамақтандыру мен алмастыруды ұйымдастыруы керек.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Штаб бастығы:

өрт сөндіруге қатысушылар мен жедел штабтың құрамына кіретін лауазымды тұлғаларға өз құзыреті шегінде орындау үшін нұсқаулар береді;

кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда ӨСБ атынан өрт сөндіруге қатысушыларға нұсқау беріп, кейіннен бұл туралы ӨСБ баяндайды;

адамдардың, оның ішінде өрт сөндіруге қатысушылардың (конструкциялардың құлауы, жарылыс және басқа да өрттегі жағдайдың өзгеруі, кейінге қалдырмай шешім қабылдауды талап ететін) өмірі мен денсаулығына анық қауіп туғанда бұрын берілген нұсқаулардың орындалуын жояды немесе тоқтатады.

6-параграф. Тыл бастығы

145. ТБ басшы құрам қатарынан тағайындалады және ӨСБ, ШБ бағынады және өрттегі тыл жұмысына жауап береді.

146. Орынға шығарылмаған өрт сөндіруге қатысушы күштер мен құралдар, оның ішінде негізгі, арнайы немесе көмекші өрт сөндіру автомобильдері және басқа да ұтқыр техникалық құралдар (отын құйғыш, автошебер, автобустар және т.б.) сондай-ақ, өрт сөндіргіш құралдар резерві, ӨТЖ тыл бастығының қарамағына беріледі.

Тыл жұмысын әр бағытта басқару үшін ТБ-ға көмекшілер тағайындалады.

147. Тыл бастығы:

су көздеріне барлау жүргізуі, сорғы-жеңкұбыр жүйесін тандауы;

өрт сөндіру автомобильдерін күтіп алып, су көздеріне орналастырылуын ұйымдастыруы;

күштер мен құралдардың резервін шоғырландыруы;

ӨСБ, ШБ суды айдау арқылы немесе тасып берілуін ұйымдастыру үшін өрт сөндіру автомобильдерінің қажетті саны туралы баяндауы;

өрт сөндіргіш заттардың үздіксіз берілуін қамтамасыз етуі, қажет болғанда өрт орнына арнайы өрт сөндіргіш заттар мен материалдарды жеткізуді ұйымдастыруы;

қаланың, объектінің сумен жабдықтау қызметтерімен бірге өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыруы;

жеке құрамды резервтік жауынгерлік киіммен және тыныс алу органдарын қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге шаралар қабылдауы;

өрт сөндіру автомобильдерін жанар-жағармай және басқа пайдалану материалдарымен уақтылы қамтамасыз етуді ұйымдастыруы;

жеңқұбыр жолдарын қорғауды, сонымен қатар патрульдік полиция қызметкерлерімен тыл учаскесінде қаланың көлік қозғалысын ретке келтірудегі өзара іс-қимылдарды қамтамасыз етуі;

қажет болғанда өрт сөндіру автомобильдері мен жабдықтардың жұмысын қалпына келтіруді ұйымдастыруы;

өрт сөндіру автомобильдерінің жұмысын, өрт сөндіргіш заттары мен материалдарының есебін жүргізуі, өрт сөндіру автомобильдерін су көздеріне орналастыру мен магистральдық жеңқұбыр жолдарын төсеу схемасын құруы қажет.

Ескерту. 147-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2019 № 581 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

148. Тыл бастығы:

тыл жұмысына жұмылдырылған өрт сөндіруге қатысушыларға орындау үшін өзінің құзыретінде нұсқау береді;

өрт сөндіруге қатысушылардан және елді мекендегі, объектідегі, тіршілікті қамтамасыз ету қызметтердің лауазымды тұлғаларынан, сондай-ақ өрт орнына келген ішкі істер органының лауазымды тұлғаларынан олардың міндеттерді, сондай-ақ жедел штабтың нұсқауларын және өз нұсқауларын орындауын талап етеді;

ӨСБ және жедел штабқа өртті сөндіру үшін күштер мен құралдардың резервін құру қажеттілігі туралы ұсыныс береді;

ӨСБ, ШБ келісімімен, өрт орнына қажетті материалдық-техникалық ресурстар жеткізу туралы кезекші диспетчерге нұсқау береді.

7-параграф. Өрттегі учаскенің (сектордың) бастығы

149. УБ, сектор бастығы ӨСЖ-ға тікелей бағынады, өзі тұрақты болатын тиісті учаскеде қойылған тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді және оны ӨСЖ рұқсатымен ғана тастап кете алады.

УБ-ға учаскеге берілген өрт сөндіруге қатысушылар мен құралдарды басқарады.

150. УБ:

үздіксіз барлау жүргізу және ӨСЖ, ШБ учаскедегі жағдай туралы баяндау;
учаскедегі адамдар мен мүлікті құтқаруды қамтамасыз ету және ӨСЖ шешімдерін орындау;

учаскеде күштер мен құралдардың орналасуын жүргізу;

өзінің учаскесінде жұмыс істеп жатқан бөлімшелердің көрші учаскелердегі бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

учаскеде өртті жоюды қамтамасыз ететін күштер мен құралдардың маневрін және оларды жылдам түрде қайта топтастыру, ӨСЖ немесе ШБ-ға қабылдаған шешімдер туралы баяндау;

позицияларда өрт сөндіргіш заттар беруді қамтамасыз ету;

учаскеде байланыс ұйымдастыру;

берілген міндеттерді шешу үшін, қажет болған кезде, ӨСЖ, ШБ-дан қосымша күштер мен құралдар сұрату;

учаскеде ГТҚҚ буындарының жұмысын ұйымдастыру;

еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау жөніндегі Қағидаларға орындалуын қамтамасыз ету, өрт сөндіруге қатысушыларға олардың денсаулығы мен өмірі үшін қатер туындағаны туралы ақпаратты жеткізу;

ӨСЖ-ға қойылған міндеттердің орындалуы, өрттің шығу себебін және оның туындауына қатысты адамдар туралы ақпаратты баяндау, учаскеде анықталған өртке қатысы бар ықтимал айғақты заттардың сақталуына шара қабылдау қажет.

151. УБ:

учаскедегі өрт сөндіруге қатысушыларға өз құзыреті шегінде орындау үшін міндетті нұсқаулар береді;

адамдардың денсаулығы мен өміріне, оның ішінде өрт сөндіруге қатысушыларға анық түрде қатер туындау кезінде, бұрын берілген нұсқаудың орындалуын жояды немесе тоқтатады (кейінге қалдырмай шешім қабылдауды талап ететін, конструкцияның құлауы, жарылыс және өрттегі жағдайдың басқа да өзгерістері);

ӨСЖ, ШБ, кәсіпорын әкімшілігінен және тіршілікті қамтамасыз ету қызметтерінен өрт сөндіруге қажетті ақпарат алады;

учаскеден өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің, тартылған күштер мен құралдардың кету тәртібін айқындайды.

4-тарау. Өрт сөндіруге қатысушылар

1-параграф. Өрт сөндіруге қатысушыларға қойылатын талаптар

152. Өртті сөндіруге тікелей қатысатын өртке қарсы қызмет гарнизоны бөлімшелері мен басқару органдарының жеке құрамы, мемлекеттік емес өртке қарсы құралымдар, ерікті өртке қарсы құралымдар, халық, ішкі істер органдарының әскери бөлімдері мен бөлімшелері өрт сөндіруге қатысушы болып табылады.

Ескерту. 152-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

153. Өрт сөндіруге қатысушылар:

өрт сөндірумен байланысты қойылған міндеттерді орындауды;

бекітілген өрт сөндіру автомобилінің, ӨТЖ және жабдықтың тиімді, үздіксіз жұмыс істеуін, олардың сақталуын, ақаулықтарды анықтау және жою бойынша шара қабылдауды;

өрттегі жағдайдың өзгеруін, берілген командалар мен сигналдарды мониторингтеуді, ӨСЖ немесе басқа да жедел лауазымды тұлғалардың нұсқауы бойынша, сондай-ақ тікелей басшысына кейіннен баяндай отырып, өздігінен өз іс-қимылына түзету енгізуді;

өртте белгіленген тәртіпте байланыс ұстауды;

қауіпсіздік техникасын сақтауды;

зардап шеккендерге өзара көмек және алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді;

қойылған міндеттерді табысты шешуге қажетті және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Қағидалардың талаптарына қайшы келмейтін іс-қимылдарды орындауды;

өрттің өршуіне кедергі болатын және олардың жойылуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды;

өрт орнынан адамдар мен мүлікті эвакуациялауды қамтамасыз етеді.

154. Өртті сөндіруге қатысушылар белгіленген тәртіппен мынадай негізгі мамандықтар бойынша міндеттерді орындайды:

өрт сөндіруші, (аға өрт сөндіруші);

өрт сөндіруші-мотоциклші;

өрт сөндіру автомобилінің жүргізушісі;

бөлімше командирі;

қарауыл бастығы (аға инженер).

Ескерту. 154-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

155. Өрт сөндіруге қатысушылар өздерінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны, сондай-ақ оларға берілген мүмкіндіктерін дұрыс және толық түрде пайдаламағаны үшін жауапты.

156. Өрт сөндіруге қатысушылар өртті жою (оқшаулау) барысында қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаны туралы ақпарат алған не оның жасалғанын көрсететін белгілер анықталған кезде оқиға орнына ішкі істер органдарының кезекші тергеу-жедел тобын кейіннен жіберу үшін бұл жөнінде өрт сөндіру басшысына баяндайды.

2-параграф. Өрт сөндіруші (аға өрт сөндіруші)

157. Өрт сөндіру кезінде өрт сөндіруші:
өрт сөндіру бойынша өз міндетін, сондай-ақ бөлімшенің міндетін білуі;
командирлер және бастықтардың командалары мен бұйрықтарын сөзсіз, нақты және мерзімінде орындауы;
командирдің рұқсатынсыз өз позициясын тастамауы;
өз бөлімшесінің командирімен және өрт сөндірушілерімен байланыс ұстауы;
өрт сөндіру бойынша міндетті орындау кезінде ақылға қонымды бастамашылық пен тапқырлық танытуы;
адамдардың өміріне қауіпті байқаған жағдайда оларды ескерту және құтқаруға шара қабылдауы, ол жөнінде бөлімше командиріне баяндауы;
зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуі;
ӨТЖ дұрыстығын қадағалауы және оны ұқыпты ұстауы;
еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша қағидаларды сақтауы;
жұмыс аяқталуы бойынша бекітілген ӨТЖ барын тексеру, нәтижелерін бөлімше командиріне баяндауы қажет.

Ескерту. 157-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

158. Барлау құрамына кіретін өрт сөндіруші:
қажетті жарақтарды және ӨТЖ өзімен бірге алып жүру;
барлауды басқарушының соңынан қалмай жүру;
айналасындағы жағдайды мұқият бақылау;
қауіпті жағдайда адамдарды анықтаған, үй-жайларда және ғимарат конструкцияларының қуыстарында от немесе түтін пайда болған кезде барлауды басқарушы тұлғаға дереу баяндау қажет.

159. Адамдарды құтқару кезінде өрт сөндіруші:
командир көрсеткен құтқару тәсіліне қажетті ӨТЖ өзімен бірге алып жүру;
үй-жайға кірген кезде құтқарылатындарға көмек көрсетілетіндігі туралы хабарлау;
командир көрсетпеген жағдайда қысқа, барынша қауіпсіз жол мен құтқару тәсілін таңдау;

от пен түтіннің әсерінен құтқарылушыны қорғау шараларын қабылдап, құтқарылушымен жоғары температура мен қалың түтін аймағынан айрықша жағдайларда ғана бірге өту қажет.

160. Жеңкұбыр жолдарын төсеу кезінде өрт сөндіруші:
оқпаншылар шебіне барынша қолайлы және қысқа жолды таңдау;
жеңкұбырларды өткір немесе жанып жатқан заттар, сондай-ақ күйдіретін заттар төгілген жерлер бойынша төселуіне жол бермеу қажет. Егер басқа жол болмаған кезде

жеңқұбырларды тарту үшін қолдағы бар материалдардан төсеніш салу және зақымданудан оларды қорғау үшін басқа құралдарды пайдалану;

жеңқұбыр жолдарымен ғимараттың өтетін жерлері мен басқыштарын үймелемеу, көбіне жеңқұбыр жолдарын басқыш торларында белдеулер арасында тарту;

жеңқұбыр жолдарын көшенің, жолдың, ауланың шетімен, мүмкіндігінше, жолдың жүрмейтін бөлігімен, ал теміржол төсемінде рельстердің астынан тарту;

жолдың (көшенің) жүретін бөлігіне салынған жеңқұбырды жеңқұбыр көпіршелерімен қорғау;

тарамдарды жолдың жүретін бөлігіне орнатылуына, жеңқұбырдың бұралуына және бүгілуіне, жалғанатын жерлерінің жолдың қатты бетіне соғылуына, сондай-ақ кедергілердің үстінен тартқан кезде жеңқұбырлардың күрт бүгілуіне жол бермеу;

жоғарыда тартылатын жеңқұбыр жолдарын жеңқұбыр ұстағыштарымен бекіту;

оқпаншының қозғалуы үшін және өрт оқпанымен маневрді қамтамасыз ету үшін қажетті жеңқұбыр қорын жасау;

қажет болған кезде жеңқұбыр жолдарын өрт оқпаны тұсынан ұзарту;

автосатыда жеңқұбыр жолдарын жеңқұбыр ұстағыштарымен бекіте отырып, басқыштар арасына орналастыру қажет.

161. Материалдық құндылықтарды эвакуациялау кезінде өрт сөндіруші:

командир көрсеткен орынға эвакуациялау ретін сақтау;

эвакуацияланатын материалдық құндылықтарды ұқыпты қарау және олардың сақталу шараларын қабылдау;

эвакуациялау жолдарына бөгет жасамау қажет.

162. Өрт оқпанымен жұмыс жасау кезінде өрт сөндіруші:

жеңқұбыр жолдарының қажетті қорын жасап, жану орнына мүмкіндігінше жақындау;

барынша қарқынды жанған жерге, түтінге емес, жану байқалған конструкциялар мен заттарға су ағынын бағыттап, өрт оқпанымен алға жылжу;

су ағынын оттың таралуына қарсы, бірінші кезекте, конструкциялардың жануы немесе беріктігінің өзгеруі бүкіл конструкцияның немесе құрылыстың бір бөлігінің құлауына әкелуі мүмкін бөліктеріне бағыттау;

тік жерлерде сөндіру кезінде су ағынын жоғарыдан төменге қарай бағыттау;

позицияны ауыстыру кезінде су ағызуды уақытша тоқтату немесе өрт оқпанын төмен қаратып ауыстыру;

биіктікте ең қауіпсіз позицияны таңдап, бұл ретте бөлімше жарағындағы сақтау құралдарын қолдану;

сатыда карабинмен бекітілгеннен кейін ғана өрт оқпанымен жұмыс жасау;

су ағызу тоқтағаннан кейін де өрт оқпанын қараусыз қалдырмау ;

егер техника қауіпсіздігінің барлық талаптары орындалмаса, кернеуде тұрған электр сымдарына қол тигізбеу және су ағынын бағыттамау;

оңай сынатын немесе шыны ыдыстары бар кездегі жануларды, суды шашырата себу арқылы немесе көбікпен сөндіру;

жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтық бар ыдыстарды, сығылған газы бар баллондарды, қысымда тұрған қондырғыларды және аппараттарды, жылу әсерінен сақтау, қызған жерді бірқалыпты салқындата отырып қорғау;

көбік беретін жерге су ағынын бағыттамау;

жану өшірілгеннен кейін өрт оқпанын жабу немесе сыртқа шығару қажет.

163. Ғимарат конструкциясын ашу және бөлшектеу кезінде өрт сөндіруші:

бөлімше командирі көрсеткен шекте жұмыс жүргізу;

қолда бар қарапайым құралдар мен механикаландырылған құралдарды қолдану;

өшіру құралдары дайын болғаннан кейін жану ошағын сөндіру үшін конструкцияларды ашу;

ғимаратқа, жабдықтар мен материалдық құндылықтарға барынша аз зиян келтіре отырып, ашу және бөлшектеу жұмыстарын орындау;

олардағы құбыр жолдары мен арматуралардың, сондай-ақ байланыс және электр желілерінің зақымдануына жол бермеу;

сақтық шараларын сақтай отырып, командирдің рұқсатымен әр түрлі конструкцияларды жоғарыдан тастау;

биік тік құрылыстардың, конструкциялардың (металл құбырлардың, антенналық қондырғылардың және т.б.) құлауын болдырмау үшін олардың бекітілген жерінің зақымдануына (тарту, керме, тірек және т.б.) жол бермеу қажет.

164. Өрт сөндіруші-байланысшы:

командирдің бұйрықтарын алып және нақтылай отырып, оларды дер кезінде бұрмалаусыз адресатқа жеткізу керек, содан кейін бастыққа қайта оралып, бұйрықтарды бергені жөнінде баяндау;

радиостанция және телефон бойынша жедел штабпен, КҚЖБО (ББП) тұрақты байланысты орнату және ұстау;

өзінде жылжымалы радиостанция, телефон анықтамалығы, шақыру белгілерінің тізбесі, таза парағы бар блокнот, қарындаш пен шам болуы керек.

Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

165. Өрт сөндіруші жойылған өрт орнында:

өрт жойылған бүкіл аумақты бақылау, жану ошағын байқаған кезде ол туралы кезекші диспетчерге хабарлауға және оны сөндіруге кірісу;

қарауыл кезекшісімен мерзімді байланыс ұстау, оған күзету учаскесіндегі жағдайды хабарлау;

өз бастығының бұйрығынсыз күзету учаскесін тастап кетпеу;

кету туралы рұқсат алғаннан кейін объектінің әкімшілігін ескерту қажет.

166. Өрт сөндіруші-құтқарушы өртті сөндіру барысында бөлімшенің жеке құрамы арасында белгіленген жұмыстарды орындайды.

Ескерту. 166-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1-Параграф. Өрт сөндіруші-құтқарушы-мотоциклші.

Ескерту. Қағида 2-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166-1. Өрт сөндіруші-құтқарушы-мотоциклші дербес тактикалық бірлік болып табылады және бастапқы кезеңде өрттерді сөндіру үшін жаңғыртылған.

166-2. Оның негізгі міндеті:

шақыру орнына қысқа мерзімде келу, барлау жүргізу, жағдайды бағалау, бұл қосымша күштер мен құралдарды тартпауға мүмкіндік береді;

өрт, жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге құтқару немесе алғашқы көмек көрсету;

өртті оның дамуының бастапқы сатысында жою немесе гарнизонның негізгі күштері мен құралдары келгенге дейін оны тежеу, оның ішінде электр қондырғыларындағы өртті кернеумен жою;

166-3. Өрт сөндіруші-құтқарушы-мотоциклшіге:

барлау жүргізу және өрттегі жағдайды бағалау;

өрт орнына келгеннен кейін оның сыртқы белгілері бойынша өрт объектісінің мекенжайын ҚКЖБО-ға (ББП) ақпарат беру, оның жедел-тактикалық сипаттамасы, жанып жатқан (немесе өртенген), өрттің ауданы, адамдардың өміріне қауіп төніп тұр ма және өрттің пайда болу қаупі бар ма, күштер мен құралдарды қосымша тарту қажеттілігі бар ма;

адамдарды құтқаруды дереу ұйымдастыру және жеке басқару, дүрбелеңнің алдын алу;

өрттегі жағдайдың өзгеруін үнемі қадағалап, тиісті шешімдер қабылдау;

аға лауазымды адам келгенге дейін қабылданған шешімдер туралы және өрттегі жағдай туралы мерзімді түрде хабарлау;

аға лауазымды адам өртке келген соң, қосымша қандай күштер мен құралдар шақырылғаны туралы баяндау;

баяндамадан кейін аға лауазымды тұлғаға (ӨСБ) бағынады және осы Қағидалардың 157-163-тармақтарын басшылыққа алуы қажет.

3-параграф. Өрт сөндіру автомобилінің жүргізушісі

167. Өрт сөндіру автомобилінің жүргізушісі:

автомобильге жеке құрамды отырғызу және ӨТЖ орналастыру қағидаларын білу және сақтау;

жол қозғалысы қағидаларын және өрт сөндіру автомобилін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қатаң сақтау;

автомобильді өрттің кенет өршуі кезінде автомобильді қауіпсіз орынға шығара және басқа автомобильдердің маневр жасауын қамтамасыз ете алатындай етіп орналастыру;

автомобиль жүйелерінің, тетіктері мен агрегаттарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ете отырып, оның қасынан кетпеу, аға бастықтардың, диспетчерлердің командалары мен нұсқауларын үнемі қадағалау және оларды жедел орындау;

радиостанцияда жұмыс істей білу, радио алмасудың қағидаларын білу және сақтау; өрт сөндіргіш заттардың үздіксіз берілуін қамтамасыз ету;

жеңкұбыр жолдарына су берген кезде оның қысымын біртіндеп көтеру және оны бастықтың бұйрығына сәйкес ұстап тұру;

төменгі температура кезінде сорғыштың жұмысын тоқтатпау;

жанар-жағармай материалдарының (бұдан әрі – ЖЖМ) және өрт сөндіргіш заттардың шығынын бақылау және оларды толықтыру қажеттілігі туралы уақтылы баяндау;

автомобиль тетіктері мен агрегаттарының қалыпты жұмысы бұзылған жағдайда бастыққа баяндау, сонымен бірге ақаулықтарды анықтау және оларды жою бойынша шара қабылдау;

өртте автомобильге техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау;

қажет болған кезде каскамен және тыныс алу органдарын қорғау құралдарымен жұмыс істеу;

еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау жөніндегі қағидаларды сақтау қажет.

168. Автосатыда немесе автокөтергіште жұмыс істеген кезде жүргізуші:

жол үстінде, әсіресе, бұрылыстарда, көпірдің, электр беру желілерінің және арканың астынан өткен кезде автосатының немесе автокөтергіштің көлемін ескеру;

автосатыны (автокөтергішті) жылжытуға орнатқан кезде автомобильді алаңның еңкіштігін ескере отырып, берік топыраққа (көпірге) орнату;

автомобильді сатының немесе көтергіш жебесінің барынша жылжуын және маневр жасауын ескере отырып орнату;

сатының бүгілетін жерінде немесе автокөтергіштің аспа бесігінде біруақытта болатын адамдардың барынша рұқсат етілетін санын қатаң қадағалау;

өрт каскасымен және қажет болғанда тыныс алу органдарын қорғау құралдарымен жұмыс істеу қажет.

4-параграф. Бөлімше командирі

169. Шақыру орнына (өртке) бөлімше командирі қарауыл құрамында келген кезде осы қарауыл (ауысым) бастығының қойған міндеттерін орындайды.

170. Бөлімше командирі бөлімше жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады және оның іс-қимылдарына жауап береді. Ол бөлімшенің жұмысын басқарады.

171. Бөлімше командирі:

өрт орнына келуі бойынша аға бастық келгенге дейін өрт сөндіруді басқару қажет. Басқа жағдайларда ӨСЖ баяндау және одан әрі оның бұйрығын орындау;

өз бөлімшесінің және қарауылдың міндетін білу, оны әрбір өрт сөндірушіге жеткізу;

өрт сөндіру есептобының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

өрт сөндірушілердің бұйрықтарды, командалар мен сигналдарды дұрыс және нақты орындауын қамтамасыз ету;

бөлімшенің жеке құрамы арасында дене күш жүктемесін бірқалыпты бөлу;

бөлімше жеке құрамының еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша қағидаларды орындауын бақылау және өзі сақтау;

көрсетілген жұмыс учаскесіндегі ықтимал қауіп туралы бөлімшенің жеке құрамына хабар беру;

өзі бағынатын бастықпен байланыс ұстау, оған жұмыс учаскесіндегі жағдайдың өзгергендігі туралы баяндау;

радиостанцияда жұмыс істей білу;

өрт орнын үздіксіз бақылауды ұйымдастыру;

өрт сөндіру құралдарын үнемі дайындықта ұстау;

жану ошағын байқағанда, оларды жою шараларын қабылдау және ол жөнінде өрт сөндіру бөлімінің диспетчеріне хабарлау;

құрамына бөлімше кіретін қарауыл бастығының (аға инженердің) бұйрығы бойынша бөлімшеге қайтып оралу, бөлімшенің кетуі туралы объектінің әкімшілігін хабардар ету және оларға одан әрі бақылау жүргізуді тапсыру қажет.

172. Бөлімшенің орналасу орнына қайтып келуі бойынша бөлімше командирі күштер мен құралдарды әзірлікке тез келтіріп, бұл туралы кезекші қарауыл (ауысым) бастығына баяндау қажет.

5-параграф. Қарауыл бастығы (аға инженер)

173. Қарауыл бастығы (аға инженер) қарауылдың жұмысын басқарады, жеке құрамның және өзінің еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қағидаларын сақтауына, жеке құрамның қауіпсіздігіне, өрт сөндіру бойынша міндеттің орындалуына, өрт сөндіру автомобильдері мен ӨТЖ сақталуына жауап береді.

174. Шақыру орнына қарауыл бірінші болып келгеннен кейін қарауыл бастығы (аға инженер) ӨСЖ ретінде осы Қағидалардың 135-140-тармақтарын басшылыққа алады, ал

қосымша шақыру бойынша ӨСЖ-ға (жедел штабқа) баяндауға, тапсырма алуға және оның орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

175. Шақыру орнына (өртке) жол жүру кезінде қарауыл бастығы (аға инженер):

қозғалыстың оңтайлы бағдарын анықтау, жүргізушінің гарнизон бастығы белгілеген қозғалыс жылдамдығы мен жол қозғалысы ережелерінің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығына сәйкес талаптарын сақтауын қамтамасыз ету (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген);

өрт сөндірудің жедел құжаттамасымен (жедел жоспарлар, карточкалар, су көздерінің планшеттерімен және т.б.) танысу;

радиостанция арқылы өрт орнынан ҚҚЖБО (ББП) ақпаратын үнемі тыңдау;

жолда тоқтаған кезде осы Қағидалардың 19-тармағын басшылыққа алу керек.

Ескерту. 175-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

176. Авариялық-құтқару жұмыстарын (бұдан әрі - АҚЖ) жүргізу кезінде қарауыл бастығы (аға инженер):

қауіп төнген адамдарға көмек көрсету үшін қарауылдың күштері мен құралдарын бөлу;

бөлімше командирлеріне адамдарды құтқарудың жолдары мен тәсілдерін көрсету;

адамдарды құтқарумен бірге құтқару бойынша жұмыстарына қамтылмаған жеке құрамды бөле отырып, өрт сөндіру жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

177. Күштер мен құралдарды өрістету кезінде қарауыл бастығы (аға инженер) қажетті күштер мен құралдарды іс-қимылға уақтылы енгізуді есепке алып, әрбір бөлімшенің міндетін айқындау қажет.

178. Материалдық құндылықтарды эвакуациялауды ұйымдастыру кезінде қарауыл бастығы (аға инженер):

эвакуациялаудың кезегі мен жолдарын көрсетіп, оны басқару үшін бөлімше командирін тағайындау, сондай-ақ эвакуациланған материалдық құндылықтарды орналастыру үшін орын белгілеу және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

эвакуациялауды өрт сөндірумен қатар жүргізу қажет.

179. Жануарларды эвакуациялау кезінде қарауыл бастығы (аға инженер):

жануарларға төнген қатер сипатын, олардың түрін, санын, күту тәсілін, эвакуациялау жолының жағдайын белгілеу;

эвакуациялау тәсілі мен орнын айқындау;

түтінді жою бойынша шара қабылдау;

эвакуациялауға қызмет көрсетуші персонал мен өртке қарсы авариялық-құтқару құралымдарының мүшелерін тарту;

өртті жою үшін өрт оқпандарын бірдей бере отырып, жануарларды қауіпсіз эвакуациялауға барлық шығу жолдарын пайдалану қажет.

5-тарау. Күрделі жағдайларда өрт сөндіру ерекшеліктері

1-параграф. Тыныс алуға жарамсыз ортада өрт сөндіру

180. Жанып жатқан және шектескен бөлмелерде түтіннің болуы өрт сөндіру бойынша іс-қимылды жүргізуге мүмкіндік бермейді немесе оны айтарлықтай қиындатады, оны жою бойынша жұмыс қарқынын төмендетеді. Осыны болдырмау үшін үй-жайлардан газ бен түтінді шығарудың белсенді шараларын қабылдау қажет. Тыныс алуға жарамсыз ортада өрт сөндіру жұмыстарын ТОЖҚҚ пайдаланып жүргізу керек.

181. Тыныс алуға жарамсыз ортада ТОЖҚҚ пайдаланып жұмыс жүргізу үшін:

буын командирін қосқанда әрқайсысы үш адамнан тұратын, бір типті ТОЖҚҚ бар ГТҚҚ буынын (әдеттегідей, бір қарауылдан) құру. Ерекше жағдайларда (газтүтіннен қорғаушылар саны және құтқару жұмыстарын жүргізу қажеттілігі кезінде) ӨСЖ шешімімен буын құрамын екі адамға қысқарту;

ГТҚҚ буындарына командирлерді тағайындап, оларды объектінің ерекшеліктерін ескере отырып, қауіпсіздік шаралары мен жұмыс режимі, өрттегі және нақты осы учаскеде қалыптасқан жағдай жөнінде нұсқау беру;

газтүтіннен қорғаушылардың жұмыс және демалыс уақытын айқындау;

төменгі температура жағдайында жұмыс істеген кезде ТОЖҚҚ қосылу орнын және ГТҚҚ буындарының алмасу тәртібін айқындау;

ГТҚҚ буындарының резервін және олардың орналасу орнын көздеу;

ГТҚҚ буыны бір жағдайға түскендігі туралы (немесе олармен байланыс үзілгенде) хабарлама алу кезінде жедел түрде ГТҚҚ резервті буынын (буындарын) көмек көрсету үшін жіберу, жедел медициналық жәрдемді шақыру және іздестіруді ұйымдастыру қажет.

182. ГТҚҚ буындарының (бөлімшелерінің) өрттегі жұмысын:

бір қарауыл жұмысы кезінде қарауыл бастығының (аға инженердің) өкімі бойынша құрамында ГТҚҚ буындары бар бөлімше командирлері;

біруақытта өртте бірнеше қарауыл жұмыс істегенде – ӨСЖ немесе ЖУБ тағайындаған басшы құрамының тұлғалары;

ГТҚҚ арнайы буындарының жұмысы кезінде - бөлімше командирі немесе ӨСЖ тағайындаған басшы құрамының тұлғасы;

егер тыныс алуға жарамсыз ортаға буынмен аға бастық баратын болса, онда ол буын құрамына қосылып, жұмысты басқарады.

183. Жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ГТҚҚ буынында тыныс алуға жарамсыз ортада:

байланыс құралдары (жылжымалы радиостанциясы немесе сөйлесу қондырғысы);
жарықтандыру құралдары (ГТҚҚ буынына бір топтық қолшам және әр газтүтіннен қорғаушыға жеке қолшам);

буынның сақтандыру құралдары – икемді байлағышы және бағыттаушы арқаны (ширатылған жол жібі);

өрт сөндіру құтқару жібі;

ӨСЖ қалауы бойынша өрт сөндіру құралдары (өрт оқпаны бар жеңқұбыр желісі, импульстік өрт сөндіру жүйелері, өрт сөндіргіштер);

жеңіл немесе әмбебап құрал-сайманы болуы қажет.

184. Бағыттаушы арқан (ширатылған жол жібі) байланыс құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте арнайы сигналдар орнатылады.

185. Бағыттаушы арқан жұмыс жағдайына байланысты, үй-жайдың жобалануы күрделі болмаған, өрт ошағына дейін аз қашықтық және қатты түтіндену қалыңдығы аз болған кезде өрт орнында (АҚЖ жүргізу) ӨСЖ шешімімен қолданылмауы мүмкін. Осы жағдайда оның функцияларын жеңқұбыр желісі орындайды.

186. ГТҚҚ буынының жұмысын бақылауды қамтамасыз ету үшін тыныс алуға жарамсыз ортаға (таза ауаға) кіру орнында қауіпсіздік бекетіне бекетші қойылады. Бекетші қауіпсіз бекетінде буын жұмысы есебін журналда жүргізу қажет, онда буынның құрамын, ТОЖҚҚ баллондарында ауаның (оттегінің) қысымын, қосу және ажырату уақытын, буын (буындар) берген ақпарат пен өкімдерді тіркеу қажет.

187. ГТҚҚ бірнеше буынының өртте жұмыс істеуі кезінде оның біреуі қауіпсіздік бекетінде (резервте) тыныс алуға жарамсыз ортада жүрген буынға дереу көмек көрсету үшін толық жауынгерлік әзірлікте болады.

188. Күрделі және ұзақ өрттерде (аварияларда) және ГТҚҚ үш және одан да көп буындары (бөлімшелері) жұмыс атқарған кезде ӨСЖ арнайы белгіленген жерге бақылау-өткізу пунктін (бұдан әрі – БӨП) ұйымдастырады.

189. Метрополитеннің жер асты құрылыстарына және осыған ұқсас үлкен ауданы бар үй-жайларға бағытталған ГТҚҚ барлау тобы кем дегенде екі буыннан болуы керек. Буын командирлерінің біреуі басшы болып тағайындалады.

190. ГТҚҚ буыны толық құрамда қайтуға тиісті. Буынды топтарға бөлшектеуге немесе газтүтіннен қорғаушыларды тыныс алуға жарамсыз ортада қалдыруға тыйым салынады.

191. ГТҚҚ буыны жұмысының, сондай-ақ қайта ТОЖҚҚ қосылу алдындағы демалыстың ұзақтығын ӨСЖ немесе учаске бастығы айқындайды.

192. ГТҚҚ буыны кезегінің алмасуы таза ауада жүргізіледі. Қажет жағдайларда ӨСЖ немесе учаске бастығының шешімі бойынша тыныс алуға жарамсыз ортада шептерінде ауыстырылуы мүмкін. Ауыстырылған буындар резервке қойылады.

2-параграф. Қолайсыз климаттық жағдайларда өрт сөндіру

193. Төменгі температура (-10°C және одан төмен) жағдайда өрт сөндіру кезінде: ашық өрттерде және су мөлшері жеткілікті болған кезде көп шығынды өрт сөндіру оқпандарын пайдаланып, жабылатын клапандары бар оқпандар мен шашырата сөндіретін оқпандарды пайдалануға жол бермеу;

адамдарды эвакуациялау және жеке құрамның жүру жолдарында мұздардың пайда болуына жол бермеу;

резеңке аралас және латексті үлкен диаметрлі жеңқұбырлардың желісін таратуға, жеңқұбыр тармақтарын, мүмкіндігінше, ғимараттың ішіне орнату, ал сыртқа орнату кезінде оларды жылы жабу;

жеңқұбыр жолдарының жалғағыш бастарын қолда бар құралдармен, оның ішінде кармен қорғау;

су қоймаларынан немесе өрт сөндіру гидранттарынан су берген кезде сорғыдан суды ең алдымен бос құбырға беу және сорғының тұрақты жұмысы кезінде ғана суды жеңқұбыр желісіне беру;

резервті құрғақ жеңқұбыр желісін тарату;

су шығыны азайған жағдайда қозғалтқыштың айналым санын арттырып, оны сорғыда қыздыру;

өрт оқпандары мен жеңқұбыр тармақтарының жабылып қалуын, сорғылардың өшіп қалуын болдырмау;

өрт сөндіру жеңқұбырын айырбастау және жинау, желілерін ұзарту кезінде су беруді тоқтатпау, қысымды азайтып, аталған жұмысты өрт оқпаны жағынан бастап жүргізу;

қатып қалған жалғағыш бастиектерді, өрт жеңқұбырларын бүгілген және қосылған жерлерінде ыстық сумен, бумен немесе қыздырылған газбен жылыту (қатып қалған жалғағыш бастиектерді, тармақтарды және өрт оқпандарын жекелеген жағдайларда қыздыру шамдарымен, алаулармен жылытуға болады);

өрт сөндіруге қатысушылар мен құтқарылғандарға жылыну орнын дайындау, осы жерге жеке құрам үшін жауынгерлік киім резервін жинақтау;

өрт сөндіру сатыларына және оларға жақын жерге жеңқұбыр желілерін бекітпеу, сатыларға су төкпеу;

саты торларына артық суды ағызбау қажет.

194. Төменгі температурада ТОЖҚҚ тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін: газтұмшаларды және тыныс алу аппараттарын жылы жамылғы жәшіктерінде немесе өрт сөндіру есептобының кабинасында тасымалдау;

ТОЖҚҚ ажырату және қайта қосуды жылы бөлмеде немесе өрт сөндіру автомобилінің кабинасында ғана жүргізу қажет.

195. Қатты жел кезінде өрт сөндіру үшін:

сөндіруді қатты су ағысымен жүргізу;

ең аз уақытта жанып жатқан объектіні шет жағынан бастап су ағысымен қамтуды қамтамасыз ету;

жана өрт ошақтарын сөндіру үшін күштер мен құралдар резервін құру;

бекет қою және шолғыншылар жіберу арқылы оларға қажетті күштер мен құралдар беріп, жел ығына орналасқан объектілерге бақылауды және қорғауды ұйымдастыру;

айрықша қауіпті жағдайларда өрттің негізгі таралу жолдарында жекелеген құрылымдар мен құрылыстарды бұзып, өртке қарсы тосқауыл орындарын жасау;

жағдайдың өзгеруіне қарай жеке құрамның белсенді қимыл жасауын (шығару, қайта құру және т.б.) оның ішінде желдің бағытын алдын ала көздеу қажет.

3-параграф. Су жетіспеген жағдайда өрт сөндіру

196. Су жетіспеген жағдайда өрт сөндіру кезінде:

конструкцияларды бөлшектеу және қажетті тосқауылдар жасау жолымен басқа учаскелердегі өртті өшіруді қамтамасыз етіп, оқпанды тек шешуші бағытта ғана беруді ұйымдастыру;

су қорларын (артезиан ұңғымаларын, қазандарды, шұңқырларды, құдықтарды, су жиналатын жерлерді және тағы сол сияқтылар) анықтау үшін су көздеріне қосымша барлау жүргізу;

өршіген өртті сөндіруге теңіз және өзен кемелерінің, өрт сөндіру пойыздарының, сорғы станцияларының көмегімен, сондай-ақ өрт сөндіру автомобильдерінің сорғыларымен су айдауды ұйымдастыру;

егер магистралдық жеңкұбыр желілерімен су беру мүмкін болмаған (жеңкұбырдың, өрт сөндіру автомобильдерінің, су көздерінің болмауы) жағдайда су тасуды өрт сөндіру автоцистерналарымен, су шашатын және басқа автомобильдермен қамтамасыз ету;

су қорын және оны жеткізуді есепке ала отырып, өрт сөндіру оқпандарының үздіксіз іс-қимылын қамтамасыз ететін санын қолдану;

өрт сөндіру автомобильдерін ЖЖМ және өрт сөндіргіш заттармен ұйымдасқан түрде толтыруын жасау;

шағын сыйымдылықты су айдындарын толтыруды ұйымдастыру;

егер су қоймасындағы су деңгейі өрт сөндіру автомобилі сорғысының тарту мүмкіндігінен тым биікте немесе су қоймаларына жақын келуге мүмкіндік болмаған жағдайда суды өрт сөндіру гидроэлеваторларының, мотопомпалардың немесе басқа құралдардың көмегімен алуды ұйымдастыру;

ірі, күрделі және ұзақ өрттерді сөндіру кезінде уақытша өрт сөндіру айдындары мен пирстердің құрылысын ұйымдастыру;

суды үнемді шығындауды қамтамасыз ете отырып, кіші көлемді ұшы бар оқпандарды беру, себетін өрт оқпандары жапқыштарын, ылғалдаушыларды және көбікті пайдалану;

су құбырында қысымды көтеруге шара қолдану, ал қысым аз болған жағдайда одан су алуды қатты сорғы өрт сөндіру жеңқұбырлары арқылы өрт сөндіру гидрантының құдығынан жүзеге асыру;

оттың таралуын конструкцияларды бөлшектеу, жанған заттарды, ғимараттың жекелеген конструкцияларын жою (немесе ғимарат пен құрылысты бұзу), сондай-ақ қолда бар құралдармен жануды жою жолымен болдырмау бойынша жұмыс ұйымдастыру;

қыста жанған конструкциялар мен материалдарды қармен жабуды ұйымдастыру қажет.

4-параграф. Жеке құрам үшін ерекше қауіпті жағдайда өрт сөндіру

197. Күшті әсер ететін улы заттар (бұдан әрі - КӘУЗ) бар өрттерді сөндіру кезінде:

объектінің әкімшілігімен және тиісті қызметпен бірге объектідегі химиялық жағдайды бағалау, КӘУЗ-дің атын, мөлшерін, залалдану ошағының шекарасын, таралу жолдарын (бұлттың биіктігін, енін), атмосфераға таралу мөлшерін анықтау, жеке құрамның залалданған учаскеде қанша уақыт болуға болатынын және өрт сөндіргіш заттарды таңдау;

өрттің көлемі мен жұмыс істейтін бөлімшелердің санына қарамастан өртте жедел штаб құру, жағдайды жедел айқындау және өрт сөндіру мәселелері бойынша кеңес алу үшін оның құрамына объектінің бас мамандарын, химиктерін енгізу;

алғашқы көмек көрсету пунктін ұйымдастыру;

улы газдардың таралу аймағын тоқтату, керекті мөлшерде су шашатын өрт оқпандарын пайдалану;

өрт сөндіру автомобильдерін орналастырғанда оларды залалданған аймаққа түсірмеу;

залалданған аймақтағы өртті сөндіруге жеке құрамның аз санын қатыстырып, оларды жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

судың белгіленген жерге ағуын ұйымдастыру және адамдар мен малдардың уланған сумен улануының алдын алуға байланысты шаралар қабылдау;

залалдануы ықтимал орындардан адамдарды эвакуациялау, азаматтық қорғау органдары, полиция және әскери қызметшілерді тартып, жақын орналасқан тұрғын үйлерден, елді мекендерден тұрғындарды эвакуациялауды жүргізу қажет.

КӘУЗ шығарындысын (төгіндісін) шектеу және тоқтату, химиялық зақымдануды оқшаулау, топырақ пен су көздерінің зақымдануын болдырмау бойынша шаралар:

КӘУЗ шығарындысын шектеу және тоқтата тұру құбыр өткізгіштердегі крандар мен ысырмаларды жабу, магистралдардағы, сыйымдылықтардағы ойықтарды бандаждардың, қамыттардың, ысырмалардың көмегімен бекіту, сұйықтықты авариялық сыйымдылықтан қосалқы сыйымдылыққа ауыстырып құю арқылы жүзеге асырылады. Бұл жұмыстар тасымалдау кезінде авариялық жабдыққа немесе КӘУЗ бар жабдықтарға

қызмет көрсететін өнеркәсіп мамандарының басшылығымен және олардың тікелей қатысуымен жүзеге асырылады;

булану ауданын азайту мақсатында белгілі бір орыннан ағындыны шектеу төгілген заттың орнын қазып, оның жолына кедергі келтірумен, КӘУЗ табиғи тереңдікке (шұңқырлар, орлар, кюветтер) жинаумен, арнайы қақпандарды (шұңқырлар, қазбалар) жабдықтаумен жүзеге асырылады.

Булану жылдамдығын төмендету және оның таралуын шектеу үшін мынадай тәсілдер қолданылады:

су бүркемесінің көмегімен КӘУЗ бу-газ қоспасын оқшаулау (сіңіру);

сұйық КӘУЗ шашыраңқы адсорбцион материалдарының (топырақ, құм, керамзит) қабатымен сіңіру;

сұйық КӘУЗ сумен немесе бейтарап заттардың ерітіндісімен оқшаулау;

химиялық белсенді реагенттердің ерітінділерімен газсыздандыру (бейтараптау);

бу-газ қоспасының таралуын шектеу мақсатында оны оқшаулау (сіңіру) КӘУЗ қозғалыс бағытында ұсақ дисперсиялық су бүркеу арқылы жүргізілуі мүмкін. КӘУЗ бейтараптандыру үшін суға бейтараптаушы заттар қосылуы мүмкін.

Ұсақ дисперсиялық су бүркемелері кемінде 0,8 МПа су ағысының қысымын қамтамасыз ететін өрт сөндіру мотопомпаларының көмегімен жүзеге асырылады. Қысым төмен болған жағдайда КӘУЗ бу-газ фазасын сіңіре (байланыстыра) алатын су тамшысының қажетті дисперсіне жетпейді.

КӘУЗ сұйық фазасын шашыраңқы адсорбенттердің қабатымен сіңіру материалды тікелей сұйықтыққа себумен (қаусырумен) жүзеге асыруы мүмкін. Бұл ретте адсорбент қабаты кемінде 10-15 см болуы керек. Ластанған шашыраңқы материал мен топырақтың үстіңгі қабаты (КӘУЗ сору тереңдігінде) қажет болған жағдайда одан әрі газсыздандырумен (бейтараптандырумен) орнына бұру үшін арнайы сыйымдылықтарға жиналады.

КӘУЗ сұйық фазасын көбікпен оқшаулау олардың булануын азайту мақсатында жүзеге асырылады. Сонымен қатар, көбікке газсыздандыру (бейтараптау) қоспалары (авариялық карточкаларда реттеледі) қосылуы мүмкін. Бұлар реакцияға түскенде уытты емес немесе аз ұшатын заттар түзеді. Олардың сұйық КӘУЗ көбігі мен қабаттарын алу үшін көбік генераторлары қолданылады. Улы заттарды бұлай оқшаулау тәсілі өте тиімді және үлкен аудандарда техникалық құралдар саны жеткілікті болғанда қолданылуы мүмкін.

Жинақы ағыс концентратты қышқылдарды, тотықтырғыштар мен сумен әсер ететін өзге де заттарды бейтараптандыру үшін пайдаланылады.

Өрттен кейін, залалдану аймағында жұмыс істеген жеке құрамды санитарлық тазартудан, медициналық куәландырудан өткізуді, жауынгерлік киімдерге, өрт сөндіру автомобильдерін және ӨТЖ-ға дегазация жүргізуді ұйымдастыру қажет.

Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

198. РЗ бар объектілердегі өртті сөндіру кезінде:

объектінің және дозиметриялық бақылау қызметінің мамандарын жедел штабтың құрамына енгізу;

радиация түрін және деңгейін, қауіпті аймақ шекарасын және әртүрлі учаскеде жеке құрамның жұмыс істеу уақытын белгілеу;

өртті сөндіру үшін объект әкімшілігінің жазбаша рұқсатын алғаннан кейін ғана кірісу, оның ішінде жұмыс уақытынан тыс уақытта да;

объект әкімшілігінің келісімімен өрт сөндіру құралдарын таңдау;

келе жатқан бөлімшені қауіпсіз кіреберіс жолдары туралы ақпаратпен және пайдаланатын өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету;

қажет болған жағдайда жеке құрамды арнайы медициналық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету;

объект әкімшілігі арқылы жеке құрамға санитарлық тазалау мен медициналық көмекті, дозиметриялық бақылау, дезактивация бекетін ұйымдастыру;

иондалған сәуле шығаратын РЗ мен көздері бар ашық технологиялық қондырғыларды жел жақ бетінен сөндіруді қамтамасыз ету;

радиоактивті аэрозольдар және аэрогелдердің таралу аймағын сейілту үшін шашыранды су ағындарын пайдалану;

әкімшіліктің келісімі бойынша желдеткіш жүйелерін және басқа құралдарды іске қосу;

ең аз жеке құрам санын қажет ететін жұмыстарды орындау, оларды ТОЖҚҚ, қорғану киім-кешегімен, жеке және топтық дозиметриялық бақылау құралдарымен қамтамасыз ету;

қорғаныс киімдерімен, жеке және топтық дозиметриялық бақылау құралдарымен, бет жабқыштары бар ажыратушы газқағарлармен қамтамасыз етіп, жұмысты жеке құрамның ең аз санымен атқару;

5 рұқсат етілген шекті дозадан жоғары аймақта бір еселік сәуле алған жеке құрамды радиоактивті қауіпті аймақтан шығару және тез арада медициналық тексеруден өткізуге жіберу;

радиоактивті залалдану аймағынан тысқары жерде жеке және топтық дозиметриялық бақылау жабдықтарымен қорғаныш киімдері бар күштер мен құралдардың қорын, ГТҚҚ буындарын құру;

радиоактивтік залалдану аймағына кіреберісте орта немесе кіші басшы құрамындағы тұлға басқаратын қауіпті аймаққа қауіпсіздік бекетін қою;

өрттен кейін қауіпті аймақта жұмыс істеген жеке құрамды санитарлық тазартудан өткізу және дозиметриялық бақылау ұйымдастыру;

ТОЖҚҚ, жауынгерлік киімдерді, аяқ киімдерді, ӨТЖ және өрт сөндіру автомобильдерін дезактивизациядан және дозиметриялық бақылаудан өткізу қажет.

199. Жарылғыш заттар (бұдан әрі – ЖЗ) және оқ-дәрілері бар объектілерде өртті сөндіру кезінде өртті сөндіру жетекшісіне:

келгеннен кейін объект өкілдерімен бірлесіп қауіпті факторлардың түрін, қауіпті аймақтың болуы мен мөлшерін, ЖЗ орналасқан жері мен санын, сондай-ақ оларды эвакуациялау тәсілдерін, технологиялық жабдықтар мен өрт сөндіру қондырғыларының жай-күйін белгілеу, жарамды өрт сөндіру қондырғыларын іске қосу;

жеке қорғаныс құралдарын (дулыға, сауыт-сайман), байланыс құралдарын, шынжыр табанды өрт техникасын (бар болса) пайдалана отырып, өртті сөндіруге тартылған күштер мен құралдардың жеке құрамын тарту;

қауіпті аймақта жұмыс істейтіндерді жылдам құлақтандыру үшін бірыңғай қауіп сигналын орнату, жарылыс қаупі болған жағдайда өртті сөндіруге қатысушыларды жалпы эвакуациялауға дереу кірісу;

қауіпті аймақ шегінде жинақы ағындардың соққысынан жарылысқа ЖЗ сезімталдығының дәрежесін ескере отырып, лафеттік оқпандарды қоса алғанда, үлкен су шығысы бар өрт оқпандарын қолданысқа енгізу;

қираған ғимараттың (құрылыстың) жанында авариялық коммуналдық-энергетикалық желілерді жабу, суды айдау немесе алып шығу, жану ошақтарын оқшаулау немесе жою;

қолда бар техникалық құралдарды қолдана отырып, құлау қаупі бар құрылыс конструкцияларын нығайту немесе жою;

газдалған үй-жайларда жұмыс істегенде ұшқын тудыратын құрал-сайманды қолдануға болмайды, электр желілерін токтан ажырату керек, жарықтандыру үшін тек аккумуляторлық шамдарды пайдалану керек;

қауіпті учаскелер қоршалуы немесе белгіленуі тиіс;

Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің объектілерінде өрт болған кезде екі жақты келісімдер басшылыққа алынсын.

Ескерту. 199-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

200. ЖЗ тыныш жануы кезінде, сондай-ақ еріген (пластикалық) күйінде көбік, ұсақ дисперсиялық және шашыранды су қолдану;

жоғары температураның әсерінен оларға қауіп төнгенде, сөндірумен қатар технологиялық аппараттарды салқындатуды жүргізу, жанбаған ЖЗ-ға шашыранды су беру, ал мүмкін болған жағдайда оларды көшіру;

ЖЗ-ды көшіру, конструкцияларды ашу және бөлшектеу кезінде механикалық әсердің нәтижесінде жарылыс туғызбау үшін сақтық жасау;

мүмкіндігінше қорғаныс әскери техникаларын пайдаланып, жеңқұбыр жолдарын ғимараттар мен құрылыстардың бұрыштарына қарай жүргізу;

қатты ЖЗ жабық аппаратта жанған кезде, оларды тездетіп салқындату, саңылау ашу және аппараттың ішіне өрт сөндіргіш заттар беру шараларын қолдану;

ықтимал зақымдану аймағынан тыс жердегі су көздерінен күштер мен құралдарды өрістетудің қор нұсқасын көздеу;

жеке құрам мен өрт сөндіру автомобильдерін жарылыс толқынынан, конструкциялардың ұшқан жарықшақтары және сынықтарынан жарақаттануынан сақтау үшін бронезильттерді, әскери үлгідегі темір касканы, әртүрлі қорғаныстарды (үйінділерді, капонирлерді, тоннельдерді) пайдалану;

жаңа қауіпті аймақ шекарасын анықтау және жеке құрам мен автомобильдің осы аймақтан тыс жерге дер кезінде шығару мақсатында өрттегі жағдайдың өзгеруіне бақылау жүргізу және барлау ұйымдастыру, бірінші кезекте төңіректегі жарылғыш заттар немесе жарылғыш материалдардың (бұдан әрі – ЖМ) көп мөлшердегі қойма бөлмелері мен құрылыстарына;

жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын ғимараттың жанған бөліктері мен материалдарынан туындайтын жаңа өрт ошақтарын сөндіру үшін сөндіру құралдары бар бекеттерді қою қажет.

6-тарау. Ғимараттар мен құрылыстардағы өртті сөндіру

1-параграф. Ғимараттар мен құрылыстардағы өртті сөндіру кезіндегі ӨСЖ негізгі іс-қимылдары

201. Ғимарат қабаттарындағы өрттерді сөндіру кезінде ӨСЖ:

су жабу өрт оқпандарын және көбік генераторларын пайдалану;

күшті оқпандарды тек қатты өршіген өрттерге пайдалану;

суды жоғары қабаттарға немесе шатырға беру үшін құрғақ құбырларды және көтергіш сорғыштарды іске қосып ішкі өрт сөндіру крандарын қолдану;

желдеткіш, қоқыс арналары, конструкциялардың шахталары және қуыстары арқылы қабаттарға оттың таралуы мүмкін болған жағдайларда өрт оқпандарын өрт ошағына, жоғары орналасқан және төмен орналасқан қабаттар мен шатырға енгізу;

өрттің таралуын болдырмау үшін бос конструкцияларды ашып, оларға су себу;

жанып жатқан қабаттағы бөлмелерде өрт сөндіру жұмыстарын бір мезгілде жүргізу;

өрт сөндірудің тиісті технологиясы болған жағдайда жабық бөлмелерде температуралық-белсенді суларды қолдану;

күштер мен құралдар жетіспеген жағдайда өрт оқпандарын ең шеткі жанып жатқан бөлмеден бастап, өрт ортасына қарай ауыстыра отырып сөндіруді бірте-бірте жүзеге асыру;

қабырғалар немесе бөлшектердің жанатын конструкциялары бар қабаттарда резервтегі өрт оқпандарын жанбаған секциялардың саты торларынан жанып жатқан бөлменің қасындағы жерге беру;

негізгі қабырға болғанның өзінде басқа саты торынан жанып жатқан бөлме мен аралас бөлмелерді тексеру;

от тиюі мүмкін барлық жерге бақылау аршуын жүргізіп, жанып жатқан және онымен аралас жайларды ұқыпты тексеру, ішкі қуыс тік конструкциялардың төменгі және жоғары бөліктеріне айрықша назар аудару;

төбе жанған, оның құлау қаупі болған кезде төбеден және төмен орналасқан қабаттардан адамдарды және материалдық құндылықтарды көшіру;

қабаттарға өрт оқпандарын саты торлары арқылы, жекелеген бөлмелерде құтқару жіптерін пайдаланып терезе, балкон өрт сатылары, автокөтергіштер арқылы беру;

жанған төбені көбікпен өшіру;

конструкцияны бөлшектеуді жоғарыдан және төменнен бір мезгілде жүргізу қажет.

202. Ғимарат жертөлесіндегі өрт сөндіру кезінде ӨСЖ:

өрт шығу қаупі бар заттармен материалдардың барлығын және олардың сипатын, ғимарат астындағы бөлмелердің жобалануын, төбе құрылымының оттың қабаттарымен шатырға таралу мүмкіндіктерін анықтау;

маңдайшалармен түтін айдайтын құралдарды пайдаланып саты торларын түтіндеуден сақтаудың шараларын қолдану;

ойықтар арқылы өрт аймағына тез кіру мүмкін болмаған жағдайда төбелердегі немесе қабырғалардағы ашылатын тесіктердің орнын анықтау қажет.

203. Жылу жолдары тоннельдеріндегі өрт кезінде ӨСЖ:

құбыр өткізгіштердің жылу ажыратқыштарындағы жану шекарасын анықтау;

объектінің техникалық қызметкерінің көмегімен жылу өткізгіш температурасын төмендетудің шараларын қолдану;

өрттің таралуын алдын алу мақсатында құбыр өткізгіштерден жылу ажыратқыштарды бөлуді ұйымдастыру;

көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандарын беруге немесе тоннельді көбікпен, бумен және инертті газдармен толтыру қажет.

204. Шатырдағы өртті сөндіру кезінде ӨСЖ:

бірінші өрт оқпандарын саты торларының бойымен беру;

түтінді жою, температураны түсіру, шатыр бөлмелеріне өрт оқпандарын беру үшін шатырды ашуды ұйымдастыру;

жабу өрт оқпандарын, шашырату оқпандарын беру, дымқылдатқыш пен көбікті қолдану;

өрт оқпандарын екі бағытта: саты торлары және шатыр жағынан (шатыр терезесі және ашылған шатыр жапқыш арқылы) беру;

жанып жатқан төбені шатыр жағынан да, төменнен де алуға ұйымдастыру;

қашанда ғимараттың жоғарғы қабатында резервтегі өрт оқпандарын ұстау;
тік және мұзды шатырларда жұмыс істеген кезде қауіпсіздік шараларын қолдануды қамтамасыз ету қажет.

205. Салынып жатқан ғимараттардағы өртті сөндіру кезінде ӨСЖ:

өрт оқпандарымен ғимараттың негізгі конструкцияларын, ағаштарын (тіреулерін), баспалдақтарын (траптарын), өтпелі жолдарын қорғауды қамтамасыз ету;

сырттағы тіректер жанған кезде қуатты су ағындарын беріп, оттың ғимарат ішіне таралуынан сақтандыру;

өршіген өрт кезінде ғимарат ішінде көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандарын, оның ішінде лафетті оқпандарды беру;

қажетті мөлшердегі өрт оқпандарын беру мүмкін болмаған кезде өртке қарсы тосқауыл жасап, тіректерді бөлшектеу;

саты торларын негізгі тірек бекеттерден есептеп, шығатын жолдарды қамтамасыз ету, оқпаншылардың бағытын анықтау, жекелеген бөлмелерде сөндіруді автосатылардан, автокөтергіштерден және мұнаралы крандардан берілген өрт оқпандары арқылы жүргізу қажет.

2-параграф. Жоғары қабатты ғимараттардағы өртті сөндіру

206. Биік ғимараттардағы өртті сөндіру кезінде барлауды бірнеше барлау-құтқару топтарымен жүргізу қажет.

Барлау-құтқару тобы кем дегенде 4-5 адамнан тұрады және өздеріне қажетті ӨТЖ, байланыс құралдары, ТОЖҚҚ, ұзындығы 50-60 метр құтқару арқандары, жарықтандыру құралдары бар.

207. Өрт ғимараттың қай қабатынан шыққанына қарамастан барлау-құтқару тобының бірінші кезектегі негізгі мақсаты адамдарға қауіп төну шамасын анықтау. Бұл ретте айрықша назар жанып жатқан және жоғары орналасқан қабаттардағы бөлмелерге назар аудару керек.

Адамдарды өрт кезінде эвакуациялау және авариялық-құтқару жұмыстары өрт кезінде жағдайды, күштер мен құралдардың болуын ескере отырып жүргізеді.

Авариялық-құтқару жұмыстары адамдарға қауіп төнген жағдайда дереу жүргізіледі.

Жолдары жабылып жанып жатқан ғимараттың қабаттарында қалған адамдардың Эвакуация жай-күй үшін шаралар қабылдайды (жанып жатқан үй-жайда (ғимаратта) адамдар мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің болуын, олардың іс-қимылдарын көретіндей жарық сигналдары қосылған өрт және авариялық-құтқару автомобильдерін орналастыру, ал оларға жүгіну үшін дүрбелеңнің алдын алу үшін дауыс зорайтқыш қондырғылар, ішкі ескерту жүйесі және ескерту құралдары (адамдардың кез- келген қабаттың терезелерінен секіру, арқанмен түсу, жанып жатқан бөлмеден өту әрекеттері, түтінді дәліздер мен баспалдақ торлары).

Авариялық-құтқару жұмыстары кезінде ӨСЖ КҚЖБО-мен үнемі байланыста болуға керек.

Ескерту. 207-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208. ӨСЖ барлау жүгізу кезінде негізгі тапсырмаларды орындаудан басқа:

адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін, олардың орналасқан жерін және ғимаратта қалғандардың санын нақтылау;

өрт болған жерден төмен немесе жоғары орналасқан қабаттарға түтінденбеген саты торлары мен ғимараттың үстіне түтін бармайтын аралас бөлмелерге, балкондар, лоджиялар және сол сияқтылар арқылы басқа жаққа бағыттаудың қысқа жолдарын анықтау;

ішкі өртке қарсы су құбырының өрт су сорғылары іске қосылғандығын және тұрақты өрт сөндіру түтінді сейілту және температураны түсіру құралдарын пайдалану;

ескерту, түтінге қарсы қорғаныс, эвакуацияны басқару жүйесі жұмыс істеп тұрғанын және оның жұмысының тиімділігін анықтау;

саты торларының, балкондардың, өрт сөндіру автокөтергіштерінің, автосатылардың, құтқару құралдарын пайдалану;

жақын маңдағы су көздерін, ішкі өртке қарсы су құбырының жұмысқа қабілеттілігін, құрғақ құбырларды пайдалану.

Ескерту. 208-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209. Биік ғимараттағы өртті сөндіру кезінде ӨСЖ:

өртте жедел штаб құру;

адамдарға төнген қауіптің шамасын, оларды құтқарудың жолдары мен тәсілдерін анықтау;

адамдарды құтқаруда бірінші кезекте түтінденбеген саты торларымен жүргізуге автомобильдер мен өрт сөндіру қол сатыларын, автокөтергіштер мен басқа да құтқару құралдарын пайдалану;

ГТҚҚ бөлімшелерінен құтқару-іздістіру топтарын құру;

өрт орнында аса қысқа мерзімде автосатылар мен автокөтергіштердің керек санын, ГТҚҚ бөлімшелерін, күштер мен құралдардың қорын шоғырландыру;

ғимаратта қалған адамдар арасында дүрбелеңнің алдын алу үшін ескерту жүйесін (ішкі ескерту жүйесі, сигнал-дауыс зорайтқыш құрылғы, дауыс зорайтқыш сөйлесу құрылғысы және плакаттар) пайдалана отырып шаралар қабылдау;

су (көбік) беру үшін бірінші кезекте ішкі өрт сөндіру құралдары мен құрғақ құбырларды біруақытта жылжымалы құралдарды өрістетіп отырып пайдалану;

жеке құрамды және ӨТЖ қабаттарға көтеруді саты торлары, автокөтергіш, вертолеттердің көмегі арқылы жүзеге асыру;

жеке құрамды және өрт сөндіру автокөліктерін құлаған шынылар мен басқа заттардан сақтау жөніндегі шараларды қолдану;

жеңқұбыр жолдарының жұмысын бақылау үшін тік жүргізілген бір жеңқұбыр жолына бір бекет есебінен резервті жеңқұбыр бар бекеттер қою керек;

тәуліктің қараңғы уақытында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу орындарын жарықтандыру.

Ескерту. 209-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209-1. Биіктікте жұмыс істеу кезінде сақтандыру құрылғылары қолданылады, сондай-ақ мынадай қауіпсіздік шаралары сақталады:

автосатыда жұмыс істейтін өртке қарсы қызмет қызметкерлері (автоөтергіште) карабинмен сатыға (бесікке) бекітілгеннен кейін ғана жұмыс істеуге жол беріледі;

шатырда жұмыс істейтін өртке қарсы қызмет қызметкерлері құтқару арқанымен ғимараттың берік, сенімді орнатылған құрылымына бекітілуі керек;

магистральмен биіктікте және жабындарда жұмысты кемінде екі адам жүзеге асыруы керек;

тік жең сызығы бір жеңге кемінде бір кідіріс есебінен жең кідірістерімен бекітіледі, көтеру биіктігі 30 метрден асқанда – бір жеңге 2 кідіріс.

Өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің салбырап тұрған жабындарда және жану белгілері бар жабын учаскелерінде болуына рұқсат етілмейді.

Өрт сөндіргіш затты беруді тоқтатқаннан кейін өрт оқпанын бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

Жүргізушілерге жұмыс кезінде ӨСЖ және лауазымды адамдардың бұйрығынсыз көлік құралдарын, мотопомпаларды жылжытуға, автосатырлар мен автокөтергіштердің қандай да бір ауыстыруларын жүргізуге, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының әсеріне тікелей қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, көлік құралдарын, мотопомпалар мен жұмыс істеп тұрған сорғыларды қадағалаусыз қалдыруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 6-тарау 209-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Ауруханалардағы, балалар мекемелері мен мектептердегі өртті сөндіру

210. Ауруханадағы өртті барлау кезінде негізгі міндеттерді орындаудан басқа:

медицина қызметкерлерінің қауіп төнген жайлардан науқастарды эвакуациялау бойынша қандай шаралар қолданғандығын;

эвакуациялануға тиісті науқастардың санын, оларды тасымалдау, эвакуациялау жолы мен кезектігін;

эвакуациялау жолдарын қорғаудың қажеттілігі мен жанған заттарды шығарудың мүмкіндігін анықтау қажет.

211. ӨСБ ауруханасында өртті сөндіру кезінде:

барлау деректері мен қызмет көрсетуші персоналдың ұсынымдарын, қалыптасқан жағдайды, науқастарды сәтті эвакуациялауға оның қаншалықты әсер етуі мүмкін екендігін жан-жақты бағалау;

медициналық персоналмен бірлесіп науқастарды эвакуациялауды ұйымдастыру;

қызмет көрсетуші персоналдың консультацияларын ескере отырып, әсіресе перзентханаларда, жүйке-психиатриялық және инфекциялық емдеу мекемелерінде жеке құрамның жұмысы кезінде дүрбелеңнің алдын алу шараларын қабылдау;

дәрі-дәрмек қоймаларын, дәріханаларды, фармацевтикалық бөлімшелерді және емдеу кабинеттерінің жабдықтарын төгілетін судан қорғауды қамтамасыз ету;

жұқпалы аурулар бөлімшелерінде өртті жойғаннан кейін медициналық персоналдың нұсқауларын басшылыққа ала отырып, өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамын санитарлық өңдеуді ұйымдастыру.

Ескерту. 211-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

212. Мектепте өрт сөндірген кезде ӨСЖ:

оқушылардың саны мен жасын анықтау;

ұстаздармен бірге балаларды, бірінші кезекте кіші жастағы балаларды жоспарлы түрде және тез эвакуациялауды ұйымдастыру;

құнды жабдықтарды қорғау немесе эвакуациялауды қамтамасыз ету қажет.

213. ӨСБ мектепке дейінгі ұйымдарда және орта білім беру ұйымдарында өртті сөндіру кезінде қажет:

балалардың, қызметкерлердің саны мен жасын анықтау;

ықтимал дүрбелеңнің алдын алу, білім беру ұйымының қызметкерлерімен бірлесіп балаларды, ең алдымен кіші жастағы балаларды жинау орындарына және арнайы жабдықталған орындарға (бар болса) жоспарлы және жылдам эвакуациялауды ұйымдастыру;

бірінші кезекте түтінге ұшыраған мектепке дейінгі ұйымдардың, мектептердің негізгі және қосалқы үй-жайларын тексеру. Балалармен сабаққа арналған жас топтық үй-жайларды (қабылдау бөлмесі, топтық, жатын бөлме, дәретхана), мамандандырылған үй-жайларды (музыка, спорт залдары, ойын залдары), ілеспе үй-жайларды (медициналық, ас блогы, кір жуатын орын, қоймалар, қосалқы үй-жайлар), шкафтарды, кереуеттерді және олардың астында, перделер мен жиһаздардың артында балалар бар-жоғын мұқият тексеру;

бағалы жабдықты қорғауды немесе эвакуациялауды қамтамасыз ету;

білім беру ұйымының басшыларынан тәрбиеленушілерді/білім алушыларды шақыруды жүргізуді талап ету;

балаларды қызмет көрсетуші персоналмен бірлесіп эвакуациялауды жүргізу;

адамдардың үй-жайларда қалмағанын тексеру.

Ескерту. 213-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Мәдени ойын-сауық мекемелеріндегі өртті сөндіру

214. Мәдени ойын-сауық мекемелеріндегі өртті сөндіру кезінде ӨСЖ:

үрейді болдырмау шараларын қолдану;

барынша аз уақытта көрермендерді залдан, бірінші кезекте, галереядан, балкондардан және бельэтаждан эвакуациялауды ұйымдастыру және жүргізу;

барлау жүргізу кезінде ғимаратта көрермендер мен персоналдың қалып қоюын, өртке қарсы перделер мен түтін люктерінің жағдайын тексеру қажет.

215. Сахнада өрт болған кезде:

сахна бекіткіштері мен қалталарын, сондай-ақ сахнамен аралас үй-жайлардың ойықтарын бір уақытта қорғай отырып, өрт оқпандарын сахнаға көрермендер залы жағынан беру;

көп мөлшердегі су шығысымен, оның ішінде лафеттік өрт оқпандарын қолдану;

өртке қарсы пердені түсіріп, оны көрермендер залы жағынан салқындату;

сөндіру мен қорғанудың тұрақты құралдарын (дренчерлік және өрт сөндірудің басқа қондырғыларын, лафетті оқпандарды) іске қосу;

жанған декорацияны сахна планшетіне түсіру;

күштер мен құралдар жетіспегенде, от пен түтіннің көрермендер залына өту қаупі төнгенде, сондай-ақ онда көрермендер болған жағдайда түтіндеуді болдырмау мақсатында түтін люктерін ашу;

көрермендер залының шатырында жанудың бар-жоғын тексеру қажет.

216. Трюмде өрт болған кезде, әдетте, көбікті пайдалану қажет, сахна үсті мен оркестр отыратын үй-жайды қорғауды қамтамасыз ету, содан соң өрт оқпандарын басқа үй-жайларды қорғауға енгізу қажет.

217. Бекіткіштер жанған кезде бірінші өрт оқпандары баспалдақ торы жағынан беріледі. Сыртқы сатылар мен автосатылар арқылы өрт оқпандарын жамылғыларға беру және резервті оқпандарды көрермендер залының шатыр жайына енгізу қажет.

218. Көрермендер залында өрт болған кезде:

сахна мен шатырды қорғау үшін өрт оқпандарын өрт ошағына беру, содан соң оқпандарды басқа үй-жайларды қорғауға беру;

өртке қарсы пердені түсіріп, оны үздіксіз салқындату;

шатырдағы температураның төмендеуіне және төбелерге салмақ түсуін болдырмауға айрықша назар аударып, аспалы төбелерді қорғау шарасын қолдану;

желдеткіш жүйелерін тексеру, қажет болған жағдайда, ауа жүретін жолдарды ашып, оған өрт оқпандарын беру;

жұмыс істеушілерді, жапсырма және басқа да безендірулердің, ғимараттың әртүрлі конструкцияларының, көтергіштерінің және т.б. мүмкін болатын құлауларынан сақтауға айрықша назар аудару қажет.

219. Цирктерде өрт кезінде персоналды тарта отырып, жануарлардың эвакуациясын ұйымдастыру қажет.

5-параграф. Музейлердегі, архив сақтау орындарындағы, кітапханалардағы, кітап сақтау орындарындағы, көрмелердегі және аппараттық-бағдарламалық кешендер үй-жайларындағы өртті сөндіру

220. Музейлердегі, кітапханалардағы, көрмелердегі және аппараттық-бағдарламалық кешендер үй-жайларындағы өртті сөндіру, әсіресе, олардың жұмысы кезінде, материалдық құндылықтарды эвакуациялау және адамдарды құтқару қажеттілігімен байланысты.

221. Музейлердегі, архив сақтау орнындағы, кітапханадағы, кітап сақтау орнындағы, көрмедегі өртті сөндіру кезінде ӨСЖ:

әкімшіліктен бірегей құндылықтардың тұрған орнын және оларға от пен түтіннің қауіп төну шамасын, оларды эвакуациялаудың қажеттілігін және кезегін анықтау;

сөндіру үшін қандай өрт сөндіргіш заттарды қолдануға болатындығын анықтау;

өрт сөндіруді материалдық құндылықтарды төгілген судан қорғаумен қатар жүргізу ;

өрт сөндіруді және конструкцияларды бөлшектеуді экспонаттар мен үй-жайлардың сәулетті әшекелеуін қорғай отырып жүргізу;

сәулет конструкцияларының қуыстарын, жабындыларды, төбеаралық қабырғалардың, желдеткіш және калориферлік арналардың бойымен оттың таралуының алдын алуға шара қолдана отырып, оларды мұқият тексеру;

өрт сөндіруге, әдеттегідей, жабылмалы өрт оқпандарын, көбік, шашыратқыш суды, өрт сөндіргіш ұнтақтарды, инертті газдарды қолдану қажет.

222. Аппараттық-бағдарламалық кешендердің үй-жайларындағы өртті сөндіру кезінде ӨСЖ:

әкімшіліктен өрттің орнын, аппараттық-бағдарламалық кешендердің орналасу ретін, ғылыми құндылықтар мен оларға от пен түтіннің қауіпі шамасын, автоматты өрт сөндіру қондырғысының іске қосылғандығын анықтау;

қандай өрт сөндіргіш заттарды іске қосуға болатындығын анықтау; әдеттегідей, өрт сөндіргіш ұнтақтарын, инертті газдарды және көбікті қолдану;

әкімшілікпен келісіп, қуат және жарық жүйелерін, желдеткіштерді, тоңазытқышты, ауа салқындатқышты өшіру шараларын қолдану;

қандай жабдықтар, машиналар және аппараттар аса құнды екенін және оларды қорғау жөнінде қандай шаралардың қажет екенін анықтау;

өрт сөндіруді аппараттық-бағдарламалық кешендерді және басқа материалдық құндылықтарды төгілген сулардан қорғай отырып жүргізу;

еден астындағы, төбедегі, аралық қабырғадағы, желдеткіш және калориферлік арналардағы қуыстарды мұқият тексеру, олармен от тарауының алдын алуға шара қолдану қажет.

6-параграф. Химия, мұнай өңдеу, мұнай-химия және фосфор өнеркәсібі объектілеріндегі өртті сөндіру

223. Өртті барлау кезінде негізгі міндеттерді орындаудан басқа:

технологиялық жабдықтар мен коммуникациялардың жарылу, бұзылу, деформациялау қаупін;

тығын және тыныс алу арматураның, кабельдер трассалары мен бақылау-өлшеу аспаптарының, металл конструкцияларының барын және оларды сақтау мен қорғау жөнінде қолданған шараларды;

объектіде өрт сөндірудің арнайы құралдарының барын, оларды қолданудың мүмкіндігі мен мақсаттылығын, сондай-ақ от сөндіргіш құралдармен толтырылғаннан кейін қайта іске қосуды;

жарылыс, күйу, улану, күшті термикалық бұзылу немесе агрессивті құрамын, санын және тұрған орнын, бұл заттарды қауіпті аймақтан эвакуациялау немесе қорғау тәсілдерін;

ашық ауада сумен, сілтілермен, қышқылдармен, от сөндіргіш заттармен және басқа заттармен қарқынды өзара іс-қимыл жасауға қабілетті заттардың барын, тұрған орнын және санын;

өртті сөндіру кезінде қауіпсіздік шараларын;

электр энергиясын, тоңазытатын заттарды, суды, буды, инертті газдарды өшірген кезде өрттің немесе жарылыстың мүмкін болатын орнын;

технология ережесі бойынша жоғары температураға дейін қыздырылған аппараттарды, жабдықтарды және құбыр өткізгіштерді;

техникалық себептермен кенеттен авариялық тоқтатуға мүмкін емес технологиялық қондырғыларды;

көрші цехқа, қондырғыға оттың өту немесе таралу қаупін, желдеткіш жүйелері мен өндірістік коммуникацияларды жабудың мүмкіндігі мен мақсаттылығы, жанғыш заттарды әкетудің мүмкіндігін, технологиялық аппаратурадағы қысым мен температураны төмендетуді;

ұзақ сөндіру кезінде өндірістік канализацияның өткізу мүмкіндігін және цех (қондырғы) аймағынан суды бұрудың мүмкіндігін анықтау қажет.

224. Химия, мұнай өңдеу, мұнай-химия және фосфор өндірісі объектілеріндегі өртті сөндіру кезінде ӨСЖ:

өртте жедел штабты құру;

объектінің газдан құтқару және басқа арнайы қызметтерімен бірлесіп, адамдарды құтқару шараларын қолдану;

жанғыш заттардың сипатын ескере отырып, сөндіру құралдарын қолдану, өрт сөндіру қондырғыларын, от сөндіргіш ұнтақтарын, көбікті, арнайы ерітінділерді барынша пайдалану;

уландырғыш заттары немесе газы бар үй-жайларда және ашық алаңдарда, сондай-ақ оған іргелес жатқан аймақтарда жұмыс істеуші жеке құрамды сол объектідегі ТОЖҚҚ және қорғаныш киімдерімен қамтамасыз ету;

эвакуацияланатын заттарды ұстағанда абай болу, қызмет етуші персоналға арналған нұсқауларды, сондай-ақ метеорологиялық жағдайды ескеру;

өртті сөндірумен бірге, жоғары температураның әсері қауіп төндіретін ғимарат конструкцияларын және технологиялық қондырғыларды, аппараттарды салқындатуды қамтамасыз ету;

технологиялық процесс жағдайы бойынша жоғары температурада жұмыс істейтін аппараттардың, жабдықтардың, жеке құбыр өткізгіштердің бұзылуын, бүлінуін және үзілуін болдырмау үшін оларға су тиюіне жол бермеу, осы аппараттарды, жабдықтарды және құбыр өткізгіштерді қорғау мен салқындатуды объектінің инженер-техник қызметкерлерімен келісу;

каучук немесе техникалық резеңке бұйымдарды сөндірудің бастапқы кезінде суды барынша көп беріп, жанудың қарқыны бәсеңдегеннен кейін өрт оқпандарындағы суды көбікке алмастыруды қамтамасыз ету;

газды алауды жануын толық тоқтағанға дейін коммуникацияларды, аппараттарды және құбыр өткізгіштерді салқындату;

алаулық жану кезде температураны төмендету үшін жану аймағына ол үшін турбинді шашыратқыш қондырғылары бар өрт оқпандарын және т.б. пайдалану;

жылу ажыратқышты бұзбай, аппараттар мен құбыр өткізгіштерді қорғауға және салқындатуға шашыранды ағындар беру;

жарылыстар кезінде болатын жаңа жану ошақтарын сөндіру үшін сөндіру құралдары бар автокөліктегі жылжымалы бақылаушыларды және бекетті қою;

жанған сұйықтардың және еріген заттардың ағуын болдырмау үшін құмнан, топырақтан, қиыршық тастан бөгеттер құруды қамтамасыз ету, ал КӘУЗ бұлтының қозғалысы алдынан, объектінің қызметін қатыстыра отырып, шашыранды судан перде қою;

ұзақ өрт жағдайында және цех (қондырғы) аумағынан суды өндірістік құбырлары арқылы ағызу мүмкін болмаған жағдайда аварияны жою жөніндегі жұмыстың жауапты басшысымен бірге техниканы және қолда бар құралдарды пайдаланып, суды басқа жаққа бұру;

ваккумде жұмыс істеуші технологиялық аппараттарға аварияның таралуы немесе оттың ауысуынан жарылыс қаупін болдырмау үшін оларды су буымен немесе инертті газбен толтырып, жиі салқындатып тұру;

технологиялық қондырғыларда, аппараттарда, коммуникацияларда және сыйымдылықтарда фосфор шығуымен байланысты өртті сөндірген кезде 5% мыс купоросымен қосылған көбіктендіргіштің 2% судағы ерітіндісін қолдану;

улы заттар болған кезде объектінің медициналық қызметінің ұсынысы бойынша өртті сөндіргеннен кейін жеке құрамды санитарлық тазалаудан өткізу, жауынгерлік киімді, ӨТЖ және автомобильдерді газдан тазарту қажет.

7-параграф. Энергетикалық кәсіпорындардағы және электр қондырғылары бар үй-жайлардағы өртті сөндіру

225. Өрттің таралуы ықтимал барлық бағыттар бойынша өртті барлауды басшы құрамның тәжірибелі тұлғалары басқаратын ГТҚҚ буындары жүргізеді.

226. Өртті барлау кезінде негізгі міндеттерді орындаудан басқа:

энергетика объектілерінің ауысымды аға қызметкерімен байланысын, одан өрттегі жағдай туралы мәліметтер және сөндіру үшін жазбаша рұқсат алу;

қандай жүйелерді тоқтату немесе іске қосу қажеттігін;

өрт сөндірушілердің іс-қимылы мүмкін болатын және болмайтын учаскелер мен үй-жайларды;

сөндіру жұмысы барысында өрт сөндірушілер үшін қандай электр қондырғылары қауіпті, өрттің таралуына қандай жүйелер мен агрегаттар жағдай жасайтынын;

кернеуде тұрған, радиоактивті, улы заттар, жанғыш сұйық металдық жылу шығарғыштар болған кезде өртті сөндіру кезінде қауіпсіздіктің қандай шараларын сақтау керектігін анықтау қажет.

227. Энергетикалық кәсіпорындарда және электр қондырғылары бар үй-жайларда өртті сөндіру кезінде ӨСЖ:

өрттің көлеміне және жұмыс істеп жатқан үй-жайлардың санына қарамастан өртте жедел штаб құру;

өртті барлауды бірнеше барлау топтарымен әртүрлі бағытта жүргізу (басшы құрам тұлғаларының басшылығымен барлау топтары 4-5 адамды құрайды). Міндетті түрде БӨП ұйымдастыру;

өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамын объектінің аға қызметкері тиісті нұсқау өткізгеннен кейін және одан белгіленген техникалық үлгідегі сөндіруге жазбаша рұқсат алғаннан кейін ғана электр қондырғыларына өрт сөндіргіш заттарды беруге кірісу;

электр қондырғыларындағы өртті сөндіру және жамылғыларды қорғау үшін бірінші кезекте өрт сөндірудің тұрақты құралдарын және алып жүретін лафетті оқпандарды қолдану;

генераторларды салқындатуға берілетін сутегіні тоқтатуды қамтамасыз ету;

тұрақты кезекші қызметкерсіз энергетикалық объектідегі шақыруға шығатын бригада келгенше дейін өртті алдын ала әзірленген және келісілген жоспар бойынша ғана сөндіру;

объектіде қызмет етуші персоналды шақыру шараларын қолдану;

электр желілерін және электр қондырғыларын тоқтан ажырату жөнінде құрамның өз бетінше әрекетіне жол бермеу, сондай-ақ от сөндіргіш заттарды бермеу;

1 киловольтқа дейінгі кернеуде тұрған электр жабдығын сөндіруді қоспағанда, жанып жатқан электр қондырғыларына жылжымалы өрт техникаларынан от сөндіргіш заттарды оларды алдын ала тоқтан ажыратқаннан кейін ғана беру, бұл ретте өрт оқпандары мен өрт сөндіру автомобильдері жерге қондырылуы керек, оқпаншылар, сондай-ақ жүргізушілер диэлектрлік ботыларда, қолғаптарда жұмыс істейді және өрт көздерінен 8 метрден кем емес қашықтықта болуы қажет.

ұқсас жағдайда өрт сөндіргенде ауа-механикалық көбікпен үй-жайларды (тоннель бөліктерін) толтыруды қоспағанда, теңіз суы мен қатты лайланған суларды, сондай-ақ көбіктердің барлық түрін пайдалануға тыйым салынады. Бұл жағдайда көбікті генераторларды алдын ала бекітеді және жерге қондырады;

электр қондырғылары орнатылған үй-жайларда өртке қарсы қызмет жеке құрамының мөлшерден артық шоғырлануына жол бермеу;

кернеуі 1 киловольттан жоғары жанып жатқан кәбілдерді сөндіргенде жеке құрамның бөліктерге кіруіне, ал өрт оқпандарын есіктің ойығынан немесе люктен бағыттауға тыйым салу;

өрт өрши түскенде оның маңайындағы жабдықтар мен қондырғыларды кернеуден алдын ала ажыратып, жоғарғы температурадан шашыранды су шашып қорғау;

кәбілді құрылыстарда өртті оларды сумен толтыру жолымен сөндіру мүмкіндігін анықтау;

ауамен салқындатылатын генераторлар (синхронды компенсаторлар) іштен жанған өрт байқау люктерінен немесе арнаулы штуцерлерден берілген сумен сөндіріледі, көбіктерді осы мақсаттарда пайдалануға жол бермеу;

сутегімен салқындатылатын генераторлардағы (синхронды компенсаторлардағы) сутегі жанғанда орталықтандырылған жүйенің корпусына сутегіні ығыстыруға арналған көмір қышқыл газын немесе азот жіберу;

төгілген майлардағы және турбогенераторлар кәбілдеріндегі өрт ауа – механикалық көбіктермен немесе атқылаған сумен сөндіріледі, өрттің таралу қаупі төнгенде май бактеріндегі сұйықтарды авариялық сыйымдылықтарға құйып, құмнан (топырақтан) бөгеттер тұрғызылып, сыйымдылықтарды сумен ығалдандыру жөніндегі тұрақты

қондырғыларға қосып, ал мұндай қондырғылар болмаған жағдайда сыйымдылықтарды салқындату үшін су ағысын беру қажет.

228. Трансформаторлар мен басқа да май толтырылған электр жабдықтарының ішіндегі от сөндіру ұнтақтармен, қалдықсыз көбіктермен немесе шашыратылған сумен жүзеге асырылады, өрт оқпандары шинақұбырлардың саңылауларынан беріледі, бұл ретте трансформаторлардан майлы сұйықтардың авариялық ағызып алынуына жол бермеу керек.

229. Өрт оқпандарының, көбік генераторларының, өрт сөндіру автомобильдері сорғыларының жерге жалғануын ӨСЖ тағайындаған, энергетикалық объектінің қызмет көрсетуші персоналы техника қауіпсіздігіне жауапты адаммен бірлесіп тексереді. Жылжымалы өрт сөндіру техникасының жерге жалғану орны шартты белгілермен белгіленеді. Жерге жалғағыштардың қажетті саны, резерві бар диэлектрлі аяқ киімдер мен қолғаптар энергетикалық объектілерде қол сұқпаусыз сақталады және өрт сөндіру жағдайларында ғана пайдаланылады.

230. Атом электр станциялары объектілеріндегі өртті сөндіру кезінде ӨСЖ: сөндіруді осы Қағидалардың 226, 230-тармақтарының талаптарына сәйкес ұйымдастыру;

радиациясы жоғары деңгейдегі аймақта немесе үй-жайда өрт сөндіру бойынша оқшау учаскелер құру;

радиациясы жоғары аймақтарда істейтін бөлімшелермен және буындармен тұрақты байланыс орнату және ұстау, жұмыс орындау тәртібі туралы нұсқаулар беру.

Ескерту. 230-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-параграф. Үлкен ауданды жабындардағы өртті сөндіру

231. Үлкен аудандардағы өрттерде мүмкін:

өрттің бос жерлерге, шатыр материалдарына, жабындардың төменгі беттеріне тез және жасырын таралуы және көп түтін шығару;

ашу бойынша көп еңбекті қажет ететін жұмыстарды жүргізу;

ғимараттың сыртқы кіреберістерінен өрт ошақтарының үлкен қашықтығы;

құрылыс конструкцияларының құлауы.

Ескерту. 231-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

232. Үлкен аудан жабындарында өрт сөндіру кезінде ӨСБ:

үлкен алаңды жабындарда өртті сөндіру кезінде, өрт сөндіру оқпандарын сөндіруге және қорғауға екі бағытта беру қажет: ғимараттың ішіне және жабынға;

жануды жоюға төменнен стационарлық және тасымалды лафетті оқпандармен, сондай-ақ өрт сөндіргіш заттарды көп шығындайтын қол оқпандармен;

өрт сөндіру кезінде өрт сөндіру құралдарын енгізумен, бір мезгілде терезелердің немесе жарық шамдарының жоғарғы бөліктерін ашып, түтін шығаруды ұйымдастыру;

ішкі өрт қрандары және құрғақ құбырлардың болуы мен пайдалану мүмкіндігін анықтау;

өрттің тез таралуы кезінде жабында үзіктер жасау;

бастапқы шекара ретінде отқа төзімді аймақтарды, өртке қарсы қабырғаларды қолдану, осы пункттерде өрт оқпандарының қажетті санын шоғырландыру;

сөндіру процесінде жабын конструкцияларының беріктігіне тұрақты бақылау орнату, жеке құрамды қауіп туралы ескерту, сондай-ақ жабынға және оның астына жеке құрамның шамадан тыс жиналуына жол бермеу қажет.

Ескерту. 232-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-параграф. Жанатын полимерлік жылытқыштармен қосылған металл конструкциялы ғимараттардағы өртті сөндіру

233. Өрт сөндіру кезінде өрт оқпандарын бірнеше бағыттарда:

ғимараттың ішіне жабынның көтергіш конструкцияларын, төменгі белдеу тіректерін, шатыр панельдері мен қабырға панельдерінің ішкі беттерін салқындату үшін, сондай-ақ ғимараттың ішіндегі ошақтарды сөндіруі және материалдық құндылықтарды қорғауы;

ғимараттың жабынында - бүкіл аудан бойынша отты сөндіру және таралуын болдырмау үшін біруақытта түтінді жою және температураны түсіру, сондай-ақ төбе кілемшілерін ашу және жылытқышты бөліп тастау үшін;

қабырғалардың сыртқы бетіне біруақытта конструкцияларды ашу және бөліп тастаумен бірге қабырға панелдерін салқындату және сөндіру үшін беру қажет.

234. Жанатын полимерлік жылытқыштары бар металл конструкциялардан жасалған ғимараттарда өрт сөндіру кезінде ӨСБ:

жабында сөндіруді су шығысы әртүрлі өрт оқпандарымен жүргізуі;

жабынның көтергіш конструкцияларын, төменгі белдеу тіректерін, шатыр және қабырға панельдерінің ішкі беттерін салқындатуды су шығысы көп, оның ішінде лафетті оқпандармен жүргізуі;

ғимарат ішіндегі ошақтарды сөндіруді және материалдық құндылықтарды қорғауды жабық өрт оқпандарынан есік және терезе ойықтарынан бүріккіш су беру арқылы жүргізуі;

қабырға панелдерін сөндіруге көп мөлшердегі су шығысымен қол өрт оқпандарын беруі;

оттың аралас секциялар мен бөліктерге белдеулер мен қоршағыш конструкциялар, өртке қарсы қабырғалар мен аражабындар арқылы өту мүмкіндігін ескеруі;

жабындарда өрт сөндіру кезінде тірек шеп ретінде аэрациялық жарық шамдарын, желдеткіш каналдарын пайдалануы;

өртті сөндіру аяқталғаннан кейін жану ошақтарын жою мақсатында қабырға және төбе панелдерін ұқыпты тексеруі қажет.

10-параграф. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарындағы өртті сөндіру

235. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

ГТҚЖ-ның күшейтілген буындарымен бірнеше бағытта барлау жүргізуі;

өрт оқпандарын есік, терезе және технологиялық ойықтар арқылы, саты торлары, көрші үй-жайлар жағынан біруақытта төмен және жоғары орналасқан қабаттарды және аралас үй-жайларды, тозаң тұратын камералар мен шатыр үй-жайларын қорғауға жану мөлшері бойынша беруі;

тозаң бар үй-жайларға су бүріккіш өрт оқпандарын қолдануға және тек үй-жайлар ылғалданғаннан кейін ғана оны ықшамдалған ағынмен сөндіруі;

ойықтарды қорғау үшін дренчерлік қондырғыларды қосуы;

қондырғы болмаған жағдайда ойықтарды өрт оқпандарымен қорғауы;

пневматикалық және монорельстік көліктің желдеткіш жүйелерін өшіруі, осы жүйелерде от тараған жағдайда оны сөндіру үшін көбікті қолдануы;

техникалық шатырларда, "тозаңды жертөлелерде" және басқа жертөле үй-жайларында өрт шыққан кезде бүріккіш суды немесе көбікті қолдануы қажет.

11-параграф. Элеватор-қойма шаруашылығының объектілеріндегі, диірмен және құрама жем кәсіпорындарындағы өртті сөндіру

236. Элеватор-қойма шаруашылығы объектілеріндегі, диірмен және құрама жем кәсіпорындарындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

желдеткіш және аспирациялық жүйелерді тоқтатуға және жабуға, кәсіпорын жұмысын тоқтатуы, егер жабу қондырғысы деформацияланса, ауа өткізгішті ашып, оны көбікпен толтыруы;

сөндіруді және өнімді шығаруды сүрлем немесе бункер көлемінде міндетті түрде ортаны көмірқышқыл газбен немесе азотпен бәсеңдету арқылы жүзеге асыруы;

элеватор мұнарасындағы өртті сөндіруге өрт оқпандарын сүрлем үстіндегі үй-жайлар жағынан тұрақты сатылар арқылы және мұнараның төменгі жағынан - ішкі сатылар арқылы беруі, біруақытта мұнараны диірменмен немесе басқа үй-жайлармен жалғастыратын галереяларды қорғауды қамтамасыз етуі;

диірмендердегі өртті сөндіру кезінде бүріккіш өрт оқпандарын бірінші кезекте өрт ошағына және жоғары орналасқан қабатқа, содан кейін өрт оқпанын төменгі қабатқа және ойықтарды қорғауға беруі;

ұн және элеватор тозаңы бар және ұн төгілген жайларда ТБҰ ұштары бар өрт оқпандарын пайдалануы;

тек ылғалдандырғаннан кейін ықшамдалған ағынмен сөндіруі, оларды ашық ұн үйінділеріне бағыттауға жол бермеуі;

жанбайтын аралас тозанды үй-жайларда конструкциялардың бетін және жабдықтарды бүріккіш ағындармен суландыруды жүргізуі;

жоғарғы қабаттарға су беру үшін құрғақ құбырларды және сорғы-көтергіштерді қосумен, ішкі өрт сөндіру крандарын қолдануы;

галереялар және транспортерлер бойынша оттың таралуын шектеу үшін су перделерін іске қосуы, сондай-ақ транспортер таспалары учаскелерін алып тастауы;

жанбаған үй-жайларда дән мен ұнды судан қорғауды ұйымдастыруы қажет.

237. Дән кептіргіштерде шыққан өрт кезінде желдеткіштердің жұмысын тоқтату, кептіру камерасына жылу тасымалдағыштың беруін, кептіргіштен қоймаға астық беруді тоқтату және кептіргішке дымқыл дән беруді арттыру керек.

12-параграф. Ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындарындағы өртті сөндіру

238. Ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындарындағы өрт кезінде ӨСБ:

картон және қағаз жасау машиналарына біруақытта су өрт оқпандарын және көбікті берумен бірге масса беруді тоқтату шараларын қабылдауы;

хлорды, хлор өнімдерін, күкірт және басқа да уландырғыш заттар дайындайтын және сақтайтын жасайтын цехтарда, сондай-ақ оларды тасымалдауға арналған құрылыстарда жұмыс істейтін бүкіл жеке құрамды (өрт сөндіру автомобильдерінің жүргізушілерін қоса алғанда) қорғау құралдарымен қамтамасыз етуі;

хлордың шығуымен байланысты болған авариялар жағдайында кәсіпорынның газдан құтқару қызметімен бірлесіп бірінші кезекте хлор бұлтын, оның таралу жолдарын бүріккен су ағындарымен жоюды және газдың шығуын жоюды қамтамасыз етуге, жеке құрамның ТОЖҚҚ және теріні қорғау құралдарындағы жұмысын қамтамасыз етуі;

бункерлер мен транспортер таспаларын қорғау үшін жаңқа беретін жер асты бункерлері галереясына өрт оқпандарын беруді, біруақытта бункерлердің астында қарқынды су құюды қамтамасыз етуі, ал өршіген өрт кезінде мүмкіндігінше сумен басуы;

жаңқалар және қабықтар беретін көлбеу галереяларда цех жағынан галереялардың жоғары бөлігінен өрт оқпандарын енгізуді және өртті төменнен жоғары қарай сөндіруді ұйымдастыруы қажет.

13-параграф. Metallургия кәсіпорындарындағы өртті сөндіру

239. Өртті барлау кезінде негізгі тапсырмаларды орындаудан басқа:

технологиялық жабдықтарды тоқтату және электр энергиясын өшіру мүмкіндігін;
майды гидрожүйеге беруді, тез тұтанатын және жанатын сұйықтарды шахтаға үстеме ретінде көмір беретін жолдарға беруді тоқтатудың мүмкіндігі мен қажеттілігін;
оттың тиейтін тораптарда, транспортерлік галереяларда, май және кәбілдік тоннельдерде, жертөлелерде, машина залында таралу мүмкіндігін анықтауы қажет.

240. Metallургия кәсіпорнында өрт сөндіру кезінде ӨСБ:

өртте жедел штабты ұйымдастыруы;

жұмыс ауданындағы ауаны бақылау және оған талдау жасау үшін объектінің газдан құтқару қызметін тартуы, өртті сөндіру жөніндегі жұмысты ТАОЖҚҚ-мен жүргізуі;

транспортерлік галереялардағы өртті сөндіру үшін көтергіш конструкцияларды сөндіруге және қорғауға көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандарын беруді ұйымдастыруы, галереялардың тиеу тораптарындағы және сүйейтін бағаналарына тірелуге қосылатын жерлердегі оқпаншылар шебін анықтауы;

жалға беру орындарында өрт сөндіру үшін әдеттегідей, май өткізгіштер тоннельдерін қорғау үшін де және энергетикалық өндірістердің электр машина залы жағынан да көбік оқпандарын беруі;

гидравлика жүйесінен шығып жатқан майдың атқылап жануы кезінде металл фермалардың жабындарын сөндіру және салқындату үшін көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандарын беруі;

объекті әкімшілігі арқылы май беруді тоқтатуға шаралар қабылдауы;

әдеттегідей, май бактарының және май өткізгіш траншеяларын сөндіру және қорғау үшін май жертөлелеріне көбік оқпандарын беруі;

авария кезінде май және қож төгілуі салдарынан қасындағы көтергіш конструкцияларды салқындатуы қажет.

14-параграф. Тоңазытқыштардағы өртті сөндіру

241. Тоңазытқыштағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

өртке қарсы белбеулер орналастырылуын анықтауы, құрылыс конструкциясы және сақталатын өнімдер туралы мәлімет алуы;

аммиак бұлтын шашыранды су ағындарымен белсенді суаруы;

желдеткіш жүйелерінің жұмысын және салқындатқыш заттарды жанған үй-жайларға беруді тоқтатуы, тоңазытқыш қондырғыларын өшіруі, өрт сөндіру

бөлімшелерінің жеке құрамы жұмыс істеп жатқан аймаққа салқындатқыштардың шығуына жол бермеуге шаралар қабылдауы;

оттың таралу шекарасын анықтау үшін жылу оқшаулағышты оның бар тереңдігіне бақылау ашуын жүргізуі;

жылу оқшаулағышпен от тараған кезде механикаландырылған құрал-саймандардың көмегімен онда өртке қарсы бөлу жасауы;

тоңазытқыш камералар мен жылу оқшаулағыштарды сөндіру үшін сулағышы бар шашыранды су ағынын және көбікті пайдалануы қажет.

15-параграф. Сауда кәсіпорындарындағы және тауар-материалдық құндылықтар қоймаларындағы өртті сөндіру

242. Сауда кәсіпорындарындағы немесе тауар-материалдық құндылықтар қоймаларындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

адамдардың, материалдық құндылықтардың орналасқан орнын нақтылауы, тиеу-түсіру құралдарын пайдалана отырып, оларды эвакуациялау немесе қорғау тәртібін анықтауы және шаралар қабылдауы;

сөндіру үшін жабылмалы өрт оқпандарын, шашыранды суларды, көбікті, өрт сөндіргіш ұнтақтарды және инертті газдарды беруі;

қасақана от қою белгілері немесе басқа себептер болған жағдайда өрттің себебін анықтауға шаралар қабылдауы, жедел-тергеу тобы келгенге дейін заттай айғақтардың сақталуын қамтамасыз етуі қажет.

7-тарау. Ашық жерлердегі өртті сөндіру

1 -параграф. Тез тұтанғыш, жанғыш сұйықтар және сұйытылған көміртегі газдары сақталатын резервуар парктеріндегі өртті сөндіру

243. Өртті барлау кезінде, жалпы міндеттерін орындаудан басқа:

жанып жатқан және көрші резервуардағы ТТС және ЖС-ның мөлшері мен түрін, толу деңгейінің, су көтермелерінің бар болуын, резервуарлар төбелерінің бұзылу сипатын;

шұңқырлау жағдайын, резервуар бұзылғанда немесе шығарындылары кезінде аралас құрылыстарды зақымдау қатерін, сұйықтардың ықтимал ағу жолдарын;

өндірістік және нөсер кәріздерінің, байқау құдықтары мен гидрожапқылардың болуы және жай-күйін;

резервуардан мұнай өнімдерін сору немесе шығару және оларды сумен немесе бумен толтыру мүмкіндігін;

өрт сөндіру құралдары мен қондырғыларының, сумен жабдықтаудың және көбіктүзгіш заттардың бар-жоғын және жай-күйін, көрші объектілерден көбіктүзгіш заттарды тез жеткізу мүмкіндігін анықтау қажет.

244. ӨСБ бірінші кезекте:

жанып жатқан және оған көрші резервуарларды қажетті салқындатуды ұйымдастыруға;

құрамына объектінің инженер-техникалық қызметкерлерін және әкімшілік өкілдерін міндетті түрде қосумен, өрт орнында өрт сөндіру жедел штабын құруға;

техника қауіпсіздігінің қажетті талаптарын қамтамасыз етуге объекті мен өртке қарсы қызметінің арнайы тағайындалған қызметкерлерінің көмегімен жеке өзі шаралар қабылдауға;

көбік шабуылының дайындығын ұйымдастыруға;

өрт сөндіру автомобильдерін алыс су көздеріне орналастырумен, көрші резервуарларды шұңқырлау бойынша қорғаудың екінші шебін құруға және көбік генераторлары мен оқпандар қосылған резервті магистральды жеңкұбыр жолдарын төсеуге міндетті.

245. Резервуардағы өртті сөндіру кезінде бөлімшелердің бірінші кезектегі іс-қимылдары су өрт оқпандарын беру, сондай-ақ жанып жатқан қажеттілігіне қарай көрші резервуарларды салқындату үшін стационарлық қондырғыларды қосу болып табылады.

Бірінші өрт оқпандары жанып жатқан резервуарларды салқындатуға, содан кейін желдің бағытын есепке ала отырып, жанып жатқан екі нормативтік ара қашықтықта орналасқан барлық көрші резервуарларды қорғауға және салқындатуға беріледі. Жанған резервуарға бірінші өрт оқпандарын резервуардың қабырғаларына желге қарсы және жел жағы учаскелеріне беру қажет.

Жанып жатқан және көрші резервуарларды салқындату, сондай-ақ темірбетонды резервуарлардың арматураларын қорғау үшін көп мөлшердегі су шығысымен, оның ішінде лафетті оқпандарды қолдану қажет. 10 000 текше метр және одан да үлкен көлемдегі резервуарларды салқындатуды лафетті оқпандармен іске асырған жөн.

Өрт оқпандарының саны, бірақ жанбаған резервуарлар үшін кемінде екі және жанып жатқан резервуарларға кемінде үш есебімен анықталады. Жанбаған резервуарлар үшін есеп резервуарлар периметрінің жартысына жүргізіледі.

Жерасты темірбетонды резервуарлардағы өрт кезінде, тек тыныс алу және көрші тереңдетілген темірбетонды резервуардың төбесіне орналасқан басқа да арматуралар салқындатылады.

Шұңқырлауда мұнай өнімдері жанғанда резервуарлар қабырғаларын салқындату тікелей жалын аймағында өзара іс-қимыл лафетті оқпандармен жүзеге асырылады. Бұл ретте, басқару тораптарын түпкі ысырмамен және соқпандармен, сондай-ақ фланцеттік қосылыстарды салқындату қажет.

Көбікті шабуыл кезінде резервуардың қызған қабырғаларының барлық бетін және көбік көтергіш орналасқан орындарда қарқынды салқындату қажет. Резервуардағы қарқынды жану артынша төмендегеннен кейін, су ағынын резервуар қабырғаларына

сондағы мұнай өнімдерінің деңгейімен және жанармайдың жоғарғы қабаттарын салқындату үшін біршама төмен деңгейде бағыттау қажет.

Өртті жойғанға дейін және олар толығымен суығанша резервуар үзіліссіз салқындатылады.

246. ӨСБ көбікті шабуылдың дайындық барысын жеке өзі бақылап, көбік көтергіштер орналасатын орындарды анықтайды, көбік шабуылын өткізілуіне берілген есептің дұрыстығын тексереді.

247. Көбік шабуылын дайындау үшін:

көбік шабуылын дайындау және оны жүргізу бойынша өртке қарсы қызметтің басшы құрамы қатарынан ең тәжірибелі тұлғаны бастық етіп тағайындау;

өрт орнында күштер мен құралдардың өрт сөндіру есебі саны шоғырландырылады; көбіктүзгіш қор есептік өрт сөндіру уақыты 15 минут кезінде үш еселеніп қабылданады (көбіктүзгіш қор көбік беруді 45 минут бойы қамтамасыз етуі тиіс);

көбік берудің жиналған схемасын тиянақты тексеріп (көбік генераторымен көбік көтергіштің ұшы шығып тұруы тиіс), автомобильдің жұмысын тексеріп көбіктің сапасын көзбен анықтайды. (егер 1-2 минут ішінде сапалы көбік болмаса, себептері анықтап және ақаулықты жояды);

көбік шабуылын бастау және тоқтату туралы дауыс зорайтқыш қондырғысынан жариялап және рация арқылы қайталайды.

248. Көбік шабуылы барлық есептелген құралдармен бір мезгілде қызып кеткен сұйықтықты сөндіру кезіндегі мерзімді беруден басқа жағдайда жану толық тоқтатылғанша үздіксіз жүргізіледі.

Мұнай өнімдерінің қайтадан жануын алдын алу үшін жану тоқтатылғаннан кейін 3-5 минут ішінде резервуарға көбік беруді жалғастыру қажет. Есептік қарқындылығымен резервуар қабырғаларын салқындату, олар толығымен суығанынша жүргізілуі қажет.

Егер көбік шабуылы басталғаннан бастап 30 минут ішінде жану толығымен сөнбесе, онда көбік беруді тоқтатып, себебін анықтау керек.

249. Бірнеше резервуарлар жанған жағдайда және бір уақытта сөндіру үшін күштер мен құралдар жеткіліксіз болғанда, барлық күштер мен құралдарды жел соғып тұрған жақта орналасқан бір резервуарды немесе өрт бәрінен бұрын өрт шалмаған көрші тұрған резервуарларға қауіп туғызатын резервуарды сөндіруге шоғырландырылады. Мұндағы өртті толығымен сөндіргеннен кейін, күштер мен құралдарды қалған резервуарлардағы өртті толық сөндіру үшін топтастырылады. Өртті сөндіруді, бәрінен бұрын, көрші тұрған резервуарларға, технологиялық жабдықтарға, ғимараттар мен құрылыстарға қауіп туғызатын резервуардан бастайды.

Күштер мен құралдар жетіспеген кезде ТТС мен ЖС сақтап қалу мақсатында (ерекше жағдайларда) біруақытта резервуарлардың қабырғалары салқындатыла отырып бақылау жасау арқылы олар сорғызылып алынады.

250. ЖЖС және ЖС жанған жағдайда резервуарда пайда болған "қалталарға" көбік немесе ұнтақ оқпандарын пайдаланады, оны резервуардың қабырғасында жасалған тесіктерден беру қажет.

"Ұнтақ-көбікпен" аралас сөндіру кезінде жану ұнтақпен сөндіріледі, содан соң қайта жануды болдырмау үшін көбік беріледі.

251. Қара мұнай өнімдері бар резервуарлардағы жану кезінде шығарындылардың алдын алуға уақытында шаралар қабылдау мақсатында мұнай өнімдерінің қызуына және резервуардың түбінде судың бар-жоқтығын үзіліссіз бақылап тұру, мерзімді оны сорады (түсіреді).

Қауіпті аймаққа (шұңқырлауға) өрт сөндіруге қатысы жоқ өрт сөндіру бөлімінің жеке құрамын, объектінің қызмет көрсететін персоналын, қауіпті аймақта (шұңқырлауға) адамдардың барынша аз болуы үшін оқпаншыларды алмастыруды бір мезгілде жүргізбейді.

ТТС және ЖС-ның жерасты резервуарлары жанған кезде жанған және көрші резервуардың периметрін белгілейді.

Өрт оқпандарымен жұмыс істеуші жеке құрамды қорғау үшін жылу шығылыстырғыш костюмдерді пайдаланады.

Қайнау немесе жарылыс қатері туындаған кезде жеке құрамды эвакуациялауға сигнал ӨСБ-нің немесе жедел өрт сөндіру штабының бұйрығы бойынша өрт сөндіру автомобилінен ұзақ дабылмен беріледі. Өрттегі барлық сигналдар эвакуациялауға берілетін сигналдардан табанды түрде өзгеше болуы тиіс.

252. Төбесі жүзгіш резервуарлардағы өрттің басталу сатысында, резервуар қабырғасы мен оның жүзгіш төбесі арасындағы мұнай өнімдері жанған кезде, келген күштер мен құралдардың санына қарамай дереу сөндіруге кірісу керек.

253. Газ сақтау объектілерінде (газ толтыру станцияларында) өрттерді сөндіру кезінде:

алау газдың жануынан қуатты жылулық сәуле шығару;

төгілген конденсатын үстімен тез таралуы;

"от шарының" пайда болуы;

пайда болған газ-ауа қоспаларының жарылыстары;

аппараттар мен құбырлардың деформациясы және жарылуы;

төгілген сұйытылған газды және алауды бір мезгілде сөндірудің қиындығы.

Өрттерді сөндіру бойынша іс-қимылдарды жүргізу кезінде:

жанып жатқан және көршілес ыдыстарда (газгольдерлерде, резервуарларда) сақталатын газдың түрін, желдің бағытын, газ бұлтының таралу жолдарын және пайда болған газдану аймақтарының қауіптілік дәрежесін белгілеу;

өртті сөндіру бойынша жұмыстарды орындау үшін жеке құрамның ең аз санын тарту, қауіпті аймаққа өрт сөндіру бөлімдерінің жеке құрамын, сөндірумен айналыспайтын объектінің қызмет көрсетуші персоналын жібермеу;

осы мақсат үшін объектіні және арнаулы қызмет қызметкерлерін тарта отырып, ықтимал жарылыс радиусын ескере отырып, өрт орнын қауіпсіз қашықтықта қоршауды ұйымдастыру, қажет болған жағдайда адамдарды жақын маңдағы тұрғын үйлер мен объектілерден эвакуациялауды ұйымдастыру;

бар болса жанып жатқан изотермиялық резервуарлардағы стационарлық суару жүйесінің жұмыс қабілеттілігін анықтау;

резервуарлар тобының үйіндісінің биіктігі мен күйін анықтау;

өртке қарсы су құбырындағы судың қысымын және су перделерін жасау үшін бүріккіш саптамалары бар лафет оқпандарын пайдалану үшін оны ұлғайту мүмкіндігін анықтау;

объектінің өкілдерін жедел штаб құрамына енгізе отырып, құру;

объектінің объекті авариялық қызметімен, қаланың газ қызметімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

объектінің объекті сондай-ақ өрт күзетінің арнайы тағайындалған қызметкерлерінің жеке және көмегімен еңбекті қорғаудың қажетті талаптарының орындалуын қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

қажетті су шығынын қамтамасыз етуге, тыныс алу органдарын қорғау құралдарының болуына, күштер мен құралдар резервін орналастыруға және қалыптастыруға жауапты тыл бастығын тағайындау.

Ескерту. 253-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

253-1. Оқшаулау жану СКГ үшін және өнімнің күйіп кетуіне қауіпсіз жағдай жасау үшін МӨҚҚ бөлімшелері қажет:

шұғыл шараларды қабылдауға міндетті тоқтату бойынша берілген өнімнің жану, жабуға келтірілген құбырлар және айдау мүмкіндігінше өнім резервтік сыйымдылықтар;

бұғаз аймағын шектеу;

қысымдағы аппараттар мен құбырларды анықтау және олардың деформациясы мен жарылуын болдырмау үшін шаралар қабылдау;

жанып жатқан көршілес резервуарлар мен басқа да сыйымдылықтар мен құрылыстарды қорғау үшін өрт оқпандары мен жүйелерін үздіксіз сумен жабдықтауды қамтамасыз ету, бекіту арматурасы мен фланецті қосылыстарды қорғауға ерекше назар аудару;

объектінің стационарлық жүйелерін тарту;

жел жағында төгілген және жанып жатқан газды өрт сөндіргіш ұнтақпен, төмен және орташа көбейтілген көбікпен сөндіруге;

факельді жануы тасқынды өткен соң өрт сөндіргіш ұнтақтар таратылсын, газ-су ағындары, көбік, бүріккіш және жинақы су ағындары;

бөшкелер мен техниканы жылу сәулесінен қорғау үшін жылу шағылыстыратын костюмдер мен су перделерін пайдалану;

қорғалатын объектінің алдына жалын майданынан 1,5 м жақын емес су перделерін орнату (ағындарды беру жұмыс қысымы 0,6 МПа, көкжиекке 50° бұрышпен жүзеге асырылады);

жауынгерлік міндеттерді орындау процесінде жоғары температура аймағында жеке құрамның ауысымдық жұмысын және суаруды ұйымдастыру;

өрт қауіпті аймақтарда техниканың жұмыс істеуіне жол бермей, газдану аймақтарының шекараларын айқындау. Жедел штабтың өкімі бойынша ғана қауіпті аймақтарда қозғалуға жол бере отырып, белгілер мен бекеттерді орнатуды ұйымдастыру;

күштер мен құралдардың резервін қауіпсіз қашықтықта орналастыру;

мүмкіндігінше қызмет көрсетуші персоналдың көмегімен газдарды жанып жатқан және көршілес резервуарлардан бос резервуарларға ауыстыруды немесе резервуарлардағы қысымды төмендету мақсатында газды алауға шығаруды ұйымдастыру;

резервуарларды босату кезінде инертті газдармен немесе бумен толтыруға, босатылған ыдыстарды оларды инертті газдармен немесе бумен толтырмай салқындатуға болмайды.

СКГ - ны сөндіру кезінде резервуарларда судың көп шығыны бар қолмен өрт оқпандарын беру, жанып жатқан және көршілес ыдыстар мен құбырларды салқындату үшін стационарлық лафеттік қондырғылар мен суару жүйелерін пайдалану қажет. Мүмкіндігінше газдарды жанып жатқан және көршілес ыдыстардан бос ыдыстарға ауыстыруды қамтамасыз ету немесе ыдыстардағы қысымды төмендету мақсатында газды алауға шығару.

Сыйымдылықтарды босату кезінде мүмкіндігінше оларды инертті газбен толтыру.

Ескерту. Қағида 253-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Газ және мұнай атқыламаларындағы өртті сөндіру

254. Атқыламаларды сөндіру жөніндегі өрт сөндіру бөлімшелерінің барлық іс-қимылдары құрамына ӨСБ кіретін ашық атқыламаларды жою жөніндегі жұмыс штабы басшылығының шешімдері және нұсқауларын ескере отырып, жүзеге асырылады.

Атқыламаны жою үшін қажетті жұмыстарды жүргізуге: өртке қарсы, инженерлік, медициналық, сумен жабдықтау, көлікпен жабдықтау, тамақтандыру және бақылау-өткізу сияқты түрлі қызметтер қатысады.

255. ӨСБ мен жедел штабтың өрттегі негізгі міндеттері:

ұңғыма аузында жұмыс істейтін адамдарды қорғау үшін су ағындарымен қамтамасыз ету;

сөндіру тәсілін таңдау және күштер мен құралдардың қажетті санын анықтау;

тактикалық сөндіру жоспарын әзірлеу, өрттегі учаскелерді анықтау, байланысты ұйымдастыру, жағдайдың өзгеруін ескере отырып жоспарды түзету;

жұмыстың әрбір кезеңінде учаскелер бойынша күштер мен құралдарды орналастыру, бөлімдердің алдына міндеттер қою;

басқа қызметтермен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету және өрт бөлімшелерінің табысты жұмысына жағдай жасау үшін оларға міндеттер қою (сумен және ЖЖМ-мен, ұңғыма аузында дренаж қондырғысымен, арнайы киімдермен және жеке қорғаудың басқа құралдарымен, тұрмыстық жағдайлармен және т.б. қамтамасыз ету);

күнделікті техникалық қызмет көрсетуді, өрт сөндіру автомобильдерін жөндеуді ұйымдастыру;

жеке құрамның қауіпсіз жұмысы үшін жағдайды қамтамасыз ету.

256. Өрт сөндіруге дайындық мынадай:

су мен өрт сөндіргіш ұнтақтың есептік (әрбір кезеңде) қорын жасаудан;

ұңғыманың аузын жабдықтардан, металл конструкциялардан және басқа материалдардан тазартудан;

сөндіру құралдарын өрістету және оқпаншылар мен өрт сөндіру автомобилі үшін алаң әзірлеуден тұрады.

257. Сөндіру құралдарын өрістету кезінде:

ұзаққа созылған өрт кезінде су айдындарынан атқыламаға диаметрі 100-150 миллиметр металл құбыр өткізгіштерін жүргізіп, оларды бастиектермен, ысырмалармен жабдықтау;

су айдындарын әдетте, сағадан 150-200 метр ара қашықтықта күшті желге тік бағытта ұңғыманың аузынан қарама-қарсы екі жағынан қауіпсіз жерде орналастыру, әр су айдынының қасынан 5-10 өрт сөндіру автомобилін орналастыру үшін алаңдарды жабдықтау;

әдетте, жоғары температура аймағында резеңкеленген тегеурінді өрт жеңқұбырларын салу;

ұңғыманың аузына іргелес аумаққа жеңқұбыр желілері төсеу жер бетін су ағынымен алдын ала салқындатқаннан кейін жүрігізілуі керек;

жоғары температура жағдайында өрт сөндірудің таңдап алынған тәсіліне байланысты жеке құрамның іс-қимылын пысықтау және оны жылу шағылыстырғыш қорғаныш костюмдерімен және басқа қорғау құралдарымен қамтамасыз ету қажет.

258. Мұнайды бұру және жинау бойынша іс-шаралар:

шұңқырлаудың көмегімен мұнай мен конденсаттар таралу аймағын шектеуді; шұңқырлаудан мұнай мен конденсаттарды жоғары температуралы аймақтан тыс

орналасқан арнайы ыдыстарға (қамбаға) гидро қақпағы бар құбыр өткізгіштердің немесе көбікпен толтырылған траншеялардың көмегімен бұруды;

мұнайды ыдыстардан (қамбадан) оның толуына қарай іріктеп алуды және оны өрт аймағынан тасымалдауды көздейді.

259. Өрт сөндіру үш кезеңнен:

ауыздағы жабдықтарды және ұңғыма төңірегіндегі металл конструкцияларды салқындату, іргелес аймақтарды салқындату, жылу бөлу қарқынын азайту мақсатында атқыламаларды суландыру, ұңғыма аузы төңірегіндегі мұнай және конденсаттың жану ошақтарын сөндіруден:

атқыламаны 1-кезеңдегі операциямен бір мезгілде жалғастырып тікелей сөндіруден; өрт сөндіргеннен кейін ұңғыманың алдын салқындату және атқыламаны суландырудан тұрады.

260. Атқыламаның түрлеріне байланысты өрт сөндіруді мына тәсілдердің бірімен жүргізеді:

ұңғымаға су толтыру немесе превентордың және шығарындыға қарсы жабдықтың ысырмасын жабу арқылы;

газ-сумен сөндіру автомобильдерінің ағындарымен;

арнайы қондырғылармен ұнтақтарды импульсті беруімен;

лафетті оқпандардың су ағындарымен;

жарылғыш заттар зарядының жарылысымен;

ұйытқыма ұнтақ тәсілімен;

өрт сөндіру автомобильдерінің көмегі арқылы өрт сөндіргіш ұнтақтармен;

құрама тәсілмен;

көлбеу ұңғыма бұрғылап және оған арнайы ерітіндіні толтырумен.

261. Превентордың ысырмасын жабу немесе суды ауыздағы қондырғы арқылы толтыру кезінде ӨСБ:

ұңғыма аузындағы жабдықтардың салқындауын қамтамасыз етуге;

ысырманы немесе превенторды жабу жұмыстарын атқарушылардың барлығын сумен барынша ылғалдандыруға және су ағынымен тұрақты қорғауға міндетті.

262. Атқыламаны жаппай су ағындарымен сөндіру кезінде ӨСБ:

талап етілетін өрт оқпандары санын есептеуі;

өрт оқпандарын ұңғыма аузынан 6-8 метр, алайда 15 метрден артық емес қашықтықта орналастыруы;

су ағындарының оқпандарын атқылама алаулары шыққан жерге, содан соң әрбір 1-2 метрден кейін 30-50 секундқа тоқтатып, үйлестіре және баяу жоғары көтеруі;

ағымдарды басқару үшін бір жетекші өрт оқпанын, қалған басқа өрт оқпандары оған бағыт ұстау үшін бөлуі қажет.

263. Газ-сумен сөндіру автомобильдері көмегімен атқыламаны сөндіру кезінде ӨСБ

:

газ-сумен сөндіру автомобильдерінің су беретін техникалардың және сақтандыруға арналған тракторлардың талап етілетін санын санап беруі;

бірнеше автомобильдер жұмыс істеген кезде синхронды жұмысты қамтамасыз ету үшін жауапты адамды тағайындауы;

газ-сумен сөндіру автомобильдерін ұнғыма аузынан 15 метр қашықтықта орналастыруға және оларды жұмысқа дайындауы;

атқылама төңірегіндегі жанудың жекелеген ошақтарын сөндіру басталар алдында жоюы;

сөндіруді қозғалтқыштың барынша көп айналысы кезінде жүргізуі қажет.

264. Осы Қағидалардың 260-тармағында көрсетілген басқа тәсілдермен сөндіру қолданыстағы ұсынымдар бойынша жүргізіледі.

Жарылғыш заттардың жарылысымен сөндіру басқа тәсілдер тиімсіз болғанда тиісті ұйымдардың келісімімен арнайы әзірленген жоспар бойынша жүргізіледі.

265. Теңіз газ-мұнай кәсіптеріндегі атқыламаларды сөндіру кезінде ӨСБ жалпы міндеттерді атқарудан басқа:

метеорологиялық жағдайдың жай-күйіне байланысты өрт сөндіру кемелерін қолданысқа енгізуі;

мұнайдың жанған қабатының таралуын болдырмау үшін оның ауданын шектеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруы;

теңіздегі жекелеген негізгі орындарға және эстакадалық алаңдар жанына өрт сөндіру десанттарын түсіру мүмкіндігін анықтауы;

көмекке тартылған басқа қызметтермен өрт сөндіру бөлімшелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыруы қажет.

266. Жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ӨСБ:

атқыламаларды сөндіру бойынша жұмыс істеушілерге қосымша шартты сигналдар мен командаларды белгілеуі;

жұмыс істеуші жеке құрамды шуға қарсы құралдармен қамтамасыз етуі;

жеке құрамның ұнғымада ық жағынан жұмыс істеуіне тыйым салуы;

желдің бағыты өзгерген кезде автомобиль ағыны жағына газ-сумен сөндіру автомобильдерінің жұмыс істеуіне жол бермеуі;

теңіз-мұнай кәсібіндегі атқыламаларды сөндіру кезінде құтқару құралдарын (белдіктерді, шеңберлерді, жіптерді, т.б.) шоғырландыруға және құтқару қызметінің кезекшілігін ұйымдастыруы қажет.

3-параграф. Ағаш материалдары қоймаларындағы өртті сөндіру

267. Ағаш материалдары қоймаларындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

өрттің көлемін, оның жайылу жолын, оттың көрші учаскелерге және ағаш қоймаларының орамдарына, елді мекендерге және басқа объектілерге өту қаупін

анықтауы, бұл үшін барлық ықтимал қозғалыс құралдарын (ірі өрттерде - тікұшақтарды) пайдалануы;

өртті оқшаулаудың негізгі шептерін және оларда қолданыстағы өрт оқпандарының шоғырлану мүмкіндігін (оқшаулау шептері ені кемінде 25 метр өртке қарсы бөліп тастау орны болуы мүмкін) анықтауы;

тұрақты лафетті оқпандар мен өрт сөндіру машиналарының шығыстарын қамтамасыз ету бойынша су құбырының мүмкіндігін анықтауы;

өрт аймағынан көтергіш-көлік механизмдерін басқа жаққа әкетуді, ал қажет болғанда оларды өртке қарсы бөліп тастау орындарын, қатарларды ашуға пайдалануды ұйымдастыруы;

қолданысқа көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандарын, оның ішінде лафетті оқпандарды тез енгізумен біруақытта көрші қатарларды, елді мекендерді және басқа шаруашылық жүргізу объектілерін қорғауды қосымша қол өрт оқпандарын беру, бөліп тастау орындарын және қатарлар жабындарын көбікпен толтыру, өрт сөндіру бастапқы құралдарымен өртке қарсы құралым мүшелерінен бекетшілер қою және құрылыстар мен қатарларды аша отырып, бөліп тастауды жасау арқылы ұйымдастыруы;

ағаш материалдары қоймасы өзен жағасына орналасқан кезде өртті сөндіру үшін жүзу құралдарын (кемелер мен катерлерді) пайдалануы;

желдің бағыты мен күшін ескере отырып, шашыраған ұшқындар мен шоқтардан жаңа өрт ошақтарының туындауын болдырмас үшін оның шекараларын белгілеп, оған қажетті мөлшерде күштер мен құралдар беріп өзіндік учаске ұйымдастыруы;

өрт сөндіргіш зат ретінде сөндіру тиімділігін арттыратын (бишофит, сулағыштар және т.б.) әртүрлі қоспалары бар суды қолдануы;

өрт болған жерге өрт сөндіргіш заттарды беруді қамтамасыз ететін тыл тобын құруы;

ұшқындар мен шоқтардың ықтимал шашырау аймағында су көздеріне орнатылған өрт сөндіру машиналарын қорғауды, қажет болған жағдайда қайтадан орналастыруды көздеуі;

жеке құрамды жылу сәулесінің әсерінен қорғау үшін жылу шағылыстырғыш костюмдерді және жылудан қорғайтын экрандарды, саптамалары бар өрт оқпандарынан шашыранды су ағынын және турбиналық шашыратқышты қолдануы қажет.

268. Кесілген бөренелер мен кесілген ағаш материалдарды сөндіруді қатарлардың жоғарғы жағынан, ал күштер мен құралдардың қосымша шоғырлануында қатарларды жинаудың ерекшелігін ескере отырып екі шетінен бастауы қажет.

269. Жанған ағаш ұнтақтарының үйінділерін сөндіру кезінде от сөндіргіш заттарды болжалды ошақтың үстінен береді және сонымен біруақытта жану ошақтарын табу үшін үйінділердің жану ошағын грейдерлермен, крандармен аршу ұйымдастырылады.

Технологиялық жаңқаның жанған үйінділерін сөндіру кезінде от сөндіргіш заттар жанудың алдыңғы жағынан беріледі.

270. Екі және одан да көп қатарларға өткен өртті сөндіру кезінде оқшаулау өртке қарсы бөлу сызығында қамтамасыз етіледі. Учаскелер оттың аса жылдамдықпен таралу бағыттарында, өрттің даму көлемі бойынша ұйымдастырылады.

271. Өрт өршіген кезде өрт сөндіргіш заттарды негізінен жанбаған қатарларға, үйінділерге, объектілерге беру қажет, өрт оқпандарының бір бөлігі өрт сөндіру автомобильдерін суландыруға, оқпаншыларды қорғауға тасымалданады.

Өртке қарсы бөліп тастау орнының сызығындағы өртті оқшаулау кезінде қатарлардың төбесі мен жоғарғы жағы тез қататын көбіктермен жабылады.

4-параграф. Бумадағы және қатарланған мақта өртін сөндіру

272. Бумадағы немесе қатардағы мақта өртін сөндіру кезінде ӨСБ:

жанбаған қатарлар мен бумаларға өрт сөндіргіш заттарды бере отырып және оларды кейіннен дымқылдап, брезентпен жаба отырып қорғауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ сөндіру құралдары бар бекетшілер қоюы және шолғыншы жіберуі;

сөндірумен біруақытта механикаландыру құралдарын пайдалана отырып, жанған қатарларды бөлшектеуді және мақта бумаларын қауіпсіз жерге әкетуді ұйымдастыруы, қатарларды аршу кезінде әрбір буманың сумен дымқылдануын, ал оның үстінен бықсыған шағын ошақтардың алып тасталғандығын бақылауы;

сөндіруді дымқылдағыш су ерітінділерін пайдаланып, ағынды қатарлардың бетіне, содан кейін бумалар арасындағы тоннельдер мен саңылауларға бағыттай отырып көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандарымен жүргізуі;

шикі мақта жанған кезде, тек бумалардың үстінен ғана оларды қолдағы бар материалдармен біруақытта жаба отырып, тоннельдерді өрт оқпандарымен қорғауды қамтамасыз етуі;

шикі мақтаның жануын сөндіргеннен кейін өртке қарсы құралымдардың, жұмысшылар мен қызметшілердің күштерімен тоннель қазатын машиналарды, металл айырлар мен тырмауыштардың көмегімен, жанған бумаларды үйіндінің үстіндегі жанғандарын қарау бойынша жұмыстарды бірден ұйымдастыруы қажет.

5-параграф. Шымтезек алқаптары мен кен орындарындағы өртті сөндіру

273. Шымтезек алқаптары мен кен орындарындағы өртті сөндіру кезінде негізгі күштер мен құралдарды:

елді мекен;

объекті;

негізгі шымтезек алқабы (өндіру алқаптары);

орман алқабы мен ауыл шаруашылығы жайылымдары тарапынан шоғырландыру қажет.

274. Шымтезек алқабының және кен орнының өртін сөндіру кезінде ӨСБ:

жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен өртте жедел штабты құруы; оттың жылжу бағыты мен шапшаңдығын, шымтезек қабатының қалыңдығын және оның бір тектілігін, айрықша қауіпті учаскелерін, сондай-ақ құрылыстардың және оларға төнетін қауіптің бар-жоқтығын анықтауы;

су көздерінің барлық түрлерінің бар-жоқтығын, олардың көлемі мен өртті сөндіруге пайдаланудың мүмкіндігін анықтауы;

қажет болған жағдайда жаңа су айдындарын салу және каналдардағы су деңгейін көтеру арқылы су қорын жасауы;

оттың таралуын тоқтатуы қажет шегіндегі шекараларды белгілеуі;

өрт сөндіру мақсатына қайта жабдықталған және бейімделген автомобильдерді пайдалануды қамтамасыз етуі және оларды белгіленген шекаралар бойына бөлуі;

қалыптасқан жағдайға сәйкес барлық өрт сөндіру бөлімшелерінің, сөндіруге тартылған жұмысшылар мен халықтың іс-қимылдарын түзетуі;

өрттің елді мекендерге, объектілерге, егіс дақылдар алқаптарына таралу қаупі төнген кезде оларды қорғауды ұйымдастыруы, бұл үшін қажетті мөлшерде өрт сөндіру автомобильдері мен адамдарды бөлуі;

жұмысшы кенттеріне, сондай-ақ шымтезек кәсіпорындарынан немесе кен орындарынан, оттың ауысуы мүмкін орындарда халықтың және өртке қарсы құралымдардың күштерімен тәулік бойы бекет және бақылау қызметтерін ұйымдастыруы;

жұмысшы кентінің халқын эвакуациялау кезінде тиісті жоспарды басшылыққа алуы қажет.

275. Шымтезек алқаптарын сөндірудің негізгі тәсілі жанған аумақты минералды топыраққа дейін немесе жерасты суларына дейін қазу, су өрт оқпандарын беру болып табылады. Фрезерлі шымтезекті сөндіру кезінде шашыратқыш өрт оқпандарын беру, жанған жерге су құю, сондай-ақ шымтезекті культиваторлармен дымқыл қабатына дейін қопсыту, соңынан оны бульдозерлермен, тығыздағыштармен немесе басқа техникамен таптау қолданылады.

276. Шымтезек массивінің жануы кезінде адамдардың және техниканың күйлерге, каналға түсіп кетуін, қалың түтіндеген аймаққа тап болуын болдырмас үшін қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз етуі қажет.

277. Шымтезек қатарларында өрт сөндіру кезінде ӨСБ:

жанбаған қатарларды шашыранды ағындармен мол дымқылдау жолымен, дымқыл шымтезек массасын лақтыру және өртке қарсы құралымдардың қатарынан бекетшілер қою арқылы қорғауды ұйымдастыруы;

жанған кесек шымтезек қатарларын күшті ағындармен, фрезерлік шымтезек қатарларын - суландырғышымен шашыранды су ағындарымен бір мезгілде шымтезектің жанған қабаттарын алып тастап (тарақтап) сөндіруі;

өртті шеңберге ала отырып, өрт оқпандарын жанбаған қатарлар жағынан беруі;

өртке қарсы бөліп тастау мен қатарларды бөлшектеуді жүргізу үшін шымтезек кәсіпорнында бар техникалық құралдарды пайдалануы қажет.

278. Шымтезек қатарларындағы өртті сөндіргеннен кейін аумаққа бекетшілерді қойып, бақылау орнату керек.

6-параграф. Орман (ландшафтты) өртін сөндіру

279. Орман өрті оттың үлкен алаңға тез таралуымен, қою түтіндеуімен және көп жылу бөлуімен сипатталады.

Орман өртінің мынадай:

үстіңгі;

төменгі түрлері болады.

280. Орман өртін барлау, жергілікті жерді білетін тұлғалардың және кез келген өрт сөндіруге жұмыдырылған орман шаруашылығы мамандарының еріп жүруімен ӨСБ сенімді және шапшаң қозғалысын қамтамасыз ететін өрттің барлық шебі бойынша өртті сөндіруге арналған көлік құралдарымен жүргізілуі тиіс.

Барлаудың аяқталуына дейін және өрт сөндіру жоспары туралы шешімнің қабылдануына дейін жеткен күштер мен құралдар өрттің таралуын уақытша тоқтату үшін аса қауіпті учаскелерде осы күштер мен құралдардың орналасқан жерінің маңында пайдаланады.

Елді мекендер, кәсіпорындар мен ұйымдар, демалу және адамдардың болуы мүмкін аумақтар, қорықтар, құнды екпе ағаштар жақта оттың тез таралу жағдайында үлкен аумақты өрт кезінде өрттің таралуын барлау және бақылау, сондай-ақ оны сөндіру барысын тікұшақ, ұшақ және автокөлік көмегімен картографиялық материалдарды пайдалана отырып жүргізілуі тиіс.

281. Барлау кезінде:

өрттің түрі мен көлемін, жер бедерін, оттың тарау жылдамдығы мен бағытын, оны сөндіру кезеңінде өрттің күтілетін өршуін, оның елді мекендерге, пансионаттарға, демалыс үйлеріне, ағаш дайындау объектілеріне, шымтезек алқаптарына таралу мүмкіндігін;

өрттің барынша қарқынды өршуі мүмкін учаскелерін (қылқан жапырақты жас ағаштар, орманның қоқысты учаскелері, өрт қауіпті дақылдар алаңы, ағаш материалдарының уақытша қоймалары, шымтезек әзірлейтін жер және т.б.);

отты тоқтатуға ықпал ететін ықтимал кедергілер, қорғауды ұйымдастыру үшін тиімді шептер, қарсы отты жіберу үшін тірек жолдары (жолдар, соқпақтар, өзендер, жыралар, бұлақтар, алаңқайлар, дымқылды ойпаттар және т.б.);

оқшаулау және сөндірудің механикаландырылған құралдарын қолдану мақсатында орманның шетіне, өрт шекарасына кіреберіс мүмкіндігі мен жолдарын;

табиғи су көздерінің бар-жоқтығын және пайдалану мүмкіндігін;

көлік құралдарының қауіпсіз тұрақ орындары мен өрттің өршу жағдайында адамдардың жасырын пана орындарына бару жолдарын анықтауы қажет.

282. Барлау мәліметтері жергілікті жердің толық карта-схемасына түрлі-түсті қарындаштармен түсіріледі.

Карта-схемада оттың таралу шекарасы мен бағыты, жел бағыты (көрсету белгісімен), автомобильдер және жеке құрамның санымен жауынгерлік учаскенің шекаралары мен нөмірлері, жеке құраммен өрт сөндіру жергілікті штабтың және резервті техниканың жеке құраммен орналасу орны, жергілікті картада жоқ қосымша бағдарлар, отты тоқтату үшін қолдануға болатын табиғи және жасанды кедергілер көрсетіледі.

283. Ірі орман өрттерін сөндіру кезінде ӨСБ:

өрт сөндіру штабын ұйымдастырады;

учаскелердің бастықтарын тағайындайды;

өрт сөндіруге қатысушылармен байланыс ұйымдастырады;

өрттің түрі мен көлемін, өрттің таралу бағытын, аса қауіпті учаскелерді, учаскелердегі жұмылдырылған күштер және құралдардың санын, орналасқан жерін және жеткіліктілігін анықтайды;

өрт сөндіру күштері мен құралдардың қарамағындағы қолда бар учаскелер бойынша бөледі;

көлік құралдарының қауіпсіз тұрақ орындары мен оттың өршу жағдайында адамдардың жасырын пана орындарына бару жолдарын анықтайды және өрт сөндіруге қатысушыларға жеткізеді;

УБ-ны құтқарушылардан, десантшылардан, орман шаруашылығы өкілдерінен тұратын тәжірибелі нұсқаушы-жолсеріктермен қамтамасыз етеді.

284. Орман өрттерін сөндіру кезінде негізгі күштер мен құралдарды жағдайға байланысты:

елді мекен, пансионат, демалыс үйі;

ағаш әзірлейтін жер;

орман алқабы;

өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік объектілер жағынан шоғырландыру қажет.

285. Орман өртін сөндіру үшін мынадай сөндіру тәсілдері:

үстіңгі өрт жағдайында оттың таралу жолында өртке қарсы бөліп тастау орнын (алаңқай) құру және өрттің өршу шапшаңдығын ескере отырып, таңдап алынған ара қашықтықтан қарсы от қою;

төменгі өрт кезінде өрт сөндіргіш заттарды беру, отты сабалап сөндіру, жанған төсемдерді топырақпен көму, тірек белдеуі маңынан орман бұта-шөптерін жағу (өртеу) және минералдандырылған жолақтар жасау;

ормандағы шымтезек өрті кезінде минералды топыраққа дейін жыралар қазу, сондай-ақ осы Қағидалардың 274-277-тармақтарына сәйкес басқа да іс-қимылдар жасау қолданылады.

286. Орман өртін сөндіру кезінде электр беру желілері өтетін жерлерде жеке құрамның электр тогымен зақымдануын болдырмау бойынша шаралар қабылдау қажет.

287. Оттың таралу жылдамдығына байланысты орман өрттерін сөндіру кезінде мына төмендегі тәсілдердің бірі қолданылады:

оттың бүкіл шебін бір мезгілде сөндіру немесе бөлшектеуді құру мақсатында барынша қауіпті ошақтарды қос қапталдан және тылдан бір мезгілде сөндіру және олардың жануын одан әрі сөндіру үшін аланды ұсақ учаскелерге бөлу. Бұл тәсілдер үлкен аумақтағы өртті сөндіру кезінде және жұмыс күші жеткілікті болған кезде қолданылады;

бірінші кезекте тылдағы жануды ық жақтан сөндіру және қос қапталмен біртіндеп алға жылжу, от тарағаннан бұрын шапшаң жылдамдықпен өрт шебіне шығу;

екі қапталдағы және тылдағы отты сөндіргеннен кейін сөндіруді орман шетінен бастау (от майданының алдыңғы шебінен);

өрттің бастапқы бөлігін біртіндеп шектей отырып, өртті бірінші кезекте екі қапталдан сөндіру;

таулы ормандардың өртін сөндіру кезінде, тірек белдеулерін сала отырып өртеуді қолдану керек. Төмендегі әлсіз өртті екі қапталдан қоршап және шебіне қарай жылжи отырып, арқаға аспалы орман шашыратқыштарын қолдана отырып шетінен сабалау тәсілімен тоқтатады.

288. Орман өртінің қарқыны кешке және түн кезінде саябырлайды. ӨСБ осы кезеңді белсенді сөндіру үшін барынша пайдалануы қажет.

289. Өртеу және қарсы от қоюды міндетті түрде орман шаруашылығы өкілінің қатысуымен күндізгі кезде жүзеге асырған жөн, өртеу алдында УБ өртеу және өрт майданы шекарасының арасында адам қалмағанын тексеруі қажет.

290. Орман өртін сөндіру кезінде арнайы қағидаларды сақтау қажет:

ӨСБ, УБ қойған міндеттерді қою кезінде жеке құрамға қауіпсіз жерлерді, сондай-ақ от кенеттен тараған жағдайда осы жерлерге жететін жолдарды көрсету қажет;

жұмыс істеп жатқан жеке құрам мен автомобильдер оттың қоршауында қалмас үшін ӨСБ мен ЖУБ оттың бағыты мен оның таралу шапшаңдығын ұдайы бақылап отыруды ұйымдастырады;

өртті сөндірумен айналысып жатқан жеке құрам бір-бірін көретіндей қашықтықта болуы қажет, ал құралымдардан алыстау жерде жұмыс істеп жүрген топтармен тұрақты радиобайланыс және бақылау ұйымдастырылады;

жанбаған тік беткейде (200^{биік}) өрттің шетінен жоғары тұруға болмайды, өрт тез таралатын таудың екі тізбегінің немесе тарамының арасындағы жазықтардың, тік қия ойпаттар мен ойықтардың аса қауіпті екендігін есте сақтау қажет;

үстіңгі өртті сөндіру кезінде оттың секірмелі тез таралуына байланысты жеке құрам өрт шебінен 250 метр қашықтықтан кем емес жерде болуы тиіс;

трактор, бульдозер және басқа техниканың көмегімен бөгет болатын жолақтарды жүргізу кезінде істен шыққан техника мен оның экипажын қауіпсіз жерге жеткізу үшін жұмыс істеп жатқан техниканың жанында тартқыш болуы тиіс;

жеке құрамның демалу және қонатын орны өрттің оқшауланған бөлігінің (шетінің) шекарасынан 100 метр алыс жерде орналасуы тиіс және ені кемінде 2 метр (орманның шетінен 200 метрге дейінгі қашықтықта, жолдарға орман жолдарына жақын жерде) минералдандырылған (жанғыш материалдардан тазартылған) жолақтармен қоршалуы қажет;

жанып жатқан орман алқаптарына түнеуге үзілді-кесілді тыйым салынады;

өрт кенеттен жақындаған жағдайда, оған бөгет болатын жаңа жолақтарды жасау мүмкіндігін көздеу қажет.

8-тарау. Көліктегі өртті сөндіру

1-параграф. Теміржол көлігінің жылжымалы құрамдарындағы, тауар және іріктеу станцияларындағы өртті сөндіру

291. Өрт орнына баратын жолда КҚЖБО (ББП) арқылы станция диспетчерінен:

жанған жылжымалы құрамның тұрған орнын, оған жолдың және кіреберіс жолдардың бар-жоғын;

көрші вагондарды, поездарды ажыратуға және эвакуациялауға қабылданған шараларды;

өрт орнының үстіндегі электр түйіспе сымдарының тоқтан ажыратылғанын;

қалдық кернеуді алу үшін бригаданың және маневр локомативінің жіберілгендігін;

өрт орнына өрт және жөндеу-қалпына келтіру поездарының жіберілген уақытын нақтылауы керек.

Ескерту. 291-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

292. Теміржол көлігінің жылжымалы құрамында, тауар және іріктеу станцияларындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

жылжымалы құрамның тұрған орнын, жанған жүктің түрін анықтауы, көрші вагондарды ажыратуға және алып кетуге қабылданған шараларды, желіні тоқтан ажыратуы;

түйіспе электр желілері өтетін аудандағы сөндіруді бастағанға дейін электр желілерінің диспетчерінен кернеуді алғандығы туралы жазбаша түрде растауды талап етуі;

поездардың қозғалысын немесе маневр жасауын ескере отырып, әдеттегідей, жеңқұбыр жолдарын рельс астымен және жол бойымен салуды жүзеге асыруы;

теміржол көлігінің ерекшеліктерін ескере отырып, техника қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тұлғаны тағайындауы;

жеке құрамды уландырғыш заттармен уланудан сақтанудан қорғауға шаралар қабылдауы;

көрші поездарға қауіптің бар жоғын анықтауы;

бүкіл құрамды немесе жанған жеке вагондарды қауіпсіз орынға алып кетудің мүмкіндігін анықтауы;

қажет болғанда қауіпті аймақтан жанбаған вагондарды құрамнан немесе аралас жолдардан, бірінші кезекте адамдары бар, жарылғышы және уландырғыш заттары бар вагондарды, ТТС және ЖС бар цистерналарды қорғауды және әкетуді ұйымдастыруы;

су жетпеген кезде суы бар теміржол цистерналарын беруді талап етуі қажет.

293. Жылжымалы құрамда, екі аралық жолдарда (бару жолында) өрт болған кезде, теміржолдың тиісті қызметтерінен өрт орнына маневр локомотивтерін, өрт жөндеу-қалпына келтіру поездарын, өрт сөндіру автомобильдерін, тиеу үшін платформалар, өрт орнына су құйылған автомобильдерді және цистерналарды жеткізуді, электр желілерін тоқтан ажыратуды және түйісу сымдарынан қалдықты кернеулерді алуды талап етуі қажет.

2-параграф. Метрополитеннің жер асты құрылыстарындағы өртті сөндіру

294. Өртті барлау кезінде жалпы міндеттерді орындаудан басқа:

жылжымалы құрамның тұрған орнын, онда адамдардың бар-жоғын, оларды эвакуациялаудың қысқа жолдары мен тәсілдерін;

өрт ошағына ілгерілеу жолын;

оттың және жану өнімдерінің таралуын болдырмау үшін ішкі өртке қарсы сумен жабдықтауды, арнайы құралдарды, желдеткіш жүйелерін пайдалану мүмкіндігін;

метрополитеннің жер асты құрылыстарынан оттың жер бетіне таралу қауіпінің бар-жоғын анықтау қажет.

295. Метрополитеннің жер асты құрылыстарының өртін сөндіру кезінде ӨСБ:

метрополитеннің жауапты өкілдерін міндетті түрде құрамына қосып, өртте жедел штабты ұйымдастыруы;

барлық қызметтердің іс-қимылын үйлестіруді, өртте күштер мен құралдарды басқаруды қамтамасыз ету үшін өрт орнында жедел штабты және аралас станцияларда штаб топтарын құруы;

барлауды әртүрлі бағыттарда бірнеше барлау топтарымен жүргізуі;

жол, эскалатор, желдеткіш және өтетін тоннельді бірінші кезекте, жанып жатқан үй-жайдың деңгейінен төмен орналасқан эвакуациялау жолдарын және басқа станцияларға өтетін жерлерді пайдалана отырып адамдарды эвакуациялауды және құтқаруды тез арада ұйымдастыруы;

күш жабдықтарын, қондырғыларын және кәбілдерді ажыратуға шаралар қабылдауы ;

поездар тоқтағаннан кейін, түйіспе рельстегі кернеуді алып тастау, электр қондырғыларын ажырату, оларды жерге тұйықтағаннан және жазбаша рұқсатты ресімдеу, жоғары кернеудегі қондырғылар бар тоннельдер мен станция үй-жайларында өртті сөндіру жүзеге асырылады;

жолаушыларды қауіпсіз эвакуациялау, оттың таралуын шектеу, түтінді жою үшін метрополитен қызметімен бірге қажетті желдеткіш режимін анықтауы және ұйымдастыруы;

жылжымалы құрам бойымен жалынның тез таралуын болдырмау үшін жанбаған вагондарды қауіпті аймақтан әкетуді ұйымдастырып, көбікті вагондардың ішіне беруі;

ГТҚҚ-ның бір бөлімшесін магистралдық жеңқұбыр жолдарын тарамдарға дейін тартуға, басқаларын - жұмыс жеңқұбыр жолдарын жеңқұбыр тарамынан өрт ошағына дейін және жеке ішкі өртке қарсы сумен жабдықтаудан тарту үшін жіберуі;

магистралдық жолдарды эскалатордың бірі арқылы, басқаларын жолаушыларды басқа жаққа алып кету үшін және жеке құрамды ауысуы үшін пайдалана отырып салуы қажет.

296. Тоннельде тұрған жылжымалы құрамдағы өртті сөндіру үшін өрт сөндіргіш заттарды беруді жану ошағына желдеткіш ағынының қозғалысы жағынан ұйымдастыру қажет.

297. Өртті сөндіру үшін сулы және көбікті қол оқпандарын, жеке құрамды қорғау үшін шашыранды ағынның су перделерін пайдалану қажет.

Эскалаторлық көлбеу тоннельдегі өртті сөндіру үшін платформа астындағы үй-жайларда, кәбілді тоннельдерде және аралас тарту күшін төмендететін қосалқы станцияларда көбікті пайдалану қажет.

298. Жер асты үй-жайларында (жол тоннельдері, тұйықтар, аралас тарту күшін төмендететін кіші станцияларда) өртке барлау, авариялық-құтқару жұмыстарын және өрт сөндіруді жүргізу үшін қорғаныш әрекеті кемінде 4 сағаттық мерзімге жететін ТОЖҚҚ пайдаланылады. Қорғаныш әрекеті одан да қысқа мерзімге арналған ТОЖҚҚ жерасты вестибюльдері мен мініп-түсетін платформалар шегінде орналасқан үй-жайларда, сондай-ақ станциядан 200 метрден артық емес ара қашықтықтағы тоннельдердегі жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылады. ГТҚҚ-ның ҚӨБ-ін құрып (станцияларда, тоннельдерде), онда ГТҚҚ-ның резервтегі бөлімшелерін, ТОЖҚҚ-ның, жарық беру құралдарының және т.б. резерві шоғырландырылсын.

299. Жағдайға қарай байланыс құралы ретінде жергілікті телефон байланысын және метрополитеннің дауыс зорайытқыш құлақтандыру қондырғыларын, құтқару қызметінің жарағындағы байланыс құралдарын, оның ішінде мегафонды пайдалану қажет.

3-параграф. Жерде ұшу аппараттарының өртін сөндіру

300. Ұшу аппараттарының өртін сөндіру кезінде ӨСБ:

ұшу аппараты авариялық жағдайда қонған кезде ұшу-қону жолағында салалық қызметпен бірлесіп күштер мен құралдардың қажетті санын шоғырландыруы, жеке құрамның жеке қорғау құралдарын (жылу өткізгіш костюмдерді, ТОЖҚК) дайындауы;

әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметімен және ұшу басшысымен өзара іс-қимылды ұйымдастыруы;

ең қысқа мерзімде ұшу аппаратынан жолаушыларды қауіпсіз орынға эвакуациялауды ұйымдастыруы;

көбікті, ұнтақты немесе қуатты су ағындарын қолдана отырып және бір мезгілде ұшу аппаратының корпусын салқындата отырып, бірінші кезекте эвакуациялау есіктері мен люктері маңындағы фюзеляж астындағы отынның жануын сөндіруі;

негізгі және авариялық люктерді ашуды ұйымдастыруы, ал қажетті жағдайда корпустағы арнайы белгіленген орындардағы оның сыртқы қаптамасын ашуы;

өрттің ұшу аппаратының корпусымен тез таралуын болдырмау үшін өрт сөндіргіш заттарды бірінші кезекте ұшу аппаратының аса маңызды бөліктеріне (қозғалтқыштарына, қозғалтқыштар гондолына, ұшқыштар кабинасына және фюзеляжға), сондай-ақ баллондар мен отын бақтарының жарылысы болуы мүмкін учаскелерге беруі;

ұшу аппаратының астындағы отынның жануын қатты жел кезінде су ағыны арқылы оны бетоннан қатты жерге немесе нәсер кәрізіне шаюы, ал жел болмаған жағдайда – төгілген отынды көбікпен, тоңазытатын заттармен, ұнтақтармен немесе көміртегінің қос қышқылымен сөндіруі;

еріген магний қорытпасын шаю үшін жанған шассилерді көп мөлшердегі су шығысымен өрт оқпандары арқылы көбіктүзгіш-ерітіндінің тұтас ағынымен сөндіруі және оқпаншылардың жұмысын жанған орыннан қауіпсіз ара қашықтықта жылу шағылыстырғыш костюмдермен қамтамасыз етуі;

қозғалтқыштың ішіндегі жануды ұнтақтармен, көміртегінің қос қышқылымен, салқындатқыш заттармен немесе галоидті көмірсутегімен жүргізуге, өрт сөндіргіш заттарды қозғалтқыштың жалын шығатын жерінен және (немесе) гондолдан беруі;

оттың желмен таралуын шектеу мақсатында жүк тартқыштар көмегімен ұшу аппаратын бұруға;

ұшу аппараттарының тұрақ орнындағы өрті кезінде көрші жанбаған аппараттарды су ағынымен салқындатуға және оларды қауіпсіз аймаққа кешіктірмей әкетуді ұйымдастыруы қажет.

301. Ұшу аппараттарының ангардағы және тұрақ орындарындағы өртін сөндіру кезінде:

өрт сөндірудің тұрақты қондырғыларын пайдалануы;

ангардың негізгі конструкцияларын салқындату үшін қуатты су ағынын беруі;

өрт оқпандарын беру үшін баспалдақтарды, стапельдерді, басқыштарды және өрт сатыларын пайдалануы қажет.

4-параграф. Айлақтағы, доктағы және шығанақтағы теңіз және өзен кемелеріндегі өртті сөндіру

302. Айлақтағы, доктағы және шығанақтағы теңіз және өзен кемелеріндегі өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

іс-қимылын кеме капитанымен, айлақ, кеме шаруашылығы әкімшілігімен келісуі;

айлақ диспетчерімен, керуен капитанымен, өрт сөндірудің жедел штабымен және құтқару кемелерімен тұрақты байланыс ұстауы;

өрт сөндіру, адамдарды құтқару және кеме механизмдерінен жүктерді эвакуациялау кезінде, сондай-ақ айлақтық крандарды бар-жағын және пайдалану мүмкіндігін анықтауы;

трюмдегі, машина-қазандық бөлімшедегі және басқа үй-жайлардағы өртті сөндіру үшін көбікті, шашыранды суды, сондай-ақ кеменің бу қондырғысының немесе көрші кемеден буды пайдалануы;

кеме капитанынан от пен түтіннің таралуын ескертетін кемеді бар қондырғыны іске қосуды талап етуі;

палуба құрылысы ашық жанғанда кемені желдің бағытын ескере отырып оның бойымен от тарамауы үшін бұруы;

кеменің орнықтылығына бақылау қоюы, (оның жантаюы, отыруы және т.б.) қажет болғанда трюмнен суды сорып алуды ұйымдастыруы;

жанған немесе көрші кемелерді тіркеуге алу және беру үшін жүзетін құралдарды пайдалануы қажет.

303. Мұнай құятын кемелердегі (танкерлердегі) өртті сөндіру кезінде ӨСБ бұдан басқа:

мұнай өнімдерінің түрін және олармен танктердің толу деңгейін анықтауы;

мұнай өнімдерін құю немесе сору жөніндегі барлық жұмысты тоқтатуы;

танктерден төгу-құю құрылғыларын алып кетіп, жанбаған танктер люктерінің қақпақтарын ашуы;

жанған танктерді, палубаны және кеме борттарын салқындатуды ұйымдастыруы;

мүмкіндігінше бос танктерді сумен немесе инертті газдармен толтыруы;

өрт сөндіру автомобильдері мен жүзу құралдарын жанған кемеден өзеннің ағысы бойымен жоғары орналастыруы;

танктердің қабырғалары бұзылып, жанған сұйықтар судың бетімен аққан жағдайда кемелерді және жаға құрылыстарын қорғау жөніндегі шараларды қолданып, қуатты су ағынын беруі;

ТТС-тың және ЖС-тың сол акваторияға таралуын болдырмау үшін бон қоршауларын ұйымдастыруы;

көбікпен атқыламаны әзірлеу мен жүргізуді осы Қағидалардың 247-249-тармақтарына сәйкес орындауы қажет.

5-параграф. Гараждардағы, троллейбус және трамвай парктеріндегі өртті сөндіру

304. Гараждағы, троллейбус немесе трамвай паркіндегі өртті сөндіру кезінде ӨСБ: ғимаратты сөндірумен бір уақытта көлік құралдарын қорғауға өрт оқпандарын беру; бензин бактарының жарылысының алдын алуы;

қажет болған жағдайда сөндіретін көбік құралдарын қолдануы;

трамвай депосында магистральды және жұмыс жеңкұбыр жолдарын трамвайдың жүрісін ескере отырып, жол бойымен және рельстің астымен салуы;

жүргізушілердің, қызмет көрсетушілердің, өртке қарсы құрамның мүшелерінің көмегімен үй-жайдан көлік құралдарын жүк тартқыштарды және тракторларды пайдаланып эвакуациялауды ұйымдастыруы және қамтамасыз етуі;

соңғылары болмаған жағдайда көлік құралдарының өздерін жүргізіп немесе қолмен итеріп шығаруы қажет.

305. Жер асты гараждарындағы өрт жоғарыда орналасқан және төменде орналасқан қабаттармен оттың тез таралуымен, сөндіру құралдарын әсіресе төменгі қабаттарға берудің күрделілігімен сипатталады.

306. Жер асты гараждарындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

сөндірумен біруақытта автокөлікті эвакуациялауды ұйымдастыруы;

сөндіруді жоғарғы жанған қабаттан бастауы және жануды сөндіруге байланысты төмен орналасқан қабаттарға қарай жылжуы;

конструкцияларды, әсіресе жамылғыларды, бағандарды тездетіп салқындатуы және түтінді сыртқа шығаруы қажет.

Параграф 5-1. Электр автобустарындағы өрттерді сөндіру

Ескерту. 8-тарау 5-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

306-1. Электр автобустарындағы өрттің дамуы салонның тез және қатты түтініне, есікті ашу механизмінің ажыратылуына, өрттің тез таралуына және жолаушылар арасында дүрбелеңмен сипатталады.

Электрбустың өрт қаупі конденсатордың жанғыш элементтерінің, электробус салонының пластикалық элементтерінің және электр өткізгіштердің орамасының болуына байланысты.

Электр автобустарындағы өрттердің тән ерекшеліктері:

- 1) электр автобусындағы адамдардың денсаулығына дүрбелең туындауға байланысты қауіптің болуы;
- 2) салон ішінде және көрші көліктерге өрттің тез таралу ықтималдығы;
- 3) электр автобусына кіреберістер мен кіреберістердің шектелуі, жеңдік желілерді төсеудегі күрделілік;
- 4) су көздерінің қашықтығы;
- 5) жоғары вольтты жабдықтар мен электр желілерінің болуы (электр автобусының зарядтау станциясында).

306-2. Өрт болған жерге барған кезде ӨСЖ КҚЖБО диспетчерлері арқылы нақтылауы керек:

- 1) жанып жатқан электр автобусының орналасқан жері (жүру маршрут жолы бойынша, зарядтау станциясында), оған жолдар мен кіреберістердің болуы;
- 2) жолаушылар мен жүргізушіні эвакуациялау бойынша қабылданған шаралар, олардың жай-күйі (эвакуацияланған, бұғатталған);
- 3) электр желілерінің энергетикалық кәсіпорындардың (ұйымның) кезекші персоналдың келу және кернеуді ажырату уақыты туралы ақпарат (зарядтау станциясында электр автобусы өртенген жағдайда).

306-3. Өрт орнына келгеннен кейін ӨСЖ көлік құралының электр жабдығын ажыратуына/ажырату көз жеткізу керек (негізгі ажыратқыштың ауыстырып-қосқышының орнын көзбен бағалау, "Off" жағдайына ауыстыру).

Өртті жою бойынша шаралар қабылданғанға дейін электр автобусының жолаушыларын эвакуациялау жүзеге асырылады. Сөндіруге жолаушылар толық эвакуацияланғаннан кейін кіріседі.

306-4. ӨСЖ электр автобустарында өртті сөндіру кезінде:

- 1) адамдардың бар-жоғын және жай-күйін анықтау, оларды эвакуациялау жөнінде шаралар қабылдау;
- 2) байланыс электр желілері өтетін ауданда сөндіру басталғанға дейін 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (оның ішінде зарядтау станциясында жанған кезде) белгіленген тәртіппен ресімделген жазбаша рұқсатты энергия кәсіпорындарының (ұйымның) кезекші персоналынан алуға;
- 3) қауіпсіздік мақсатында өрт болған жерді қоршау;
- 4) жеке құрамды электр тогының соғуынан қорғау шараларын қабылдау;

- 5) электр автобусын электрмен жабдықтаудың ажыратылғанына, автобусының артқы жағындағы негізгі токтың электр беру қосқышы ажыратылғанына көз жеткізіңіз;
- 6) электр автобуста жану ошағының орналасқан жерін анықтау;
- 7) кері аялдамаларды орнату;
- 8) жеңдік көпірлерді пайдалана отырып, жең құбыр желілерінің төсемін жүзеге асыра отырып, қозғалысты немесе маневр жасауды ескере отырып, жең құбыр желілерінің төсем жолдары мен тәсілдерін пайдалану;
- 9) көршілес көлік құралдарына қауіптің болуын және оларды эвакуациялау тәсілдерін анықтау;
- 10) жанбаған көлікті қорғауды және қауіпті аймақтан алып тастауды ұйымдастыру.

Электр автобустарында шамалы өрт ошақтарын сөндіру ұнтақты немесе көмірқышқылды өрт сөндіргіштердің көмегімен жүзеге асырылады.

306-5. Жерге жеткілікті байланысы бар (оның ішінде су басу аймағындағы жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО) нәтижесінде аударылған) электр автобусын сөндіру кезінде өрт сөндіру автомобильдерінен қол оқпандары арқылы автомобильдердің оқпандары мен өрт сорғыларының жерге тұйықтауын қамтамасыз етіледі.

306-6. Электрбустың қоректенетін желілердің зарядтау станцияларына қосылған кезінде жануды жою, қол оқпандары мен өрт сөндіру техникасын жерге тұйықтаудан басқа, электр автобусын сүйреу көзінің артына өрт сөндіру бөлімшесінің қарулануындағы жерге тұйықтау құрылғысымен жерге тұйықтауды жүргізу керек, диэлектрлік қорғаныс құралдарын қолдана отырып.

Электрбусты қол оқпандарымен сөндіру кезінде жанып жатқан электрбустан қолданылатын қол оқпандарының саптамаларына дейінгі қауіпсіз арақашықтықтардың сақталуы қамтамасыз етіледі.

Су басу аймағындағы электр автобусын қол оқпандары арқылы сөндіру кезінде оқпандардың позициясы су айнасының сыртында айқындалады.

Электрбусты электрмен жабдықтауды ажырату, қол оқпандары арқылы жануды жою жөніндегі жұмыстарды өрт сөндіру бөлімшелердің иелігіндегі диэлектрлік қорғау құралдарын (диэлектрлік ботылар, диэлектрлік қолғаптар) қоладан отырып жүзеге асыру.

Өртке қарсы қызмет бөлімшелері өртті сөндіру бойынша жұмыстарды нақты жағдайды және өрт орнында қалыптасқан барлау нәтижелерін жан-жақты бағалауды ескере отырып жүзеге асырады.

Параграф 5-2. Электромобильдердегі өрттерді сөндіру

Ескерту. 8-тарау 5-2-параграфпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

306-7. Өрттерді сөндіру және электромобильдерде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде қатысушылар жұмыстарды орындау кезектілігін сақтауы керек, (электромобиль қозғалтқышы жұмыс күйінде болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн), ол үшін:

1) кері қайтаруға қарсы аялдамаларды орнату арқылы көлік құралының қозғалысын болдырмау жөнінде шаралар қабылдау, қол тежегішін іске қосу және электромобильді "Р" (тұрақ) режиміне немесе бейтарап беріліске қою;

2) тұтану кілтін алыңыз немесе "ақылды" кілтті алып тастаңыз (іске қосу түймесі бар машиналар үшін) және электромобильден кемінде 5 метр қашықтықта апару керек;

3) 12 вольттік жүйені ажыратыңыз (клемді батареядан алыңыз немесе 12 вольтті қызмет ашасын алыңыз) немесе сақтандырғышты алыңыз және кабельді өндіруші көрсеткен жерде кесіңіз;

4) жоғары вольтты жүйені ажырату (қызмет қосқышын немесе батарея ашқышын алу);

5) сөндіруге кірісуге, суды үздіксіз беруді жүзеге асыру;

6) 12 вольтты жүйені және жоғары вольтты жүйені ажырату жөніндегі іс-қимылдарды орындауға, электр қондырғыларын кернеумен сөндірудің ұқсастығы бойынша қауіпсіз қашықтықты сақтай отырып, жануды жою жөніндегі іс-қимылдарға кірісуге.

306-8. Электромобильді (гибридті) сөндіру кезінде өртке қарсы қызмет қызметкерлері тыныс алу органдарын қорғау құралдарын пайдалануы керек, өйткені батареялар улы түтіндерді – литий, никель, көміртек, мыс және кобальт оксидтерін, сондай-ақ күкірт қышқылын шығарады, электр оқшаулағыш қорғаныс құралдарында (диэлектрлік ботылар мен қолғаптар) жұмыс істейді, жанып жатқан электромобильден кемінде 4 метр қашықтықта орналасқан, өрт оқпаны, өрт сөндіру машинасының сорғысы міндетті түрде жерге тұйықталуы керек, өртті сөндіруге шашыратылған су ағындары берілуі керек. Өрт сөндіргіш ретінде шашыратылған су ағындарын, ұнтақ қосылыстарын және жанбайтын газдар, сондай-ақ аралас қосылыстар қолданылады. Ауа-механикалық көбіктің барлық түрлерін қолдануға жол берілмейді. Өрт сөндіру, авариялық-құтқару автомобильдері жанып жатқан электромобильден кемінде 40 метр қашықтықта орнатылады.

Қауіп туғызатын электр көлігінің түбінде немесе оның артқы жағында (магистральда) орналасқан батарея және қызғылт сары өрілген қуат сымдары.

Қуатты литий-ионды аккумуляторларды сөндіру қиын, өйткені жану батарея жинағының ішінде орын алады, оған қол жеткізу қиын. Жанып жатқан батареяларды (салқындату керек) көп мөлшерде (кем дегенде 10000 литр) су қолдана отырып өшіру керек.

306-9. Зарядтау станциясының өзі және зарядталып жатқан электромобиль жанған кезде өрт орнына энергия кәсіпорындарының (ұйымның) кезекші персоналын шақыру керек.

306-10. Зарядтау станциясындағы электромобильді сөндіру кезінде бірінші кезекте станцияның ажыратылғанына көз жеткізу ("өшіру" күйіндегі шұғыл тоқтату түймесі), коннекторды ажыратыңыз, электр қалқанындағы автоматтың ажыратылғанына көз жеткізіңіз, содан кейін ғана сөндіруге кірісіңіз.

Жану жойылғаннан кейін әр 15 минут сайын жылу түсіргіштің көмегімен батареяның температурасын бақылау жүзеге асырылады, ол жоғарлаған жағдайда одан әрі салқындату жүзеге асырылады.

Электромобильдің қайта жануын болдырмау үшін жойылғаннан кейін кәдеге жарату сәтіне дейін кезекшілік қамтамасыз етіледі. Электромобильді ашық алаңда, басқа көлік құралдары мен объектілерден кемінде 20 метр қашықтықта орналастыру керек.

306-11. ЖКО салдарын жою кезінде электромобильді (гибридті) сөндіру кезіндегідей барлық бастапқы әрекеттер орындалады. Автомобильдің тартқыш қышқылды аккумулятор батареясының (бұдан әрі – ҚАБ) орналасқан жерін анықтау және оның беті электромобильді тұрақтандыру (көтеру) үшін пайдаланылмайды. Электр көлігінің ауырлық орталығы төменгі жағында орналасқан тартқыш ҚАБ арқасында ішкі жану қозғалтқышы бар әдеттегі автомобильдерден ерекшеленеді. ЖКО салдарын жою жөніндегі жұмыстарды сервистік қосқышты алып тастағаннан кейін диэлектрлік құралдарсыз орындауға жол беріледі.

Электромобильді көтеру және тұрақтандыру үшін авариялық-құтқару құралын сақтықпен қолдану. Электромобильдің тіректерін кесер алдында ішіндегі қаптаманы ашып, қауіпсіздік жастықтары үшін пневматикалық қондырғылардың жоқтығына көз жеткізу керек, жоғары вольтты кабельдер мен компоненттерді кездейсоқ кесуден аулақ болу.

Жоғары кернеу көздерін анықтау үшін пластикалық панельдерді алып тастау.

Жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өрт сөндіру техникасын жолдың жүріс бөлігі арқылы орнатуға жол беріледі. Өтіп бара жатқан бөлікке өрт сөндіру техникасын орнату сигналдық конустар орнатыла отырып, ӨСЖ нұсқауы бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте көлік құралында жарық сигналдары қосылады. жол-патрульдік қызмет қызметкерлері тартылады.

Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін тартылған өртке қарсы қызмет қызметкерлеріне көлік құралдарының соқтығысуын болдырмайтын орындарда көлік құралдарын, сондай-ақ өзге де техниканы орналастыру керек.

Жұмыстарды тәуліктің қараңғы уақытында орындау кезінде жұмыс аймақтарын жарықтандыру ұйымдастырылады.

АҚЖ жүргізу кезінде жұмыс істеген қауіпсіздік жастығының жарақаттануын болдырмау үшін қызметкерге руль (алдыңғы панель) мен зардап шеккендердің арасында болуға тыйым салынады. Рульдегі қауіпсіздік жастықшасының блокаторы қолданылады.

Авария болған көлік құралының қауіпсіздік белдіктерінің механикалық керілу жүйесімен жабдықтау кезінде серіппемен жарақаттануды болдырмау үшін белдіктердің керілу механизмін және жүйені басқару механизмін кесуге, кесуге рұқсат етілмейді.

Кесу орнын өндіруші көрсеткен жағдайларды қоспағанда, жоғары вольтты кабельдерді, компоненттерді (қызғылт сары түсті) кесуге тыйым салынады.

Электр тогының соғуын болдырмау үшін батареяны кесуге, ашуға рұқсат етілмейді.

9-тарау. Ауылдық елді мекендердегі өртті сөндіру

307. Ауылдық жерлердегі өртті сөндіру үшін өрт сөндіру автомобильдері және мотопомпалар, сондай-ақ бейімделген ауыл шаруашылығы техникалары пайдаланылады.

308. Ауылдық елді мекенде өртті сөндіру кезінде ӨСЖ керек:

ішкі істер бөлімінің кезекшісі, жергілікті байланыс торабы немесе ББП арқылы аудандық жоспарда көзделген күштер мен құралдарды уақытында шақыруды ұйымдастыруы, өрт туралы КҚЖБО-не хабарлауы;

оттың таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдаумен біруақытта адамдарды құтқаруды, малдарды және материалдық құндылықтарды эвакуациялауды ұйымдастыруы;

оттың таралуы мүмкін жолдарды бөліп тастау үшін тракторларды және бульдозерлерді пайдалану;

өртке қарсы құралымдар мүшелерінен және халықтан, жаңа жану ошақтары қатері төнген кезде, өрт сөндіргіштері және су құйған шелектері бар бекетшілер қоюы;

жергілікті атқарушы органдар арқылы ерікті өртке қарсы құралымдар, шаруашылық әкімшілігі тараған өртті сөндіруге шаруашылық жүргізуші объектілерінің техникасы мен халқын жұмылдыруы керек.

Ескерту. 308-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 07.06.2024 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

309. Мал шаруашылығы үй-жайларындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

малдарды эвакуациялауға шаралар қабылдауы, өрт оқпандарын отты сөндіруге және эвакуациялау жолдарын қорғауға енгізуі, малдарды байлаудан босату үшін қызмет көрсетушілерді, өртке қарсы құралымдар мүшелерін тартуы, малды эвакуациялауды тездету үшін су ағындарын пайдалануы, ал оларды кіретін есіктен түкпірде орналасқан малдарға қарай беруі;

көрші объектілерді қорғауды ұйымдастыруы қажет.

310. Зығыр терісін, шөпті, маялаған, шөмеленген сабанды және ірі жем қоймасындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

ашық жалынды сөндіру үшін судың шашыранды ағынын беруі, бөлшектеуді жүргізуі, жануды сөндіруі және маяларды, шөмелелерді ауыл шаруашылығы техникаларын қолдана отырып, халықтың, өртке қарсы құралымдары мүшелерінің күшімен жүргізуі;

зығыр өңдеу пункттеріндегі өрт кезінде маяны белсенді желдетуші агрегат пен пневмокөлікті өшіруге;

өрт сөндіргеннен кейін қайтадан жану мүмкіндігін болдырмау үшін өрт сөндіру құралдарымен өртке қарсы құралымдар мүшелерінің кезекшілігін ұйымдастыруы қажет

311. Гербицидтер, улы химикаттар және тыңайтқыштар қоймаларындағы өрт кезінде ӨСБ:

сақталатын заттардың атауы мен санын дәл анықтауға;

жұмысқа улы химикаттардың қасиетін жақсы білетін мамандарды тартуы, сөндіру барысында олармен үнемі консультация алып отыруы;

техника қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаны тағайындауы және алғашқы медициналық көмек пунктін ұйымдастыруы;

сақталатын заттарды ескере отырып, өрт сөндіргіш заттарын және сөндіру тәсілдерін қолдануы;

улы химикаттарды сумен сөндіру кезінде олардың адамдар мен жануарлар үшін қауіпсіз орынға ағуын көздеуі;

оқпаншылардың шептерін мүмкіндігінше жел жағынан таңдап алуы;

үй-жайдың ішінде жұмыс істейтін жеке құрамды осы ортаға арналған ТОЖҚҚ қамтамасыз етуі;

тұрғын құрылыстар мен мал шаруашылығы қора-жайларына қарай беттеген ық жақтан бұлт пайда болған кезде, адамдарды және малдарды эвакуациялауы, оларды басуды шашыранды су ағындарымен ұйымдастыруы;

өрт кезінде жану өнімдерінде улы заттардың жиналуына және оны сөндіргеннен кейін бақылау өлшеуін жүргізу үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызметті шақыруы;

сөндіру аяқталғаннан кейін барлық қатысушыларды тексеру үшін медициналық мекемеге жіберуі;

өртте қолданылған өрт сөндіру автомобильдері мен ӨТЖ газсыздандыру жүргізуі қажет.

312. Сабағында тұрған және дестеде жатқан астықтың өртін сөндіру кезінде ӨСБ:

өрттің көлеміне, желдің шапшаңдығына және күштер мен құралдардың санына қарай өртті сөндірудің мына тәсілдерін қолдануы: сыпыртқылармен сабалауға, автоцистерналардың, бензин тасығыштардың, автосұйық шашқыштардың және басқа

техникалардың көмегімен оттың қарсы алдынан жер бетіндегі шөптерді дымқылдауы, трактор соқаларымен жырту арқылы қорғау жолақтарын жасауы;

оттың таралуын тоқтату және адамдарға, механикаландырылған қырмандарға, елді мекендерге, өндірістік және мал шаруашылығы құрылыстарына қауіпті болдырмау үшін күштер мен құралдарды шоғырландыруы;

сөндіру барысында желдің бағытын үнемі бақылап отыруы және ол өзгерген кезде күштер мен құралдардың орнын ауыстыруы қажет.

10-тарау. Өндірісінде вирусты инфекциялар қолданылатын объектілердегі өрт сөндіру, аварияларды жою

313. Вирустық инфекция бар объектілердегі өртті, аварияны жою кезінде ӨСБ: болған өрт, авариялар туралы санитарлық-эпидемиялық қызметке хабарлауы; мекеме мамандарымен және СЭС-пен бірлесе отырып, инфекцияның түрін, өрт сөндіру мен аварияны жоюда жеке құрам жұмысының мүмкіндігін анықтауы;

өрттің, аварияның ауқымына, жұмыс істейтін бөлімшелердің санына қарамастан жедел өрт штаб құруы, оның құрамына өрт сөндіру мәселелері бойынша жағдайды жедел анықтау үшін және консультация алу үшін мекемелер мен санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарын қосуы;

объекті әкімшілігі арқылы санитарлық өңдеудің бақылау пункті мен өртке қарсы қызметтің жеке құрамына медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруы;

жұмысты жеке құрамның мүмкіндігінше аз мөлшерімен, оларды оқшаулағыш газтұтқыштармен, қорғаныс киімдермен қамтамасыз ете отырып, орындауы;

күштер мен құралдардың, ГТҚҚ буындарының, қорғаныш киімдерінің резервін жасақтауы;

зақымдану аймағына кіре берісте орта немесе кіші басшы құрамынан жіберілген тұлғаның басқаруымен қауіпсіздік бекетін орнатуы;

зақымдану аймағына бөгде адамдарды кіргізбеу мақсатында өрт, авария болған орындарды қоршауға алуды ұйымдастыруы қажет.

314. Өрттен, авариядан кейін ӨСБ:

қауіпті аймақта жұмыс істеген жеке құрамды санитарлық өңдеу мен шыға берістегі бақылауды ұйымдастыруы;

жауынгерлік киім-кешекті, ӨТЖ, өрт сөндіру автомобильдерін активсіздендіруді жүргізуі қажет.

Өртті сөндіруді ұйымдастыру
қағидаларына 1-қосымша

Автоцистернадағы бөлімшенің өрт сөндіру есептобының негізгі міндеттерінің шамамен тәбілі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өрт сөндіру есептобының құрамы	Кезекшілікке түскен кезде қабылданатын өрт-техникалық жарақ	Бастапқы дабыл әрекеттері	Жұмыс кезінде есептоптың негізгі міндеттері
Бөлімше командирі	Алып жүретін радиостанцияны, бейнетіркегішті (экшн-камераны), электр шамдарды, планшетті және су көздерінің анықтамалығын, тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдары (бұдан әрі – ТОЖҚК), резервтік ТОЖҚК, құтқару арқанын, тасымалды және тасымалданатын мотопомпаларды, электр генераторларын, гидравликалық жетегі б а р механикаландырылған құрал-саймандарды (сорғы станциялары, қайшылар, қысқыш және көтергіш құрылғылар, домкраттар), пневможетегі бар қабылдайды (пневмодомкраттар, баллондар).	Жауынгерлік киімдер мен құрал-жабдықтарды киеді, жолдама, жедел жоспар немесе карточка алады, жеке құрамның автомобильге отыруын қадағалайды, жүргізушінің жанындағы кабинаға отырады, мекенжайын жариялайды және шығуға команда береді, анықтамалық бойынша жақын су көздерінің орналасуын нақтылайды, бейнетіркегішті (экшн-камераны) қосады.	Адамдарды құтқару, өртті сөндіру және мүлікті эвакуациялау жөніндегі бөлімшенің жұмысына басшылық жасайды, барлау жүргізеді, газ-түтіннен қорғау қызметі (бұдан әрі – ГТҚК) буынын басқарады, өрт гидрантына автоцистернаны (бұдан әрі – АЦ) орнатады.
№ 1 өрт сөндіруші – құтқарушы (аға өрт сөндіруші-құтқарушы)	Барлық оқпан түрлерін, тасымалданатын лафеттік оқпанды, электр жетегі бар (электр ара), мото жетегі бар (бензинді кескіш, бензинмоторлы ара және т.б.) электр қорғау құралдарын (резеңке диэлектрлік қолғаптар, электр сымдарын кесетін оқшауланған тұтқасымен қайшылар, резеңке диэлектрлік галоштарды (ботылар), резеңке диэлектрлік кілемшелерді,	Жауынгерлік киім мен құрал-жабдықты киеді, гараж есігін ашады, автомобильге сол жақтан отырады, оқпанды, құтқару арқанын, жеңкұбырлық кідірісті және шамды алады (түнде).	Магистральдық немесе жұмыс желісін салады, оқпанмен жұмыс істейді, адамдарды құтқару, конструкцияларды ашу

	тасымалданатын жерге тұйықтағыштар) қабылдайды, ТОЖКҚ.		және бөлшектеу жұмыстарын орындайды.
№ 2 өрт сөндіруші-құтқарушы	d-51, 66, 77 мм қысым жеңқұбырларын, жеңқұбыр кідірістерін және қысқыштарды қабылдайды. Жылу шағылыстыратын костюм, химиялық қорғау костюмі, "Л-1" үлгісіндегі жеңіл қорғаныш костюмі, құтқару жамылғысы, отқа төзімді кенеп, ТОЖКҚ.	Жауынгерлік киім мен құрал-жабдықты киеді, гараж есігін ашады, көліктің оң жағына отырады, оқпан, шам (түнде) киеді және жеңқұбырлық кідірісті алады.	Магистральды немесе жұмыс желісін салады, оқпанмен жұмыс істейді. № 3 өрт сөндірушімен жылжымалы 3 иінді баспалдағын тасымалдайды және орнатады, электр сымдарын кесуге арналған құрал-саймандармен жұмыс істейді, адамдарды құтқару, конструкцияларды ашу және бөлшектеу жұмыстарын орындайды.
№ 3 өрт сөндіруші-құтқарушы	Барлық баспалдақтарды, қол механикаландырылмаған құрал-сайманды (багралар, сүймендер, балталар, аралар, күректер, шанышқылар, ілмек, шелек, "Бұзақы" сүймені, шелек, қайла, балға), жол шпагатын, қауіпсіздік бекетінің чемоданын (ілінісу-арқанын, ГТКҚ буындарының жұмысын есепке алу журналы, фонарь, сағат, сигнализаторлар және т. б.) қабылдайды, құтқару қалпақшасы, ТОЖКҚ.	Ол жауынгерлік киім мен –құрал-жабдықты киіп, сол жақта екінші болып автомобильге отырады және оқпанды алады.	Магистральдық желіні салуға көмектеседі, № 2 өрт сөндірушімен тармақталуды орнатады, 3 иінді баспалдағын тасымалдайды және орнатады, қауіпсіздік бекетінде қалады, қарапайым құралдармен жұмыс істейді, конструкцияларды бөлшектейді, адамдарды эвакуациялайды, жұмыс орнын жарықтандырады, оқпанмен жұмыс істейді,
№ 4 өрт сөндіруші-құтқарушы	Сорғыш және қысымды-сорғыш жеңқұбырларын, сорғыш торын, су жинағышты, өрт гидранттардан (бұдан әрі - ӨГ) жұмыс істеу үшін ұзындығы 4,5 м d-77 мм қысымды жеңқұбырларын, өтпелі бастиектерді, өрт бағанасын, гидроэлеваторды, тармақталуды, гидранттарды ашуға арналған кілтін, ӨГ	Жауынгерлік киім мен құрал-жабдықты киіп оң жақтағы екінші болып автомобильге отырады және жеңқұбыр кідірісін алады.	Жүргізушімен бірге көлікті су көзіне орнатады, магистральдық желі салады, тармақталуда жұмыс істейді, адамдарды құтқарады, конструкцияларды ашу және бөлшектеу бойынша жұмыстарды орындайды,

	құдығының қақпағын ашуға арналған ілгекті, сорғыш жеңқұбырлары мен қысымды қосуға арналған кілттерді, жеңқұбырлық көпірлерді қабылдайды, ТОЖКҚ.		жеңқұбырлық көпірлер орнатады, эжектор (гидроэлеватор) орнатады.
ПА жүргізуші-қызметкері (ПА аға жүргізуші-қызметкері, ПА жүргізу жөніндегі аға нұсқаушы)	Автомобильді (қозғалтқыш, қоректендіру, майлау, салқындату, ілінісу, электр жабдықтары, басқару механизмдері, қуат беру және жүріс бөлігі, шанақ, жақтау және өрік, өрт сорғысы жүйесі), жүргізуші құрал-сайманын, медициналық дәрі қобдишасын, автомобиль радиостанциясын, сүйреу кәбілін, дәнекерлеу шамын, аунауға қарсы тіректерді, авариялық тоқтату белгісін, жарықтандыру диңгектерін, қызмет көрсетуге арналған құрал-саймандар жиынтығы, жүргізушінің шағылыстыратын кеудешесі, бейнетіркегіш (экшн-камера), жанар-жағармай материалдары (бұдан әрі – ЖЖМ), су мен көбіктендіргіштің бар-жоғын, өрт сөндіргішті қабылдайды.	Автомобильге отырады, қозғалтқышты іске қосады, артқы көру айналары арқылы шығу кезінде кедергілердің жоқтығына көз жеткізеді, бейнетіркегішті (экшн-камера) қосады, бөлім командирінің (қарауыл бастығының, аға инженердің) нұсқауы бойынша гараждан шығады.	№ 4 өрт сөндірушімен автомобильді су көзіне орнатады, қозғалтқыштың жұмысын сорғыға ауыстырады, сорғыда жұмыс істейді, жеңқұбырға су (көбік түзгіш) үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етеді, өртте техникалық қызмет көрсетеді.

Өрт мотоцикліндегі өрт сөндіру есептобының негізгі міндеттерінің шамамен тәбілі

Өрт сөндіру есептобының құрамы	Кезекшілікке түскен кезде қабылданатын өрт-техникалық жарақ	Бастапқы дабыл әрекеттері	Жұмыс кезінде есептоптың негізгі міндеттері
			Өзімен бірге "Бұзақы" сүйменін, шамды, радиостанцияны және құтқару қалпағын алады. Аға лауазымды адамдар шақырту (өрт) орнына келгенге дейін адамдарды құтқару және

<p>№1 өрт сөндіруші-мотоциклист</p>	<p>Байланыс және сигнализация құралдарын, өрт сөндірудің аспалы қондырғыларын, гидравликалық авариялық-құтқару құралдарын, өрт сөндіргіштерді, алғашқы медициналық көмек дәрі қобдишасын, құтқару арқанын, балтаны, электр сымдарын кесуге арналған қайшыларды, "Бұзақы" сүймендерін, шамды, құтқару қалпағын, сигнал-дауыс зорайтқыш құрылғы (</p>	<p>Арнайы киім мен құрал-жабдықты киеді, шығу үшін жолдама алады, Өрт мотоцикліне отырады, қозғалтқышты іске қосады, бейнетіркегішті (экшн-камераны) қосады, №2 өрт мотоциклистің дайындығы бойынша гараждан шығады.</p>	<p>эвакуациялау, өртті сөндіру және мүлікті эвакуациялау, жол көлік оқиғасында зардап шеккендерді блоктан шығару жөніндегі жұмысты басқарады және орындайды, барлау жүргізеді және жағдайды бағалайды, күштер мен құралдардың шешуші бағыты мен қажетті санын айқындайды, ақпаратты күштер мен құралдарды жедел басқару орталығына немесе байланыс пунктіне береді. Есіктерді ашу және конструкцияларды бөлшектеу жұмыстарын жүргізеді.</p>
<p>№2 өрт сөндіруші-мотоциклист</p>	<p>бұдан әрі – СДЗК), GPS-навигацияны, өрт мотоциклін және оған техникалық қызмет көрсету құрал-саймандарын қабылдайды.</p>	<p>Арнайы киім мен құрал-жабдықты киеді, гараж есігін ашады, өрт мотоцикліне отырады, қозғалтқышты іске қосады, бейнетіркегіш (экшн-камера) қосады, дайындық туралы хабарлайды және №1 өрт мотоциклистің соңынан ереді.</p>	<p>Өзімен бірге құтқару арқанын, радиостанцияны, құтқару қалпағын, гидравликалық авариялық-құтқару құрал-сайманын алады. №1 өрт сөндіруші-құтқарушы мотоциклистпен бірге барлау жүргізеді, адамдарды құтқару, өрт сөндіру рюкзактарымен өрттерді сөндіру, есіктерді ашу және конструкцияларды бөлшектеу, жол көлік оқиғасында зардап шеккендерді блоктан шығару бойынша жұмыстарды орындайды және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетеді.</p>

ескертпе: Мотоцикл экипажының кезекшілігіне түсу тәртібі "Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесі бастығының бұйрығымен айқындалады. Кезекшілікке түсу екі экипаждың есептобымен жүзеге асырылады, бұл ретте мотоцикл экипажы кезекшілік кезеңінде қала көшелеріне берілген маршрут бойынша патрульдеу жүргізеді және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысады.

Өртті сөндіруді ұйымдастыру
қағидаларына 2-қосымша

№ _____ өрт сөндіру бөлімінің (мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің) кезекші қарауылының _____ өртке шығу Жолдамасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Шақыру объектісінің мекенжайы _____
2. Объектінің атауы _____
3. Объектінің орналасқан орны туралы өзге де мәліметтер (қажет болған жағдайда толтырылады) _____
4. Не жанды және қайда жанды (немесе төтенше жағдай туралы өзге мәліметтер) _____
5. Төтенше жағдай қай қабатта (немесе жертөледе) _____
6. Ғимарат қанша қабатты (немесе биіктігі) _____
7. Адамдарға қатердің болуы _____
8. Хабарлаған адамның тегі, телефон № және мекенжайы _____
9. ТЖ туралы хабарламаны қабылдау уақыты _____ сағ. _____ мин.
10. Өрт сөндіру бөліміне (мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне) келу уақыты _____ сағ. _____ мин.

_____ кезекші диспетчердің (радиотелефонистің) қолы, аты-жөні

20__ ж. " ____ " _____

Ескертпе: Не жанып жатқаны туралы мағлұматтың және мәлімдеуші туралы мәліметтің

болмауы қарауылдың өртке шығуын тоқтатпайды.

Жолдама бөлімшенің барлық аумақтан тыс шығуларына жазылады.

Өртті сөндіруді ұйымдастыру
қағидаларына 3-қосымша

1-тарау. Берілетін өрт сөндіргіш заттардың кестелері, физика-химиялық қасиеттері 1-бөлім. Заттар мен материалдарды сөндіру үшін қолданылатын өрт-сөндіргіш құралдары 1-кесте

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 13.03.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Салқындатқыш өрт сөндіргіштер	су, суландырғышы бар су ерітіндісі, қатты көмірқышқыл
---	-------------------------------	---

		газы (қар тәрізді көмірқышқыл газы), тұздардың сулы ерітінділері
2	Оқшаулаудың өрт сөндіру құралдары	- өрт-сөндіргіш көбіктер: химиялық, ауа-механикалық; өрт сөндіргіш ұнтақ құрамдары (ӨСҰ); - ПС, ПСБ-3, СИ-2, П-1А; - жанбайтын сусымалы заттар: құм, жер, кождар, ағындар, графит; - парақ материалдары, жамылғылар, қалқандар
3	Сұйылтатын өрт сөндіргіштер	инертті газдар: көмірқышқыл газы, азот, аргон, түтін газдары, су буы, жұқа бүріккіш су, газ-су қоспалары, ЖЗ жарылыс өнімдері, көмірсутектердің ыдырауынан пайда болатын ұшпа ингибиторлар
4	Өрт-сөндіргіш құралдары, химиялық тежеу реакциясы жану	галоид-көмірсутектер, бромды этил, хладондар 114В2 (тетрафтордидибромэтан) және 13в1 (трифторбромэтан); галоид-көмірсутектер негізіндегі құрамдар 3,5; 4НД; 7; БМ, БФ-1, БФ-2; су-брометил ерітінділері (эмульсиялар); өрт сөндіретін ұнтақты құрамдар

2-бөлім. Сөндіру кезінде су мен оның негізінде басқа да өрт сөндіргіш құралдарын қолдану қауіпті заттар мен материалдар

2-кесте

Р/с №	Зат, материал	Қауіптілік дәрежесі
1.	Қорғасын азиді	ылғалдылық 30%-ға дейін артқан кезде жарылады
2.	Алюминий, магний, мырыш, мырыш шаңы	жану кезінде бүлініп кететін суды оттегі мен сутегі
3.	Битум	су беру, тасталуына жинақы ағыс және күшейту, жануға әкеледі
4.	Сілтілі және сілтілі жер металдарының гидридтері	олар сутектің бөлінуімен сумен әрекеттеседі, жарылыс болуы мүмкін
5.	Натрий гидросульфиті	су ағынының әсерінен өздігінен жанады
6.	Шартылдауық сынап	су ағынының соққысынан жарылады
7.	Кремнийлі темір (ферросилиций)	ауада өздігінен тұтанатын фосфорлы сутегі бөлінеді

8.	Кальций және натрий (фосфорлы)	олар сумен әрекеттесіп, ауада өздігінен тұтанатын фосфорлы сутекті шығарады
9.	Калий, кальций, натрий, рубидий, металл цезий	сутектің бөлінуімен сумен әрекеттеседі, жарылыс болуы мүмкін
10.	Калий және натрий (пероксид)	су кірген кезде жанудың жоғарылауымен жарылғыш шығарындылар болуы мүмкін.
11.	Алюминий, барий және кальций карбидтері	жанғыш газдардың бөлінуімен ыдырайды, жарылыс болуы мүмкін
12.	Сілтілік металл карбидтері	сумен байланыста болған кезде олар жарылып кетеді
13.	Магний және оның қорытпалары	жану кезінде су сутегі мен оттегіге ыдырайды
14.	Натрий күкірт және гидросерқышқыл	ол қатты қызады (4000С-тан жоғары), жанғыш заттардың өртенуіне, сондай-ақ теріге тиген кезде күйікке әкелуі мүмкін, жазылуы қиын жаралармен бірге жүреді
15.	Сөндірілмеген әк	сумен әрекеттесіп көп жылу шығарады
16.	Нитроглицерин	су ағынының әсерінен жарылады
17.	Селитра	беру ағыс судың еру әкеледі қуатты взрывообразному тасталуына күшейту жану
18.	Күкірт ангидридi	су тиген кезде жарылғыш шығарындылар болуы мүмкін
19.	Сесквилхлорид	жарылыс жасау үшін сумен әрекеттеседі
20.	Силаны	олар сумен әрекеттесіп, ауада өздігінен тұтанатын сутегі кремнийін шығарады
21.	Термит, титан және оның қорытпалары, тетрахлоридті титан , электрон	олар сумен әрекеттесіп, көп мөлшерде жылу шығарады, суды оттегі мен сутекке ыдыратады
22.	Триэтилалюминий және хлорсульфон қышқылы	жарылыс жасау үшін сумен әрекеттесіңіз
23.	Натрий цианидi	жанғыш емес, өртті сөндіру кезінде гидроциан қышқылы (цианид сутегі) бөлінуі мүмкін. Сөндіру кезінде ұнтақты өрт сөндіру құралдарын қолдану.

3-бөлім. Түрлі заттар мен материалдардың өрттерін сөндіру кезінде қолдануға рұқсат етілетін өрт-сөндіргіш құралдары

Р/с №	Жанғыш зат және материал	Қолдануға рұқсат етілген өрт-сөндіргіш құралдары
1.	Азот қышқылы	Су, әк, ингибиторлар
2.	Калий азот қышқылы және натрий	Су, ӨСҰ ингибиторлары, инертті газдар
3.	Алюминий ұнтағы (ұнтақ)	Ингибиторлар, құрғақ құм, асбест
4.	Аммиак	Су буы
5.	Амилацетат	Көбік, ӨСҰ, инертті газдар, ингибиторлар, құм
6.	Аммоний азот қышқылы және марганец қышқылы	Су, ингибиторлар
7.	Анилин	Көбік, ӨСҰ, ингибиторлар, инертті газдар, құм
8.	Асфальт	Кез келген агрегаттық күйдегі су, көбік
9.	Ацетилен	Су буы
10.	Ацетон	Химиялық көбік, ПО-1С негізіндегі ауа механикалық көбік, ингибиторлар, инертті газдар, су буы
11.	Аммонит	Су, сулағыштардың сулы ерітінділері
12.	Бензол	Көбік, ингибиторлар, инертті газдар
13.	Бром	Каустикалық сілтілік ерітінділер
14.	Бром ацетилен	Инертті газдар
15.	Қағаз	Кез келген өрт сөндіргіштер жарамды
16.	Оқ-дәрілер, қатарлардағы жарылғыш заттар	Жұқа шашыратылған су
17.	Вазелин	Көбік, ӨСҰ, бүріккіш су, құм
18.	Талшық (вискоза және лавсан)	Су, сулағыштардың сулы ерітінділері, көбік
19.	Сутегі	Су буы, инертті газдар
20.	Сутегі пероксиді	Су
21.	Гудрон	Кез келген агрегаттық күйдегі су, көбік, ОПС
22.	Гексаметилентетрамин	Су, сулағыштардың сулы ерітінділері
23.	Граммонит	Су, сулағыштардың сулы ерітінділері
24.	Ағаш	Кез келген өрт сөндіргіштер жарамды
25.	Калий металлический	ӨСҰ, ингибиторлар, құрғақ құм

26.	Кальций	ӨСҰ, ингибиторлар, құрғақ құм, сода күлі
27.	Камфара	Су, ӨСҰ, құм
28.	Кальций карбиді	ӨСҰ, құрғақ құм, ингибиторлар
29.	Резеңке	Су, сулағыштардың сулы ерітінділері
30.	Резеңке желім	Бүріккіш су, көбік, ӨСҰ, инертті газдар, ингибиторлар
31.	Коллодий	Көбік, ӨСҰ, құм
32.	Магний	ӨСҰ, құрғақ графит, сода күлі
33.	Метан	Су буы, инертті газдар
34.	Аммиак, кальций, натрий нитраты	Су, ӨСҰ
35.	Металл натрий	ӨСҰ, ингибиторлар, құрғақ құм, кальцийленген су
36.	Нафталин	Бүріккіш су, көбік, ӨСҰ, инертті газдар
37.	Мұнай және мұнай өнімдері: бензин, керосин, мазуттар, майлар, дизель отыны және басқалар, кептіру майы, өсімдік майлары	Көбік, ӨСҰ, жұқа бүріккіш су
38.	Парафин	Кез келген агрегаттық күйдегі су, ӨСҰ, көбік, құм, инертті газдар
39.	Пластмасса	Судың мол мөлшері, ӨСҰ
40.	Резеңке және резеңке техникалық бұйымдар	Су, суландырғыштардың сулы ерітінділері, ӨСҰ, көбік
41.	Күйе	Бүріккіш су, сулағыштардың сулы ерітінділері, көбік
42.	Шөп, сабан	Кез келген агрегаттық күйдегі су, сулағыштардың сулы ерітінділері, көбік
43.	Күкірт	Су, көбік, ӨСҰ, дымқыл құм
44.	Күкіртсутек	Су буы, инертті газдар, ингибиторлар
45.	Күкіртті көміртек	Кез келген агрегаттық күйдегі су, көбік, су буы, ӨСҰ
46.	Скипидар	Көбік, ӨСҰ, жұқа бүріккіш су
47.	Этил спирті	Алкогольді 70%-ға дейін алдын ала сұйылтумен ПО-1С негізіндегі химиялық көбік, орташа еселік ауа-механикалық көбік, спиртті 50% - ға дейін алдын ала сұйылтумен басқа көбік түзгіштер негізінде орташа еселік ауа-механикалық көбік, ӨСҰ, ингибиторлар, спиртті 28% жанбайтын концентрацияға дейін сұйылтумен қарапайым су

48.	Табак	Кез келген агрегаттық күйдегі су
49.	Термит	Су, ӨСҰ, құм
50.	Толь	Кез келген өрт сөндіргіштер жарамды
51.	Тротил	Су, сулағыштардың сулы ерітінділері
52.	Тас көмір	Кез келген агрегаттық күйдегі су, сулы ерітінділер, сулағыштар, көбіктер
53.	Ұнтақ көмір	Бүріккіш су, сулағыштардың сулы ерітінділері, көбік
54.	Сірке қышқылы	Бүріккіш су, ӨСҰ, көбік, инертті газдар
55.	Фосфор қызыл және сары, формальдегид	Су, ӨСҰ, дымқыл құм, көбік, инертті газ, ингибиторлар
56.	Фтор	Инертті газдар
57.	Хлор	Су буы, инертті газдар
58.	Целлулоид	Судың мол мөлшері, ӨСҰ
59.	Целлофан	Су
60.	Мырыш шаңы	ӨСҰ, құм, ингибиторлар, жанбайтын газдар
61.	Мақта	Су, сулағыштардың сулы ерітінділері, көбік
62.	Электрон	ОПС, құрғақ құм
63.	Этилен	Инертті газдар, ингибиторлар
64.	Этил эфирі	Көбік, ӨСҰ, ингибиторлар
Ядохимикаты:		
65.	Гексохлоран 16%-ті	Жұқа шашыратылған су
66.	ДНОК 40%-ті	Судың көп мөлшері, препараттың кебуіне жол берілмейді
67.	Дихлорэтан (техникалық)	Жұқа шашыратылған су, көбік
68.	Карбофос 30%-ті	Жұқа бүріккіш су, ылғалдандырғыштардың сулы ерітінділері, көбік
69.	Метафос 30%-ті	Су, көбік
70.	Метилмеркаптофос 30%-ті	Бүріккіш су, көбік
71.	Севин 85%-ті	Көбік
72.	Фозалон 35%-ті	ӨСҰ, көбік, инертті газдар
73.	Хлорпикрин	Көбік, сулағыштардың сулы ерітінділері
74.	Техникалық хлорофос 80% - ті	Су, көбік
75.	ТМТД 80%- ті	Бүріккіш су, көбік
76.	Цинеб 80%- ті	Көбік, ӨСҰ
77.	Бутифос 70%- ті	Бүріккіш су

78.	2,4 – Д бутил эфирі 34 – 72%- ті	Жұқа шашыратылған су, көбік, инертті газдар
79.	Дихлормочевина 50%- ті	Су
80.	Линурон 50%- ті	Көбік
81.	Суркопур 36%- ті	ӨСҰ, бүріккіш су, көбік
82.	Симазин 50%- ті	Бүріккіш су
83.	Кальций цианамиді	ӨСҰ, құм, инертті газдар

2-тарау. Жанудың таралу жылдамдығы 1-бөлім. Жанудың таралу жылдамдығы (ғимараттар)

4-кесте

1.	Әкімшілік ғимараттар	1,0-1,5
2.	Кітапханалар, кітап қоймалары, мұрағат қоймалары	0,5-1,0
3.	Ағаш өңдеу кәсіпорындары:	
4.	Ағаш кесетін цехтар (отқа төзімділігі I, II, III дәрежелі ғимараттар)	1,0-3,0
5.	дәл сол, IV және V дәрежелі отқа төзімді ғимараттар	2,0-5,0
6.	Кептіргіштер	2,0-2,5
7.	Сатып алу цехтары	1,0-1,5
8.	Фанера өндірісі	0,8-1,5
9.	Басқа цехтардың үй-жайлары	0,8-1,5
10.	Тұрғын үйлер	0,5-0,8
11.	Дәліздер мен галереялар	4,0-5,0
12.	Кәбілдік құрылыстар (кәбілдерді жағу)	0,8-1,1
13.	Мұражайлар мен көрмелер	1,0-1,5
14.	Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындары :	
15.	Тоқыма өндірісінің үй-жайлары	0,5-1,0
16.	конструкцияларда шаң қабаты болған кезде де солай болады	1,0-2,0
17.	Босатылған күйдегі талшықты материалдар	7,0-8,0
18.	Үлкен алаңдағы цехтардың жанғыш жабындары	1,7-3,2
19.	Шатырлар мен шатырлардың жанғыш конструкциялары	1,5-2,0
20.	Былғары зауыттарының кептіру бөлімдері	1,5-2,2
21.	қоймалар:	
22.	Шымтезек үйінділерінде	0,8-1,0
23.	Зығыр талшықтары	3,0-5,6

24.	Тоқыма бұйымдары	0,3-0,4
25.	Орамдағы қағаздар	0,2-0,3
26.	Ғимараттардағы резеңке-техникалық бұйымдар	0,4-1,0
27.	Резеңке техникалық бұйымдар (ашық алаңдағы қатарлар)	1,0-1,2
28.	резеңке	0,6-1,0
29.	Ағаш кесу:	
30.	Қатарлардағы дөңгелек орман	0,4-1,0
31.	Ылғалдылық кезіндегі қатарлардағы ағаш (тақталар) ,%:	
32.	16 дейін	4,0
33.	16-18	2,3
34.	18-20	1,6
35.	20-30	1,2
36.	30-дан астам	1,0
37.	Ылғалдылық кезіндегі баланстық ағаш үйіндісі, %:	
38.	40 дейін	0,6-1,0
39.	40-дан астам	0,15-0,2
40.	Ауылдық елді мекендер:	
41.	V дәрежелі ғимараттардың отқа төзімділігі, құрғақ ауа-райы және қатты желдің тығыз құрылысы бар тұрғын үй аймағы	20-25
42.	Ғимараттардың шатырлары	2,0-4,0
43.	Мал шаруашылығы үй-жайларындағы коқыс	1,5-4,0
44.	Театрлар мен мәдениет сарайлары (көріністер)	1,0-3,0
45.	Баспаханалар	0,5-0,8
46.	Сауда кәсіпорындары, тауарлық құндылықтар қоймалары мен базалары	0,5-1,2
47.	Тоңазытқыштар	0,5-0,7
48.	Мектептер, емдеу мекемелері:	
49.	I және II дәрежелі отқа төзімді ғимараттар	0,6-1,0
50.	III және IV	2,0-3,0

2-бөлім. Жанудың таралу жылдамдығы (орман алқаптары)

5-кесте

Р/с №	Орман алқаптары (желдің жылдамдығы 7-10 м/с және ылғалдылығы 40%)

1.	рада-сфагнум қарағайы	1,4 дейін
2.	долгомошник және зеленомошник шыршалары	>4,2
3.	жасыл қарағай (жидек)	>14,2
4.	қарағай-бор-белмошник	>18,0
5.	Жоғары өрттер мен желдің жылдамдығы кезіндегі өсімдіктер, орман коқысы, өскіндер, сүректіңдер, м/с:	
6.	8...9	>42
7.	10...12	>83
8.	Сол сияқты, желдің жылдамдығы кезінде қапталдағы және артқы жағындағы жиек бойынша, м/с:	
9.	8...9	4-7
10.	10...12	8-14
11.	Желдің жылдамдығы кезінде фрезерлік шымтезек (олжа алқаптарында), м/с:	
12.	10...14	8,0-10
13.	18...20	18-20

3-бөлім. Көліктің жануының таралу жылдамдығы

6-кесте

1.	Көлік объектілері:	
2.	гараждар, трамвай және троллейбус деполары	0,5-1,0
3.	ангарларды жөндеу залдары	1,0-1,5
4.	Теңіз және өзен кемелері	
5.	ішкі өрт кезінде жанатын қондырма	1,2-2,7
6.	сыртқы өртте де солай	2,0-6,0
7.	синтетикалық әрлеу және ашық саңылаулар болған кезде ішкі өрттер	1,0-2,0

3-тарау. Қарқындылығы (су) 1-бөлім. Өртті сөндіру кезінде су беру қарқындылығы, л/(м2с)

7-кесте

Р/с №	Ғимараттар мен құрылыстар	
1.	Әкімшілік ғимараттар:	
2.	I және III дәрежелі отқа төзімділік	0,06
3.	IV	0,10
4.	V	0,15
5.	Жертөле үй-жайлары	0,10
6.	Шатыр үй-жайлары	0,10
7.	Ангарлар, гараждар, шеберханалар, трамвай және троллейбус деполары	0,20

8.	Ауруханалар	0,10
9.	Тұрғын үйлер мен қосалқы ғимараттар:	
10.	I және III дәрежелі отқа төзімділік	0,06
11.	IV	0,10
12.	V	0,15
13.	Жертөле үй-жайлары	0,15
14.	Шатыр үй-жайлары	0,15
15.	Мал шаруашылығы ғимараттары:	
16.	I және III дәрежелі отқа төзімділік	0,10
17.	IV	0,15
18.	V	0,20
19.	Мәдени-ойын-сауық мекемелері (театрлар, кинотеатрлар, клубтар, мәдениет сарайлары):	
20.	Сахна	0,20
21.	Көрермендер залы	0,15
22.	Қосалқы үй-жайлар	0,15
23.	Диірмендер мен элеваторлар	0,14
24.	Өндірістік ғимараттар:	
25.	Ғимараттарда өндіріс санаты бар учаскелер мен цехтар:	
26.	I және III дәрежелі отқа төзімділік	0,15
27.	III	0,20
28.	IV-V	0,25
29.	Бояу цехтары	0,20
30.	Жертөле үй-жайлары	0,30
31.	Шатыр үй-жайлары	0,15
32.	Өндірістік ғимараттардағы үлкен аумақтардың жанғыш жабындары:	
33.	Ғимарат ішінде төменнен сөндіру кезінде	0,15
34.	Жабынның сыртынан	0,08
35.	Өрттің өршуі кезінде	0,15
36.	Салынып жатқан ғимараттар	0,10
37.	Сауда кәсіпорындары және тауарлық-материалдық құндылықтар қоймалары	0,20
38.	Тоназытқыштар	0,10
39.	Электр станциялары мен қосалқы станциялар:	
40.	Кәбілдік туннельдер мен жартылай қабаттар (бүріккіш сумен жабықтау)	0,20
41.	Машина залдары мен қазандық бөлімшелері	0,20
42.	Жанармай беру галереялары	0,10

43.	Трансформаторлар, реакторлар, май ажыратқыштары (бүріккіш сумен жабдықтау)	0,10
-----	--	------

8-кесте

Р/с №	Көлік құралдары	
1.	Ашық автотұрақтардағы автомобильдер, трамвайлар, троллейбустар	0,10
2.	Ұшақтар мен тікұшақтар:	
3.	Ішкі әрлеу (бүріккіш сумен қамтамасыз ету кезінде)	0,08
4.	Магний қорытпалары бар конструкциялар	0,25
5.	Корпус	0,15
6.	Кемелер (күрғақ жүк және жолаушылар):	
7.	Қатты және бүріккіш ағындарды беру кезінде қондырмалар (ішкі және сыртқы өрттер)	0,20
